



«I ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕСЕНОВ ОҚУЛАРЫ»
атты «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы
аясындағы студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми-тәжірибелік
конференциясының материалдары

18-19 қазан, 2018

Том I



«I МЕЖДУНАРОДНЫЕ ЕСЕНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»
материалы студенческой научно-практической конференции
проводимой в рамках Программы модернизации общественного
сознания «Ориентация на будущее: Рухани жаңғыру»

18-19 октября, 2018

Том I



«I INTERNATIONAL YESSENOV READINGS»
materials of the student scientific and practical conference
conducted with in the framework of the Program for Modernization of
Public Consciousness «Orientation for the future: Spiritual revival»

October 18-19, 2018

Tom I



Ақтай

«I ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕСЕНОВ ОҚУЛАРЫ»

атты «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы
студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми-тәжірибелік конференциясының
материалдары
18-19 қазан, 2018
Том I

«I МЕЖДУНАРОДНЫЕ ЕСЕНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ»

материалы студенческой научно-практической конференции проводимой в
рамках Программы модернизации общественного сознания «Ориентация на
будущее: Рухани жаңғыру»
18-19 октября, 2018
Том I

«I INTERNATIONAL YESSENOV READINGS»

materials of the student scientific and practical conference conducted with in the
framework of the Program for Modernization of Public Consciousness
«Orientation for the future: Spiritual revival»
October 18-19, 2018
Tom I

Ақтау

УДК 378
ББК 74.58
Е79

Под общей редакцией ректора Yessenov University
Б.Б.Ахметова

Редакционная коллегия:
Е.Т. Нурмағанбет, Е.И. Иманбаев, А.М. Джанисенова

Е79 «I Халықаралық Есенов оқулары»: студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары=**«I Международные Есеновские чтения»:** материалы студенческой научно-практической конференции=**«I International Yessenov readings»:** materials of the student scientific and practical conference-Ақтай: КГУТИ им. Ш. Есенова, 2018, том I -263 с. – Казахский, русский, английский.

ISBN 978-601-308-080-2

«I Халықаралық Есенов оқулары» студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы ғылыми зерттеулерді, ғылым мен білім берудегі ақпараттық технологияларды дамыту мен қолданудың практикалық нәтижелерін қарастырады, сондай-ақ жоғары сапалы экономикалық өсімді қамтамасыз ету, отын-энергетикалық кешен мен мұнай-газ геологиялық ғылымды дамытуға бағытталған өзекті мәселелер, Каспий аймағының экологиялық проблемаларын, жасыл технологияларды, инновацияларды және қолжетімді энергия көздері мәселелері қарастырылады. Экономикалық және құқықтық жүйелерді басқарудағы өзекті мәселелерін және оның проблемаларын шешуге, сондай-ақ студенттер мен профессор-оқытушылар құрамының кәсіпкерлік белсенділігін дамыту сұрақтары қарастырылады.

В сборнике материалов студенческой научно-практической конференции **«I Международные Есеновские чтения»** рассматриваются научные исследования, практические результаты развития и использования информационных технологий в науке и образовании, обсуждаются вопросы по дальнейшей реализации национальной программы «Рухани жаңғыру», а так же вопросы по актуальным проблемам, направленным на обеспечение качественного экономического роста, развития топливно-энергетического комплекса и нефтегазовой геологической науки, рассматриваются решения экологических проблем Каспийского региона, зеленые технологии, инновации и доступная энергия, развитие способностей обучающихся в решении актуальных задач и проблем управления экономическими и правовыми системами, а так же развитие предпринимательской активности студентов и профессорско-преподавательского состава.

УДК 378
ББК 74.58

© Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга имени Ш. Есенова, 2018

ISBN 978-601-308-080-2

**АРМЫСЫЗДАР, ҚҰРМЕТТІ ҚОНАҚТАР, СТУДЕНТ ЖАСТАР, ҰСТАЗДАР
ҚАУЫМЫ!**

Бүгінде Қазақстан мемлекеттік және ұлттық дамудың жаңа сапалық деңгейіне көтеріліп келеді. Бұл орайда барлық мүмкіндіктер іске қосылуда. Осы арқылы әр қазақстандықтың жеке дамуына да алғышарттар қаланған. Қазір елімізде қолға алынған істер аса ауқымды.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың: «Қазір ғылым мен инновацияның күні туған заман. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген адам озады» деп үнемі бағыт сілтеп отыруы студенттер мен оқытушылардан ғылыми ізденіс пен кәсіби шеберлікті, біліктілікті талап еткені. Еліміздің бұдан былайғы дамуы тек қана ғылымның деңгейімен өлшенетінін атап өткен Елбасы ғылымға басты назар аударуға тиіс екенімізді айтып келеді. Бұл үшін білім жүйесінде білім беру мен оқытудың, ғылымды игерудің халықаралық талаптарын меңгертудің маңызы зор.

Осы орайда өңірдегі бірден бір білім ордасы Ш.Есенов атындағы КМТИУ де бүгінгі таңда Президенттің жолдауларында қарастырылған жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру, ғылыми бағыттағы ынтымақтастық қызметінде алыс және жақын шетел жоғары оқу орындарымен халықаралық байланыстарды ұйымдастыру және дамыту жұмыстары бойынша бірқатар жұмыстар атқаруда.

Соның бір айғағы бүгінгі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылып отырған І Халықаралық Есенов Оқуының өтілуі. І Халықаралық Есенов Оқуының мақсаты - Қазақстан қоғамының рухани-адамгершілік және интеллектуалды мәдениетін дамыту, оны елімізде және алыс-жақын шет елдерде таныту болып отыр.

Жоғары оқу орындарында халықаралық дәрежеде өтіліп келе жатқан дәстүрлі Әл-Фараби, Абай оқулары бар екендігі бәрімізге белгілі. Осындай тың, жаңашыл үрдісті Ш.Есенов университетінде жалғастыру баршамыз үшін үлкен қуаныш, құптарлық жайт. Маңғыстау өлкесіндегі білім ордасына аты беріліп отырған мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-геолог, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, ҚазКСР ҒА академигі Шахмардан Есеновтің еліміздің ғылымына қосқан үлесі өлшеусіз зор. Оның ішінде Маңғыстаудың мұнай-газ кен орындарын барлап табу ісіне тікелей басшылық жасап, Маңғышлақты Қазақстанның құрамында қалдыру туралы шешім қабылдауға өзіндік үлесін қосуы өлкеміздің даму тарихындағы орнының қаншалықты екендігін көрсетеді. І Халықаралық Есенов оқулары қатысушылар ғылым мен білім берудің интеграциясы, қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік және интеллектуалды мәдениетін өркендету, Есенов еңбектерін зерделеуге қатысты мәселелерді талқылап, ортаға салады деп есептейміз. Бүгінгі І Халықаралық Есенов оқуының тағы бір басты ерекшелігі Нобель сыйлығының иегері Доктор Раджендра Пачаури мырза құрметті қонақ ретінде қатысып отыр!

Елбасымыздың таяудағы 5 қазан 2018 жылы "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру" тақырыбындағы дәстүрлі Жолдауы жылдағыдан ерекше. Бұрынғы Жолдауларында ол елді экономикалық және саяси тұрғыдан жаңғыртуға күш салған болса, енді Қазақстан азаматтарының тұрмыс-ахуалын арттыруды көздеген әлеуметтік шаралар жасау тұрғысындағы мақсаттарды белгілеп отыр. Елбасы Жолдауында білім беру саласын дамытуға ерекше көңіл бөлу керектігі айтылған. Енді білім беру ісінде креативті, сыни ойлау, командада жұмыс істей білуге назар аударылады. Сонымен қатар, білім саласына қатысты басты жаңалық – келер жылдан бастап «Педагог мәртебесі туралы» Заң күшіне еңбек. Бұл мұғалімдерге деген қоғамдағы құрметті арттыруға, олардың құжатпен айналысып емес, тек балаларға білім берумен айналысуына мүмкіндік береді.

І Халықаралық Есенов оқулары жұмысына шығармашылық табыс, сәттілік тілеймін, алдағы уақытта да жалғасын таба берсін!

**Маңғыстау облысының әкімі
Е.Л. Тоғжанов**

ҚҰРМЕТТІ ҚОНАҚТАР, ӘРІПТЕСТЕР, СТУДЕНТТЕР!

I ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕСЕНОВ ОҚУЛАРЫНА ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!

Шахмардан Есенов, Қаныш Сәтпаев пен Евней Букетовпен қатар, ең көрнекті қазақстандық ғалымдардың бірі болып саналады. Оның ауқымды іс-шаралары және белсенді қатысуы арқасында ірі табиғи ресурстар (мұнай, газ, мыс және басқалар) – Жезқазған, Жаңаөзен, Қаражанбас, Жетібай, Қаламқас, Бозашы және басқа да кенорындар ашылып, одан әрі дамып, өндірістік кешендер құрылды. Бүгінгі күні аталған кенорындар Қазақстан экономикасының негізін құрап отыр.

Елбасының 5 қазандағы Қазақстан халқына жолдауында Ең алдымен, «Болашақтың экономикасының» баламалы энергетика, жаңа материалдар, биомедицина, үлкен деректер, заттар интернеті, жасанды интеллект, блокчейн және басқа да бағыттарын ілгерілетуді қамтамасыз ету қажет деп атап көрсеткен болатын. Яғни еліміздің жаһандық әлемдегі орны мен рөлі келешекте нақ осыларға байланысты болады.

Университет базасында жасанды интеллект технологиясын әзірлеумен айналысатын ғылыми-зерттеу институтын құру сондай жобалардың бірі бола алады деп университеттегі оқу мен ғылымға деген бағыттарды көрсеткен болатын.

Осы өткізіліп отырған I Халықаралық Есенов оқуларының мақсаты – оқытушылар мен жас ғалымдар өз дарындылығын көрсетуге, әртүрлі салаларда қосымша білімділік артып, пікірлестерді табуға және олардың әлеуметтік маңызды бастамаларына қолдау көрсетуге қабілетті интенсивті оқу үрдісін құру. Сонымен қатар конференцияда бәсекеге қабілетті ұрпақты дамыту мен бизнес пен кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мәселелер талқылады.

Аталған конференцияға Нобель сыйлығының бейбітшілік бойынша иегері – Раджендра Пачаури, шет елдерден Путра Малайзия университетінің профессоры Мохамед Бин Отман және еліміздің басқа аймақтарынан келген қонақтар қатысып отыр.

Конференция аясында Елбасының экологиялық таза және жасыл технологияны дамыту саясатын орындауға байланысты университетте елімізде алғаш рет электромобильді қуаттандыратын станция ашылып отыр.

Есенов оқулары біз жыл сайынғы ғылыми-практикалық конференция ретінде қалыптастыру ойымызда бар.

Конференция қатысушыларына алдыңғы жұмыстарыңызға сәттілік және жемісті болуын тілеймін.

**Ректор Yessenov University
Б.Б. Ахметов**

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ӨЗЕКТІ
МӘСЕЛЕЛЕРІ СТУДЕНТТЕР ІЗДЕНІСІНДЕ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК В
СТУДЕНТИЧЕСКОМ ПОИСКЕ
ACTUAL PROBLEMS OF THE HUMANITIES IN STUDENT SEARCH**

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМ
МЕН БІЛІМНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ СТУДЕНТТЕР ІЗДЕНІСІНДЕ
ПРОБЛЕМЫ НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ В ЕСТЕСТВЕННЫХ
НАУКАХ В СТУДЕНТИЧЕСКОМ ПОИСКЕ
PROBLEMS OF SCIENCE AND EDUCATION IN THE NATURAL
SCIENCES IN STUDENT SEARCH**

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ БІЛІМ МӘСЕЛЕСІ

Асылбек И., студент

Ғылыми жетекші: Ережепова Р.Г.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада Елбасының бағдарламасындағы білім мәселесінің өзектілігі мен қазақстандық білім саласындағы білім беру жүйесіндегі мақсаттары туралы айтылады. Сондай-ақ, әлемдік білім тәжірибелерінің үлгілерін мысалға ала отырып, өркениетті елдердің озық тәжірибелерін қазақстандық білім саласына ендіруді ұсынады және Елбасы Жолдауымен сабақтастырады.

Түйінді сөздер: білім, жолдау, білім беру жүйесі, жастар, білім берудің үздіксіз жүйесі

Білім - барлық уақытта жоғары құндылықтардың бірі болған. Тек білімді, сауатты адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады. Рухани жаңғыру бағдарламасындағы маңызды бағыттардың бірі - білімнің салтанат құруы. Елбасымыз барлық Жолдауларында білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарды көздейді[1]. Осыны ескере отырып Елбасы Н. Назарбаев өз Жолдауында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарда көздеп отыр. Олар: инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамыту, оқыту әдістемелерін жаңғырту, елімізге қажетті технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқыту. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ.

Бүгінгі таңда мемлекет болып қалыптасудағы ең басты жүйе – білім беру жүйесі. Себебі, болашақ өскелең ұрпақтың қолында. Білім беру әріп танып, жазумен ғана шектелмейді. Жастарға қажеті – сапалы білім. Ақпараттармен толық танысу үшін, технологияларды дұрыс меңгеру үшін, әлемдік рейтингте жоғары көрсеткішке жету үшін де тұрақты білім беру жүйесін орнатуымыз қажет. Сол себепті де қазір жаңа технологияларды меңгеру үшін ең басты құрал – сапалы білім. Білім алуда жақсы деңгей көрсететін оқушы сабаққа белсенді қатысып, жақсы баға алады, білім қорытындысында өз мүмкіндіктерін көрсете алмайды. Алған білімдері шешімдер мен іс-әрекет таңдауда тұлғаның дамыту қажеттеліктеріне сәйкес келмей жататын кездер жиі кездеседі.

Білім саласындағы зерттеушілер әлем бойынша Сингапурдың оқу жүйесі жоғары деп бағалады. Біріншіден, PIRLS зерттеулеріне сүйенсек, сауаттылығы жағынан әлемде алдыңғы қатардың бірінде, екіншіден, сингапурлық оқушылар 1995 жылдан бастап математика және жаратылыстану ғылымдарынан халықаралық (TIMSS) тестілеуден әлемде жоғарғы нәтиже көрсетіп келеді, үшіншіден, 2008 жылдан бастап консалтинг компаниясы Сингапур білім жүйесін әлемде ең тиімді деп атады (әсіресе педагог мұғалімдерді дайындау саласы), төртіншіден, 2007 жылы IMD зерттеулер нәтижесі бойынша жүйесі кең ауқымды экономикалық талаптарға сай бейімделген. Сингапурдың ішкі нарығы көлемі жағынан шағын болған соң толық импорттау стратегиясы мүмкіндігін пайдалана алмады, су, азық-түлік және барлық ресурстарымен қамтамасыз ету үшін Малайзиямен тығыз байланыста болды. Бұл бетбұрыс Сингапурда өмір сүретін көп ұлтты білім жүйесіне оң әсерін берді. Негізгі өндіріс саласы кеме жасау және жөндеумен айналысқан бұл елдің 45 жыл бұрын ұлт нышанын көрсететін не білім жүйесі, не әскері, не флоты, тіпті елін дамытуға ресурстары да болмаған. Мемлекет тек өзінің әлемдік белсенді сауда жолдарының қиылысында сәтті орналасуын және адами капиталды ресурстарын ғана арқау қыла алды. Тәуелсіздік алған соң мемлекеттің даму жолдарын іздестіріп, жан-жақты анықтай бастады. Барлық пәндерді бір тілде жүргізу таңдалды, ол – ағылшын тілі. Сингапурдың барлық азаматын ағылшын тілінде сөйлеуге әзірлеу, дайындау жүйесі

халықаралық өндіріс, сауда және білім саясатын жүргізуге бағытталса, ал қытай тілі Азиялық бизнеске тиімді. Бүгінгі уақытта Сингапурда он жылдық білім жүйесі, алты жастан бастап сан қырлы, түрлі оқу бағдарламалар аясында білім алады. Соңғы кезде біздің елімізде де көп тілділікке терең көңіл бөлініп отыр. Ағылшын тілін жаппай меңгеруге біртіндеп көшуде. Көптеген мектептерде тіл игеру бірінші сыныптан енгізіліп, кей мектептер жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту жолдарын қарастыруда. Білім беру жүйесінің сапасына қатысты әлем елдерінде бірқатар тәуелсіз зерттеулер жүргізген орталықтар шындығында да Финляндияның білім-ғылым саласын жоғары бағалаған. Атап айтқанда, PISA-ның (Programme for International Student Assessment-Оқушылардың білім жетістігін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама) 2009 жылғы зерттеулеріне сәйкес, Финляндия мен Қытай бұл салада әлем елдерінің ішінде көшбасшы мемлекеттер ретінде танылып отыр. Халқының саны шамамен 5 млн. адамды ғана құрайтын Фин елінің білім беру үлгісіндегі басты ерекшелік - білім берудің үздіксіз жүйесін қолдануында болса керек. Финляндияда ең бастысы балалардың мектепке дейінгі мекемелермен қамтылуына үлкен назар аударылған. Финляндия Білім министрлігі педагогикалық кадрлар құрамын жасарту саясатын үнемі жүргізеді, нәтижесінде мектепке талантты әрі жас мамандар көп тартылады. Білім берудің осындай икемді жүйесі арқылы Финляндия Еуропада халқының сауаты жағынан алдыңғы қатарға шығып отыр. Бұндағы қызығушылықты тудыратын нәрсе - елдегі мұғалімдер жалақысының жоғары болуы ғана емес көрінеді (фин мұғалімдерінің жылдық табысы 17 мың еуро) [2]. Сондықтан да, Қазақстанның әлемдегі озық үлгі орнатқан елдердің жолымен жүруі тиіс. Бұл жайында былтырғы Фин еліне сапары барысында Елбасы: «Финляндиямен қарым-қатынас Қазақстан үшін аса қажетті. Себебі, бұл ел әлемде өзіндік орны бар, білім-ғылым саласында, инновация бағытында алдыңғы қатардағы мемлекеттердің бірі. Егерде біз бәсекеге сай ел болғымыз келсе, Финляндияның жүрген жолымен өтіп, тәлім-тәрбие алғанымыз өте пайдалы болады», - деп атап өткен еді. XIX ғ. соңы-XX ғ. басында данышпан Абай: «Кітап-білім бұлағы, білім өмір шырағы» десе, Ы.Алтынсарин: «Өнер, білім бар жұрттар тастан сарай салғызды, айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызды» деген өлең шумақтары сонау XIX ғасырдың өзінде білім мәселесінің өзекті болып, әлі күнге дейін күшін жоғалтпағанының дәлелі.

Біз бүгінгі жаңа атаулы ертең-ақ ескіге айналатын, жүрісі жылдам дәуірге аяқ бастық. Бұл жағдайда кәсібін неғұрлым қиналмай, жеңіл өзгертуге қабілетті, аса білімдар адамдар ғана табысқа жетеді. Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 31.01. 2017ж. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы.
2. inform.kz <https://www.inform.kz/rus/article/2231061>
3. www.zakon.kz. сайтындағы Президент мақаласы. 12.04.2017ж.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - КӨЗҚАРАСЫМЕН

Тілеумағамбет Д.Ұ., студент

Ғылыми жетекші: Кукубаева Д.Г.

III. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Қазақстан – жас мемлекет және біздің бүгінгі Қазақстанды құрып жатқан адамдар – ол біздің замандастар, көбінесе жастар. Бұл жерде, немқұрайлылық пен дүмбілездік орын алмауы тиіс. Әр жыл сайын Елбасының халыққа арналған жолдауында үнемі жастарды қолдап, оларға тек білім мен кәсіби маман болуға ұмтылу қажеттігін айтып

отырады. Мемлекет тарапынан жасалып жатқан көмек те, қолдау да бар. Тек сауатты адам болу керек.

Түйінді сөздер: жастар, ұлт болашағы, мемлекеттік бағдарлама, білім, ұлттық сана, жаһандық өзгеріс, жаңа қарпын.

Тарихқа салсақ тамшыдай еңсерген, жүгіне үңілсек ғасырға татитын 26 жылдың ішінде жаратқанға сансыз шүкір! Талай жоғымыз түгенделіп, жыртығымыз жамалды. «Алайда, бізге әліде көп дүние керек. Сол сансыз керектің бірі қазақтың бірлігі!» – деді Елбасы. Бұл орайда өзінің біртұтас ұлы ұлттың перзенті екенінді ұмытуға болмайтындығын еске салды көшбасшымыз! "Дүниенің көрінген сырын да, көрінбеген сырын да қатар игерген адам, толық адам болады",-деп Абай атамыз айтпақшы біздің жаңа өзгеріске толы дәуірге аяқ басатын кезіміз жетті! 2017 жылдың 12 сәуір күні «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақала қазақ халқын бір сілкіндірер ауқымды дүние болып тарих шежіресіне жазылыпта үлгерді. Бұл бағыт біріншіден, жастардың жаңа бағыт жүйесіндегі жаңа дүниелерді кеңейтіп, жаңа көзқараспен, жарқын болашаққа, нық сеніммен, жаңа технологияларды жаңаша ойлау көзқараспен, әлемдік деңгейге шығуға жол ашпақ!

«Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. Мен жыл басындағы халыққа Жолдауымда Қазақстанның үшінші жаңғыруы басталғанын жарияладым. Осылайша, біз қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға алдық. Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес», -деп өз сөзін халыққа алға дамуымызды жиелету керектігін түсіндіре отырып, нақтылап бастаған болатын Н.Ә.Назарбаев. Бұл мақала өз қоғамымызда да, алыс-жақын шет елдерде де қазір қызу талқыланып жатыр. Терең зерделей келе, мұның бәрі еліміздің рухани дамуына бағыт беретін тарихи еңбек екенін көреміз. Елбасының бағдарламалық мақаласы – бұл, ең әуелі ХХІ ғасырда шынайы өмірде ұлттық сананы айқындайтын және қоғамдық сананы өзгерту жолдарының жалпы бағыттарын белгілейтін, дүниетанымдық-идеологиялық мақала. Бұл мақалада қойылатын 6 негізгі басымдық бар. Олар: 1. Бәсекеге қабілеттілік; 2. Прагматизм; 3. Ұлттық бірегейлікті сақтау; 4. Білімнің салтанат құруы; 5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы; 6. Сананың ашықтығы. Шын мәнінде, көз ілеспес шапшандықпен дамып, жедел өзгеріп отырған мына дүбірлі дүниеде, Елбасы айтқандай, сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңісті болып қалған таптаурын қағидалардан арылып, рухани жағынан серпілуіміз, жаңғыруымыз қажет. Бүгін, дәл кәзіргі сәтте «Рухани жаңғыру» мақаласын жастардың көзінше қарау, оларға жаңаша серпіліс беру, маңызды екені сөзсіз. Өйткені, бүгін жасалып жатқан қоғам, ертеңгі жастардың алаңсыз өмір сүретін әлеміне айналмақ. Бұл орайда Б.Момышұлының «Жиырма жас – тарихи ерліктер жасайтын жас», - деген сөзі сап етіп есіме келеді. Президент елдің жастарына жаңа идеялар арқылы өз болашағын өзі құратын айрықша тарихи мүмкіндігі бар деп үн қатады. Мемлекет басшысы жаңа жағдайда жаңаруға деген ішкі ұмтылыс біздің дамуымыздың ең басты қағидасы екеніне сенімді. Елбасы еңбегі болашаққа, әсіресе, жастарға арналған. Жастарға сенім артылады. Бұл мақала жастар арасында да қолдау тапқаны қуантарлық жағдай. Елбасының аталған тарихи еңбегі еліміздің ертеңгі болашағы жастар үшін ізгілікке толы рухани жаңғыруға жетелейтін бағдар болатындығына сенімдімін. Ғалымдардың мәліметінше таяу онжылдықтарда барлық кәсіптің жартысы жойылады және мұндай жағдайда тек жоғары білімді адам ғана сәтті өмір сүре алады. Сондықтан Қазақстан білім саласын бюджеттік қаржыландыру үлесі бойынша ең озық елдердің қатарында. Егер жастардың құндылықтар жүйесінде білімділік басты құндылыққа айналар болса, ұлт табысқа жетеді деп сеніммен айта аламын. Сол себепті табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. Қазақстан түбегейлі жаңғыру арқылы - болашаққа кедергісіз өте

алады. Алдымен, жастар ғана заман ағымынан қалмай, саналы түрде бейімделу керек. Болашақ - жастардың қолында. Жаңа жағдайға серпіліс, жаңғыруға ұмтылыс - олар үшін басты міндет болу керек. Бәсекеге қабілетті қалыптасуы тиіс. Себебі мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын ағза іспетті. Жаңа жаһандық үрдіске сай болу үшін жастардың жұмысы өрге домалауы маңызды. Өйткені, бұл мәселе біздің ұлтымыздың болашағы мен рухани әлеуетіне тікелей қатысты. Туған ел-тұғырың, туған тіл-қыдырың демекші, қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі қазіргі таңда өзекті мәселе. Бұл мемлекеттің рухани-мәдени дамуындағы аса дамыған кезең. Бұл уақыт талабы! Әлемде 75% -дан астам хлық латын графикасын қолданады десек, онда біздің жастарды да бұған бейімделгені дұрыс. Рухани жаңғыру бұл жастарға жаңа әлем бет бұрысын көрсетті десек, ол бұрыстан болашаққа кедергісіз өте алады. Ендеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тыңдыруға міндетті екенімізді естен шығармайық! Ел ертеңі - білімді жастар. «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың мемлекетін нығайтып, көркеюі жолында теріңді төгіп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі сен екенінді ұмытпа», - дейді Елбасы бір сөзінде. Осынау қанатты сөздің астарында мемлекет басшысының жастарға артқан үміті мен сенімі мол екенін аңғаруға болады білім мен кәсіби маман болуға ұмтылу қажеттігін айтып отырады.

Тоқсан ауыз сөздің түйінін шығарар сәтте келді. Алыстан арбалап, жақыннан дорбалатқанымыз елдің келесі бейнесі, жастар, ертеңгі күні біреудің айдауына бас изеп жүрмеу үшін, бүгінгі ұрпақтың саналы білімді болу керектігін жеткізу еді. Рухани жаңғыру мақаласыда түптеп келгенде осыны көрсетеді. Тәуелсіз қазақ елінің білімді жастары сендер, өз соқпақтарыңды салып, оны елді дамуға бастайтын даңғылға айналдыруға тиіссіндер. Жастардың кәзіргі таңда креативті және өз ойын еркін жеткізудің маңызын зор. Бұл жаңа қоғамға жаңаша бейімделу керектігін дәлелдеп көрсетеді. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 2017 ж. 12 сәуір, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Болашаққа бағдар- Рухани жаңғыру» жолдауы.
2. « Рухани жаңғыру – қазақстанның үшінші жаңғыруының негізі» - (Гүлшара Әбдіқалықова Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы)
3. «Кездесу елбасы мақаласына арналды» - (Мұхтар Құл-Мұхаммед «Нұр Отан» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары)

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМУ

Абиева А., студент

Ғылыми жетекші: Акжигитова Н.М.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Ойын әрекетінің қызықты болуын қамтамасыз етіу, ойын арқылы өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйрету, қиялын дамыту, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастыру, баланың танымдық қызығушылық сапаларын дамыту, бала өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы заттар мен құбылыстарды ойын арқылы түсініп ұғыну.

Түйінді сөздер: Ойын әрекеті, бала, оқу, түйсік, қиял, қабылдау, білім, білік, дағды, тәрбие, зейін, дүниетаным.

Ерте заманнан - ақ адам өзін қоршаған ортаның тылсым тіршілігін тануға әрекет жасаған. Ал айнала дүниені танып білудің, белсенді іс - әрекеттің алғашқы түрі заттық іс - әрекет болып табылады. Нәресте заттық іс - әрекеттен бірте-бірте ойын әрекетіне ауысады. Барлық адам өзінің тұлға ретінде даму ерекшелігінде ойын іс әрекетін бастан кешіреді. Сәбилік кезеңнен бастап бала өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы заттар мен құбылыстарды ойын арқылы түсініп ұғынады. Тек көру, сипап - сезу, байқап-тану арқылы емес, тікелей араласып, іс-әрекетке көшуін нақты қарым-қатынас барысында біледі. Осылайша, ойын адамның өмір танымында шешуші мәнге ие. Баланың таным түсінігі, іс-әрекеті ойыннан басталып, оның негізгі болашақ өмірінде оқу, еңбек іс-әрекетімен жалғастырылады. Ойын - бала үшін оқу да, еңбек те. Ойын - айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ойын - балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймай, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады.[1]

Ойын оқытудың алғашқы бастамасы болып, шынайы өмірлік тәжірибелерді меңгерудегі негізгі мектеп болып табылады. Баланың негізгі іс - әрекеті ойын» деп С.Л.Рубинштейн белгілеп кетті. Элькониннің айтуы бойынша, балаларға үлкендер әлемі идеалды форма болып табылады. Бұл кезеңнің негізгі ерекшелігі-ойын.

Л.Выготскийдің айтуы бойынша: бала ойнай отыра, қиялдау арқылы шынайы жағдай тудырып әрекеттейді. Жақын аймақты дамыту теориясына сәйкес, ойынның дамытушылығы мен оқытудың дамытушылық қатынасын салыстыруға болады.

А. Макаренконың айтуы бойынша, ойынға бір жақты көзқарас қате. Педагогикалық үрдісте ойынды дұрыс пайдалану сабақтың тиімділігін арттырады, балаларға қуаныш сыйлайды. Ойын бала үшін жаңа ортаға тез бейімделуіне мүмкіндік береді.

Н.Крупская: «Бала жас болғандықтан ғана ойнамайды, балалықтың өзі оған ойнау үшін, яғни жаттығу арқылы өмірде қажетті дағдыларды игеру үшін берілген», деген пікір айтқан.

Көптеген зерттеулер бойынша танымдық қызметтің толық жетіспейтіндігі қосалқы мектеп оқушыларына тән қасиет екендігі дәлелденген. Дәннің өсіп-өнуі топырағына, күтіміне байланысты болатын сияқты, бала ақыл-есінің қалыптасуыда өскен ортасына, алған тәрбиесіне байланысты. Көрнекті педагог В.А.Сухомлинский: «Сабақ жасөспірімдердің интеллектуалды өмірінде құр ғана сабақ». [3]

Мүмкіндігі шектеулі балалардың білімге деген ынтасын, мүмкіншіліктерін толық пайдаланып, алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін әртүрлі психологиялық жаттығулар, суретті кестелер, танымдық ойын түрлерін пайдалану баланың ой-өрісін, дүниетанымын, зейінін, есте сақтау, қабылдау, қиялдауын дамытумен бірге танымдық қабілеттерін дамытуға да көмектеседі.

Адамзаттың көптеген жылдар бойғы ойнау тәжірибесі ойынның білімдік құндылығын дәлелдеді. Ойынның шығу сырын ғалымдар жүздеген жылдар бойы зерттеп келеді. Оның шығу тарихы жайлы көптеген пікірлер бар. Көп тұжырымдардың бірі бойынша ойын қоғамның діни, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы кезіндегі бос уақыт пен демалысты өткізу мәселесінен туындаған. Ерте заманда ойын қоғамдық өмірдің бір бөлігі болып, оған діни-саяси маңыз берілген. Ерте гректер ойынды Құдайлар қолдаған десе, Қытайда мерекелік ойындарды император ашып, өзі де қатысқан. Ойын өмірде пайдасыз көрінгенмен аса қажетті көрініс-құбылыс. Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері — мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушының аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Өйткені, кіші жастағы оқушылар және мүмкіндігі шектеулі балалар жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді. Бала тез сергіп, тапсырмаларды тез, әрі қызығып орындайтын болады. Ойын баланың оқуға, еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы басты құрал. Ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамиды. Ал мұғалімнің міндеті — балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету.

Қазіргі кезде елімізде кемтар балалардың білім деңгейін көтеріп, өмірге қажетті білім, білік, дағдысын, тәртібін қалыптастыруға байланысты түрлі шаралар жасалуда.

Баланың қуанышы мен реніші ойында анық байқалады. Ойын кезінде баланың психологиялық ерекшелігі мынадан көрінеді:

1. Олар ойланады;
2. Эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, қиял елестері дамиды, баланың шығармашылық қабілетімен дарыны ұшталады.
3. Ұжымдық сезімі қалыптасады.
4. Ерік қасиетін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдереді.

Мысалы: Коллаж «Менің қазіргі отбасым» және «Менің болашақтағы отбасым» Бұл ойынға отбасының барлық мүшелері қатысады. Оларға екі тақырыпта коллаж жасау тапсырылады немесе қалаулары бойынша бір тақырып таңдайды. Коллажбен жұмыс жасау үшін бір көлемдегі қатты қағаз, түрлі-түсті қағаздар, ескі кітаптар, газет, журналдар қажет. Коллажды жасап болғаннан кейін жанұя мүшелері өз жұмыстары туралы әңгімелейді.

Ойын мен адам мәдениетінің өзара байланысы ғылыми түрде анықталды. Олардың тұлғаны дамытудағы маңызы анықталды, оның психологиялық және әлеуметтік факторлармен келісімі жөнінде кең қарастырылуда. Ойын технологиялары әлі де білім беру саласында жаңа инновация болып табылады. Педагогикалық технология ұғымы түрлі педагогикалық ойын түрлерін педагогикалық процесте әдістер мен тәсілдердің кең көлемді топтарын біріктіреді, оның жалпы ойындардан ерекшелігі оқытуда нақты мақсатының қойылуымен және оның оқу-танымдық бағыты сипатталған, негізі салынған педагогикалық нәтижесіне сай анықталады. Сабақ барысындағы ойын әдістері оқушыны оқу қызметіне ынталандыру құралы ретінде ойын әдістері мен жағдайларының көмегі арқылы құрылады. Ойын оқушыны дұрыс мәдениетті сөйлеуге үйретеді, сөздік қорын бағалауға мүмкіндік береді. Оқушыларды заман талабына сай коммуникативті қасиетті эстетикалық талғамы – сезімі жоғары, ұшқыр ойлы, белсенді, креативті, кез келген ортаға бейімделетін, өзін-өзі ұстай алатын тұлға қалыптастыруда, құзырлы білімдерін дамытуда ойын технологиясының маңызды функцияларының атқаратын орны ерекше. [2]

Ойын – баланың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал. Сондықтан да мүмкіндігі шектеулі бала сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оны жалықтырмай әр түрлі ойын түрлері мен сабақты қызықты өткізуге тырысамын. Ойын әрекетінің қызықты болуын қамтамасыз ететін, баланың танымдық қызығушылығы сапаларын дамытатын басты нәрсе: білім, әрекет, қарым-қатынас. Міне осы жағдайларды ескере отырып, ойын түрлерін төмендегідей жүйеленеді:

1. Мазмұнды бейнелі ойын: отбасы, балабақша, мектеп, аурухана, ұшқыштар, мал фермасы, құрылысшылар, мұнайшылар, темір жол, теңізшілер;
2. Қимыл қозғалыс ойындары: «ұшты-ұшты», «аңшылар», «сиқырлы таяқ», «мысық пен торғайлар», «бақташы мен қозылар», «соқыр теке», мысық пен тышқан,
3. Дидактикалық ойындар: заттардың түсін анықта, қуыршақты серуенге дайында, орныңды тап, ойлан тап, түсті лото, тез ретке келтір, көршілер, аралар, дүкен, сен жалғастыр, дәл тауып айт, т.б.
4. Құрылыс ойындары: лото, және басқа конструкторларды пайдалану.

Ойын дегенміз – жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын-төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігінің, көп білуді, сондай-ақ, басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттерді қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістерінің бірі. В.А.Сухомлинскийдің сөзімен айтар болсақ, «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дегеніміз-ұшқын, білімге құмарлық пен іліктеудің маздап жанар оты.» Сондықтан В.А.Сухомлинскийдің осы сөзіне сүйене отырып мүмкіндігі шектеулі балалардың ынтасын оқуға деген қабілетін ойын арқылы дамытуға болатынын білдім. [1]

Мұғалімнің басшылыққа алатын негізгі ұстанымдары:

1. Оқытушы мен оқушы арасындағы педагогикалық әдеп пен ынтымақтастықтың сақталуы;

2. Тәлім – тәрбие, ұсынылған ойындарды меңгерту, оның бала зердесіне әсер етуі, қабылдауы, есте сақтауы;
3. Балаларға берілген тапсырманың шектен тыс ауыр болмауы;
4. Тәрбие жұмыстары баланың денсаулығын нығайтуға әсер ететіндей болуы шарт;
5. Ойын тәсілдерінің тиімділігі іс-әрекеті жүйелі, мазмұн сабақтастығын сақтай отырып бірнеше компоненттерін құру;
6. Балалардың міндетті және мүмкіндік деңгейлерін ескеру.

Ойынның жалпы сюжеті: Оның жанды тұлғасын құрайтын, ойын әрекетінің, балалардың өзара қарым – қатынастарының дамуын, көп жақтылығын және өзара байланысын анықтайды. Ойынның мазмұны оны қызықты етеді, ойнауға ықыласпен ынтасын қоздырады. Ойын процесінде балалардың өздері ойнаушылардың мінез-құлқы мен қарым-қатынастарын анықтайды және реттейтін ереже белгілейді.

Соның ішінде дидактикалық ойындар үш топқа бөлінеді:

1. Заттық дидактикалық ойындар – дидактикалық ойыншықтармен және түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.
2. Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар – «Лото», «Домино» және тағы басқа.
3. Сөздік дидактикалық ойындар.

Дидактикалық ойындардың негізгі бағыты – балаларға білім-білік, іскерлік, әдет-дағдыларды игерту мен оны бекітуге, ақыл-ой қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. Дидактикалық ойындардың негізгі міндеті – балалардың ақыл-ойын дамыту, білімін байыту.

Сюжетті рольді ойындар ақыл-есі кем балаларға тән, ең сипатты ойындар болып табылады. Ол бала өмірінде елеулі орын алады. Сюжетті рольді ойынның ерекшелігі оны балалардың өздері жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойын ұзақта қысқа да болуы мүмкін. Мысалы: «Телефон» ойынында диалогтық сөйлеудегі әңгіменің мақсаты – бір нәрсе жайында сұралып, баланы оған жауап беруге, белгілі бір әрекетке түрткі болуға үйрету болып табылады. Мысалы: «Дүкен» ойынын ойнағанда балалар сатушы мен сатып алушының әрекеттеріне еліктейді. Дамытушы ойындар танымдық сезімді оятады, яғни балада тану іздену әрекетін дамыта отырып, ойдың, талдау мен әрекеттің логикасын ойлау процесінің икемділігін, жаттығуын және тапқырлығын, қиял ұшқырлығын қалыптастырады. [4]

Қорыта келгенде жалпы білім беретін мектепте арнайы сыныптарда оқитын психикалық дамуы тежелген баланы сыныптастарына теңестіру немесе қатарға қосу барысында жұмыс нәтижелі болу үшін, әр баланың рухани дамуына психологиялық – педагогикалық жағдай жасай отырып, өз ортасында және өзге ұжымда өзін еркін сезіне алуға тәрбиелеу, өзіне-өзі сенімді, жауапкершілік қасиетті сіңірген тұлға ретінде қалаптастыру қажет.

Деңгейлеп қарайтын болсақ:

- Бірінші деңгейдегі мақсат – ойын үрдісінен рахаттану. Егер ойын балаға қуаныш әкелетін болса, онда бала кез келген белсенділікке дайын болады.
- Екінші деңгейдің мақсаты – функционалдық. Ол ойын ережесінің сақталуы, көріністер ойнау, рөлдерді орындаумен байланысты.
- Үшінші деңгей ойынның шығармашылық мақсатын айқындайды. Шешу, табу, қорытындыға жете білу жолындағы іс-әрекетті көсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байбекова М.М., Ибраева П.М. «Әлеуметтік-психологиялық тренингтер». Шымкент 2009 ж.
2. Коррекционно-воспитательная работа с учащимися вспомогательных школ.
3. Намазбаева Ж.И. Психология. КазПИ – А-ата, под ред. 1990.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРМЕН ОЙЫНДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Амалбек Ж., студент

Ғылыми жетекші: Акжигитова Назира Муратбаевна

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Ойын ойнау кезінде баланың сана-сезімі, еркі, өзін-өзі бақылауы, өзінің жұмысын өзгенікімен салыстыру қасиеттері, зейін, ес, қиял сияқты психикалық үрдістері қалыптасып, сөйлеу тілі дамиды, балалар сөз сөйлеу мәдениетін үйренеді.

Түйінді сөздер: Ойын, тәрбие, қабілет, шығармашылық, еңбек, принцип, адам, дидактикалық ойын, сөйлеу, оқыту, сабақ, іс-әрекет, сюжеттік-рөлдік.

Ойын тәрбие берудегі – ең тиімді тәсілдердің бірі. Ойындар сюжеттік-рөлдік, қимыл-қозғалыс, дидактикалық және дамыту-түзету ойындары болып бөлінеді.

Ойын — еңбекпен және оқумен қатар жүретін, адам әрекетінің негізгі түрлерінің бірі, біздің өмір сүруіміздің таңғажайып феномені. Ойын анықталуына қарай — өзінің мінез-құлқын басқаруда жүзеге асырылған және жинақталған, қоғамдық тәжірибені құру мен меңгертуге бағытталған оқиға әрекетінің бір түрі.[1]

Ойынсыз бала өмір сүру мүмкін емес. Ойын — мектеп жасына дейінгі балалардың және бастауыш сынып оқушыларының негізгі іс-әрекеті. С. Торайғыров «Балалықтың қанына ойын азық» деп бекер айтпаған. Өйткені ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығуы анық байқалады.

Жалпы алғанда ойын, ықыласты және еркін таңдалған әрекет, одан ләззат алуға болады. Ойын кезінде шығармашылық қабілеттерін дамытатын еркіндік, бастамалық, ұйымдастырушылық қасиеттері қалыптасады.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаевтың да: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтып кеткеніндей баланың өмірінде ойын ерекше орын алатыны белгілі. Ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады.

Ойын дегеніміз — жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. [2]

Өз білімін жетілдіруде мынадай принциптерді негізге аланады.

Әдістеме принциптері

- * Ойлау қызметі
- * Жетістік жағдайы
- * Шығармашылық
- * Белсенділік
- * Психологиялық жайлылық
- * Бірегейлік
- * Сабақтастық

Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш-жігерін жұмсап, адамдармен араласуға үйренеді. Және ойынды алғанда балалардың жас және психологиялық ерекшеліктері ескерілу қажет. Дидактикалық ойындарды ойнауда балалар суретті, ойыншықты, муляжды т. б. көзбен жақын көреді, қолмен ұстап көру арқылы салыстырады, пішініне, заттың түсіне назар аударады, сөйтіп оның назар салу, көру қабілеті, зейіні қалыптасады.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыста баланың назарын өзіне аударатын, әрбір баланы қызықтыратын әдістемелік тәсілдер қолдану қажет. Мұндай балалар белсенді емес, заттармен және ойыншықтармен ойнау кезінде белсенді әрекет ету тілегі төмен. Сондықтан

ұсынылып отырған әрекетке міндетті түрде балаға жағымды жағдай туғызып отыру қажет. Осы мақсатта да дидактикалық ойындар дәл қызмет етеді.[3]

Мақсаттары:

Білімдік мақсаты:

- Оқыту материалын балаларға тереңдете меңгертуге жағдай құру;
- Балалардың ой-өрісін кеңейтуге жағдай құру.

Дамыту мақсаты:

- Балалардың шығармашылықпен ойлауын дамытуға жағдай құру;
- Сабақ үстінде меңгерген білік пен дағдыларын тәжірибеде қолдана алуға жағдай құру.

Тәрбиелік мақсаты:

- Адамгершілік құндылығын бағалауға тәрбиелеу;
- Өзін жеке тұлға ретінде тәрбиелеуге жағдай құру.

Дидактикалық ойын — үлкендердің баланы оқытудағы әрекеттестіктің бір түрі болып табылады. Сонымен бірге ойын — балалар әрекетінің негізгі түрі болып есептеледі. Сол үшін де дидактикалық ойындар екі мақсатты болады: оның бірі үлкендердің жетекшілігімен жүретін оқыту түрінде болса, екіншісі- ойынды, мұнда бала өзі әрекет етеді. Ең бастысы, бұл екеуі бір-бірін толықтырып және бағдарламалық материал меңгертіліп отырғаны дұрыс.

Дидактикалық ойындардың қызметі

- * Оқытушылық
- * Тәрбиелік
- * Қатынастық
- * Сауықтырушылық
- * Релаксациялық
- * Психологиялық
- * Дамытушылық

Дидактикалық ойын — бұл оқыту құралы, сондықтан оны балалармен сабақтарда және бос уақыт кезінде кез-келген бағдарламалық материалды меңгеруде қолдануға болады. Оқытуда дидактикалық ойындарды нәтижелі қолданудың маңызды шарттарының бірі — ойындарды іріктеу кезінде жүйелілікті сақтау. Ең алдымен, келесі дидактикалық принциптер есепке алыну керек: ойындардың болуы, жиілік, тапсырманы орындау реті. Дидактикалық ойындарда мынадай жағдайлар жасалады, белгілі бір жағдайда немесе кез-келген затпен әрекет ете отырып, қолмен сезіне отырып әрбір бала өз еркімен әрекет жасауға мүмкіндік алады. Бұл әсіресе, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін маңызды, өйткені олардың заттармен әрекет ету тәжірибесі аз. Бұл ойындар түрлі материалдарды бірнеше рет қайталау кезінде тапсырмаға деген эмоционалды жағымды жағдайын сақтауды қамтамасыз етеді.[4]

Мүмкіндігі шектеулі балалармен ойынды ұйымдастыруда мына нұсқаулар ұсынылады:

- баланың қызығушылығын ойын арқылы оята алсақ, әрбір істі ойынға айналдыру қажет;
- баланың жас ерекшелігіне қарай ойынды дұрыс таңдай білу;
- ойнау кезінде баланың алға жылжуын қадағалау, ойын кезінде асықтырмау;
- ойын жеткілікті қызықты, әрі жеңіл болуы қажет;
- баланың жалғыз ойнауын және өзгелермен ойыншығын бөлісе, бірлесіп ойнауына жағдай құру;
- ойын баланы қызықтыратындай ойынды және ойыншықты өзгертіп отыру;
- ойыншықтар таза, әдемі, ашық түсті, қауіпсіз болу керек.

Дидактикалық ойындардың түрлері. Барлық дидактикалық ойындар негізінен үш топқа бөлінеді, олар; заттық, үстел үсті және сөздік дидактикалық ойындар. Мүмкіндігі шектеулі балалармен сабақтарда мен заттық және үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындарды қолданамын. Дидактикалық ойындарды белгілі ережесі мен мазмұны бойынша

үлкендер ұйымдастырады. Бұл ойындардың міндеті — балалардың бағытты және ортақ іс-әрекетін ұйымдастыру. Өз білімін жетілдіру тақырыбымда осы ойындардың ішінде мен дидактикалық ойындарды таңдадым. Дидактикалық ойындар: сөздікті толықтырады, және белсендіреді, дыбысты дұрыс айтуды қалыптастырады, байланыстырып сөйлеуді дамытады, өз ойын дұрыс айта білуді, балалар тілін дамытады. [5]

Балалар ойын тапсырмаларына қызыға көңіл бөледі. Табу, айту, атау, ойын тапсырмасын сапалы шешуге көңіл бөледі: сұлбаны әдемі құрастыру, суретті дұрыс таңдау, жинау т. б. Балалар дидактикалық ойын барысында заттың сыртқы пішінін салыстырып, есте сақтауға үйренеді. Сонымен қоса, оның қоршаған орта туралы дағдысы бекиді; қабылдау, елестету, зейін, сөйлеу сияқты қабілеттері дамиды. Ойын баланың көңіл-күйін көтеріп, сергітетіні белгілі.

Дамуында ауытқуы бар мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу түзету педагогикасындағы ең маңызды және өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ойындар сюжеттік-рөлдік, қимыл-қозғалыс, дидактикалық және дамыту-түзету ойындары болып бөлінеді. Өз білімін жетілдіру тақырыбымда осы ойындардың ішінде мен дидактикалық ойындарды таңдалды.

Дидактикалық ойын — ересектердің баланы оқытудағы әрекеттестіктің бір түрі болып табылады. Сонымен бірге ойын — балалар әрекетінің негізгі түрі болып есептеледі. Сол үшін де дидактикалық ойындар екі мақсатты болады: оның бірі ересектердің жетекшілігімен жүретін оқыту түрінде болса, екіншісі — ойынды, мұнда бала өзі әрекет етеді. Ең бастысы, бұл екеуі бір-бірін толықтырып және бағдарламалық материал меңгертіліп отырғаны дұрыс.

Қорытындылай келе балалардың дидактикалық ойындарға қызығушылықтарын арттыру үшін ойыншықтардың әр түрлі болуы өте маңызды, сонымен бірге оларды топтасып ойнай білуге, ойыншықтарын жанындағы балалармен бөлісе білуге үйрету және ынталандырып отыру қажет деп білемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дружинин В.Н. Психология – Питер; 2002.
2. Немов Р.С. Психология.- Москва ., I-II-III том. 1998,
3. Никуленко. Коррекционная педагогика высшие образования. Ростовка Дону: Феникс. 2006. – 456 с.
4. Мишина Г.А. Моргачева Е.Н. Коррекционная педагогика. Москва. 2007. – 257 с.
5. Мастюкова Е.М. Ребенок с отклонениями в развитии. Москва: Просвещение. 1992. – 414 с.

ВЛИЯНИЕ СЕМЕЙНЫХ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ НА СТАНОВЛЕНИЕ ЛИЧНОСТИ

Набиева А.С., студент

Научный руководитель: Аренова А.Х.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. Одной из важнейших функций семьи является воспитание детей — нового поколения. Это влияет на существующие в семье правила, распределение ролей между родителями и их поведение. Родителям приходится ухаживать за детьми, воспитывать их, нести за них ответственность, способствовать их развитию.

Ключевые слова: семья, типы семьи, семейные взаимоотношения, становление личности.

В современном мире воспитания подростка имеет большое значение, так как это одно из самых сложных испытаний для родителей. Для взрослых проблема воспитания детей привлекает к себе пристальное внимание учёных и общественности из-за того, что в этом возрасте подростки хотят свободы, самостоятельности, независимости. На попытки со стороны старших ими командовать часто реагируют криком, хлопают дверьми и запираются в своей комнате, часто замыкаются в себе. Наверное, каждый родитель хотя бы один раз в жизни задумывался над тем как прекрасно знаком с подобными ситуациями, но они не представляют себе, как с ними справляться.

И это дилемма всегда вызывало у людей множество вопросов по поводу этого непростого возраста, они возражают против навешанных на них предрасудков и правил, готовы бороться за свою свободу. С другой стороны, это тот момент, когда родителям нужно готовить своих детей к взрослой жизни, где необходима ответственность, самоконтроль, социализация и просто место в обществе.

Задумывались ли вы когда-нибудь над тем, почему в отношениях между родителями и подростком неизбежно случаются критические периоды? Я обратила внимание на это, когда начала работать в школе, ведь основные классы, которым я преподаю - это 8-10 класс. Задумалась над этим вопросом, когда заметила, как родителям не нравится, что их ребёнок пишет пронзительные песни, посвящённые какому-то айдолу, вместо того чтобы готовиться к поступлению на будущую профессию, как постоянно носятся со своими телефонами в общении с сверстниками, вместо того чтоб взять учебники в руки, как их дети меняют привычки, манеры разговора и стиль одежды.

Мне всегда было интересно, почему дети так остро реагируют, если их родители, что-то ищут в его ящике стола и пытаются как-то проконтролировать своих детей

Когда я узнала о несущественных пустяках, которые служат только поводом для ссоры, меня поразило, что причины разногласий, как правило, залегают еще глубже, а именно в детство самих родителей, ведь не зря гласит казахская пословица «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» (Яблоко от яблони не далеко падает)

В настоящее время типов и видов семьи существует множества.

Авторитарная (в терминологии других авторов — «автократический», «диктат», «доминирование») — все решения принимают родители, считающие, что ребенок во всем должен подчиняться их воле, авторитету [1].

Родители, тщательно контролирует ребенка, устанавливает жесткие ограничения и правила, обсуждение которых не допускается («Я так сказал!»). Он отдает приказания, указывает и ждет, что они будут в точности выполнены. Авторитарные родители закрыты к своим детям, они скупы на эмоции, и никак не выражают чувства и эмоции к ребенку.

Ребенок-подросток сначала отвечает на излишний контроль вспышками грубости, обманами, но когда внешнее сопротивление сломлено (что случается довольно быстро), дети становятся замкнутыми, боязливыми и угрюмыми, непритязательными и раздражительными. Нереализованная самостоятельность, низкая вера в себя накладывают отпечаток на всю дальнейшую жизнь ребенка. Ребенок не получает возможности и не научается принимать самостоятельные решения и нести за них ответственность.

Девочки, как правило, остаются пассивными и зависимыми на протяжении подросткового и юношеского возраста. Мальчики в подростковом возрасте могут чрезвычайно бурно реагировать на запрещающее и карающее окружение, в котором их растили, становясь иногда непослушными и агрессивными, нередко доходя в своих протестах до асоциального поведения.

Как с этим справиться: Безусловно, установить близости отношений между родителем и ребенком. Конфликты сразу не решаются, но в эти отношения так или иначе нужно внести теплоту, близость, доверие, проводить чаще время с детьми в дружеских, близких отношениях.

Демократическая (в терминологии других авторов — «авторитетный», «сотрудничество») — родители поощряют личную ответственность и самостоятельность своих детей в соответствии с их возрастными возможностями. [1]

Подростки включены в обсуждение семейных проблем, участвуют в принятии решений, выслушивают и обсуждают мнение и советы родителей. Родители требуют от детей осмысленного поведения и стараются помочь им, чутко относясь к их запросам. При этом родители проявляют твердость, заботятся о справедливости и последовательном соблюдении дисциплины, что формирует правильное, ответственное социальное поведение [2].

Единственной проблемой в демократическом воспитании является повышенная моральная ответственность — от ребенка требуют честности, порядочности, чувства долга, не соответствующих его возрасту, возлагают на него ответственность за благополучие близких, и подросток боится их разочаровать. Родителям нужно прекратить смотреть на них как на равных. Пусть ребенок будет ребенком беззаботным и веселым.

Либеральная - (в терминологии других авторов — «либеральный», «снисходительный», «гипоопека») — ребенок должным образом не направляется, практически не знает запретов и ограничений со стороны родителей или не выполняет указаний родителей, для которых характерно неумение, неспособность или нежелание руководить детьми [1].

Детям более свободны при незначительном руководстве родителей, родители не устанавливают каких-либо жестких ограничений. Если поступки детей выводят из равновесия, сердят родителей, они, как правило, стараются подавить свои чувства, винят себя за них («Ведь он просто ребенок!») [4].

Какими вырастают дети? Они часто склонны к непослушанию и агрессивности, на людях ведут себя неадекватно и импульсивно, нетребовательны к себе. Также зачастую реагируют тревожностью, нервозностью, поскольку им не хватает ощущения определенности мира, четких границ и норм. Неприспособленность к жизни, детская привычка «все должны меня любить и обожать» часто оборачиваются серьезными нервными срывами и депрессиями во взрослой жизни. Часто такие дети сталкиваются с реальными проблемами во взаимоотношениях с другими людьми, так как они ожидают от них такого же отношения, как и от родителей. Нередко возникают проблемы в детском саду и в школе, когда ребенок сталкивается с довольно жесткой системой правил и ограничений.

Как решать проблему? Родитель, придерживающийся либерального стиля воспитания должны, ставит перед детьми запреты, четкие правила. Мало того, либеральные родители должны начать отказывают своему чаду в некоторых капризах

Многодетная - многодетная семья — это больше традиционная семья. Но современная молодежь больше уверена в том, что сначала нужно «встать на ноги», а потом думать о детях.

В таких семьях дети привыкают заботиться друг о друге, проявляют уважение к интересам других, учитывают мнение окружающих. Родители в многодетной семье заняты важными делами — воспитанием детей. У них нет возможности на проявление негатива, так как необходимо ежедневно решать экономические, хозяйственные, психологические и другие проблемы. [3] При этом важно принимать общее решение, так как оно затрагивает каждого человека. Общая ответственность за семью объединяет всех. С самого рождения дети в многодетных семьях включаются в большой поток общения. Поэтому они вырастают более коммуникабельными.

Минусы: Материальные сложности. Как бы государство не выдавало пособия, но затрат в этой семье всегда больше, чем в обычной. Родители постоянно на работе, чтоб прокормить семью. Огромная трудовая работа детей. Так как нет денег они сами: шьют, вяжут, готовят, мастерят. И конечно выращивают огород и сад НО: Все это способствует экономии расходов, ну а дети привыкают к труду и самостоятельности. Родители могут

быть уверены в том, что во взрослой жизни их сыновья и дочери не пропадут и точно найдут для себя занятие.

Дефицит внимания. Особенно подростку очень хочется посидеть с мамой или с папой и поговорить о пройденном дне. В многодетной семье это сделать почти невозможно. То есть ваш будут вмешиваться третий лица. Из-за этого родители могут не увидеть проблемы подростка или его беспокойства. Как решить: нужно сходить куда-то с ним в кино, в кафе или просто вечером прогуляться. [4]

Большая психологическая нагрузка. В большой семье дети переходят этапы взросления раньше своих сверстников. Поэтому зачастую некоторых могут не все понимать и чувства комфорта они могут не испытывать в коллективе. Так как родители от подростка ждут серьезных решений и действий по отношению помощи к семье. Друзья его переживания не понимают. И подросток начинает в себе замыкаться. [2] А у некоторых детей может рано развиться склонность к лидерству, стремление брать на себя лишнюю ответственность. При этом могут неправильно расставляться приоритеты. Например, важным становится забота о младшей сестре, а не учеба. И с одной стороны, это хорошо — дети, как уже было сказано выше, вырастают ответственными, а с другой — они теряют детство.

Как решить: родители должны дать возможность не смотреть или воспитывать старшим младших, а дать возможность играть с детьми, дурачиться с ними, баловаться. Это не только разгрузит их психику, но и сделает семью еще более дружной.

Отсутствие личного пространства. Конечно, бывает, что у каждого ребенка в многодетной семье есть своя отдельная комната, но случается это редко. Чаще всего дети объединяются в комнаты по половому признаку. В любом случае, ребенок обделяется личным пространством, которое достаточно важно для полноценного развития. Пожалуй, решить эту проблему сложнее всего. Но зато у такой семьи всегда будет общая цель — иметь свой собственный большой дом.

ЛИТЕРАТУРА

1. Социальная психология развития. Книга для учителя ISBN: 978-5-9275-1994, ответственный редактор: Е. И. Рогов. Правообладатель: ФГАОУВО "Южный Федеральный Университет"
2. Юдина Н. В. Влияние семейных отношений на психическое развитие детей [Текст] // Психологические науки: теория и практика: материалы II Междунар. науч. конф. (г. Москва, март 2014 г.). — М.: Буки-Веди, 2014. — С. 17-18. — URL <https://moluch.ru/conf/psy/archive/110/5183/> (дата обращения: 11.10.2018).
3. Абрамова Г. С. Возрастная психология: Учеб. пособие для студ. вузов. - 4-е изд., стереотип. - М.: Издательский центр «Академия», 1999. - 672 с.
4. Грэй Д. Дети — с небес. Искусство позитивного воспитания. Как развить в ребенке дух сотрудничества, отзывчивость и уверенность в себе. - М.: София, 2004.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН АЗЫҚПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мырзағали Д.Е., студент

Ғылыми жетекші: Кожобекова Б.С.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада Батыс Қазақстан облысындағы мал шаруашылығының азықпен қамтылуы туралы басты өзекті мәселелерді шешу жолдары жайында айтылған. ҚР дамуының қазіргі заманғы тарихи кезеңінде ең маңызды мәселелердің бірі - өндірісті

қамтамасыз ету және республика тұрғындарын өз өнімдерін жоғары сапалы, экологиялық қауіпсіз мал шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ету. Бұл жұмыста мәселені шешу барысында бірнеше бағыттар берілген.

Түйінді сөздер: жайылым, шабындық, асыл тұқымды мал шаруашылығы, мал азығы.

Ауыл шаруашылық еліміздің экономикасының маңызды және өзекті салаларының бірі болып табылады, соның бірі мал шаруашылығы.

Елімізде қазіргі таңда мал шаруашылығының орнықты дамуына жемшөп базасының нашарлығы айтарлықтай кедергі болып отыр. Қазақстан Республикасының Премьер - Министрі мал азығы өндірісі саласы бойынша жүйе қалыптаспай отырғандығын сынға алып, тиісті мекемелерге нақты тапсырмалар берді. Мал азығы рациондарында жем-шөптің 50 пайызға жуығы жайылымдық жерлерді пайдалану арқылы қамтамасыз етілсе, қалғаны табиғи және екпе шабындықтар мен егіске жарамды танаптарда өсірілетін мал азығы дақылдарының өнімі арқылы қамтамасыз етіледі. Қазіргі таңда бұл жем-шөп көздерінің тиімділігін арттырудың бірқатар проблемалары да бар. Шағын шаруалар бетіне қарап отырған азғантай малын алыс жайылымдарға шығаруға да аса ынталы емес. Себебі, оған апаратын жол, құдық, қора-қопсы сияқты инфрақұрылымдары толық істен шыққан. Сондықтан да олар қолдағы бар малды ауыл төңірегінде ұстауға мәжбүр. Осының салдарынан елді мекендердің айналасындағы тозған жайылымдардың аумағы жылдан-жылға ұлғайып, ал өнімі мол, көкмайсалы алыс жайылымдар пайдаланылмай жатыр. Осындай жағдайдың өзінде мал өнімдерінің негізгі бөлігін жеке сектор мен ұсақ шаруашылықтар беріп отыр. Егер де жылы мезгілде малды азықтық өнімділігі жоғары алыс жайылымдарға шығаруды жүйелі ұйымдастыратын болсақ, мал өнімдерін өндіру еселеп артқан болар еді.

Шалғай жатқан жайылымдық жерлерді суландыру немесе су көздерін ашу, қалпына келтіру арқылы 3 миллион гектардан астам жерді қайтадан айналымға енгізіп, өрісті кеңейтуді ұсынып отырмыз. Қазір мал жайылымына қолайлы деген 48 млн. гектар жердің тозғаны анықталды. Оларды қалпына келтірумен ешкім айналаспағандықтан, 1991 жылмен салыстырғанда 2 есе көбейген.

Батыс Қазақстан облысында сапалы сипаттамасының бірі ауыл шаруашылығы жерінің жоғары дәрежеде қолданылуы. Ауыл шаруашылық жерлерінің көлемі 3648 мың га, соның ішінде егістік жерлер 740 мың гектар немесе оның 26,1% ауыл шаруашылығына пайдаланатын жерлер, тыңайған жерлер 900 мың гектардан жоғары, облыстың солтүстік аймағында құнарлы жерлер 590 мың га құрайды. Облыста ауыл шаруашылығының негізгі саласының бірі - мал шаруашылығы, соның ішінде асыл тұқымды мал шаруашылығының маңызы зор. Асыл тұқымды мал шаруашылығы - өнімді және таза тұқымды мал тұқымы өсірілетін ауыл шаруашылығының бір саласы. Ауыл шаруашылығы мал бас санын көбейту табынды өз төлінен өсіруді жақсарту, селекциялық асылдандыру жұмыстарын сақтау, індет және инвазиялық ауруларды жою, мал азығы базасын нығайту арқылы қол жеткізіледі.

Қазір мал шаруашылығы саласының осал тұстарына күш жұмылдыру жоспарланып отыр. Ең алдымен азық базасын жетілдіру көзделген. Қазір біз бір бас малға бар болғаны 14 центнер азық өндіреміз. Бұл-зоотехникалық нормадан 2,3 есе төмен. Ғылыми негіздеме бойынша ауыспалы егіс көлемінің 30%-ы азықтық дақылдардың үлесіне тиесілі болса, бізде бұл көрсеткіш бар-жоғы-11%. Сондықтан ғылыми негізделген нормаға сәйкес егістік алқабының азықтық дақылдарға бөлінетін үлесін 2 есе ұлғайту қажет.

Бұл жағдай мал шаруашылығын интенсивті жолға көшіруде асыл тұқымды малдардың генетикалық әлеуетін толық пайдалануға басты кедергі болып тұр. Егіске жарамды жерлерде жем-шөп дақылдары үлесінің аздығы қазіргі кезде жем-шөптің тапшылығына себеп болса, келешекте ол топырақ құнарлығының күрт төмендеуі және климаттың қуаңшылыққа қарай өзгеру салдарынан елімізде астық өндірудің салдарынан астық өндірудің орнықтылығын да әлсірететін болады. Сондықтан да суармалы және тәлімі жерлерде мал азығы дақылдарының, соның ішінде көпжылдық шөптердің егіс көлемін

ұлғайтуды маңызы зор болып тұр. Жоғарыда аталған жобаларды іске асыру барысында байқағанымыз, бірінші жылы өнім бермейтіндігінен тәлімі жерлерде көпжылдық шөптерді себуге шаруалар аса ынталы болмайды. Ал астық және басқа дақылдарымен жаппай көрпелеп егітен болса, қуаңшылық жағдайда көпжылдық шөптердің жас өскендері күйіп кетеді де, келесі жылдары өнімі болмайды. Осыны ескере отырып, біздер көпжылдық шөптердің астық, майлы, бұршақ дақылдарымен кең қатарлы көрпе егістерін тексеріп көрдік.

Шаруаларға бұл әдіс көп жеңілдіктер береді. Бұрынғыдай жемді бір жерден, шөпті екінші жерден дайындаудың орнына, екеуін де бір танаптағы қоспа егістен алатын болады. Біздің есебіміз бойынша, мал шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнының 60-65 пайызын мал азығы құрайды. Сондықтан жем-шөп өндірудің аз шығынды технологиялары да бүгінгі таңда өте қажет. Осы мақсатта біз бұл шаруашылықтарды астық егуде кең қолданылып келе жатқан топырақты ықшамдап өңдеуге негізделген технологияларды жем-шөп дақылдарын өсіруге бейімдеп қолдандық. Көпжылдық шөптерді егудің бұл әдістері экономикалық жағынан да тиімді болды. Егер бірінші жылғы жоңышканың әдеттегі егісі әр гектарынан 45140 теңге таза табыс берсе, біз ұсынып отырған, жаңа технологияда әр гектардан 137400 теңге табыс алуға қол жетті. Қазіргі кезде осы технологияны бірқатар шаруа қожалықтарында келісім шарттар арқылы өндіруге әрекеттер жасап жатырмыз.

Осыдан екі жыл бұрын Ауыл шаруашылығы министрлігі Елбасының агроөнеркәсіп саласы қызметкерлерінің Форумында берген тапсырмасын орындау мақсатында, ғылыми мекемелер мен халықаралық жобалардың жетістіктерін негізге ала отырып, «Алыс жайылымдарда мал шаруашылығын өркендету», «Мал азығын өндіру» бағдарламаларын жасақтап, іске асыра бастады. Онда 2015 жылға дейін мал азығы дақылдарының егіс көлемін 4,9 миллион гектарға жеткізу немесе сол кездегімен салыстырғанда 77 пайызға арттыру, мал азығы дақылдарының тұқымын өндіруді үш есеге және мал азығын өндіруді 1,5 есеге арттыру көзделген болатын.

Ендігі мақсат- қолда бар ғылыми жетістіктерді өндіріске кеңінен өндіру. Сонымен қатар 2015-2020 жылдарға арналған ғылыми –технологиялық бағдарламада да заманауи жаңа әдістерді қолдану, арқылы мал азығы дақылдарының өнімділігі жоғары сұрыптары мен будандарын шығаруды және «жасыл» ауыл шаруашылығын дамыту принциптеріне негізделген жем-шөп пен тұқым өндіру технологияларын жасақтауды қарастырып отырмыз.

Қорыта айтқанда, республикамыздың агроөнеркәсіп кешенін өркендетудің «Агробизнес-2020» бағдарламасы аясында жасақталған жем-шөп өндіруді арттыруға арналаған іскерлік жоспардың табысты іске асуына ғылым жетістіктері негізінде жасақталған «жасыл» технологиялар кең жол ашады деп санаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Менькин В.К. - Кормление животных. – 2-е изд., перераб. и доп. – М. : Колос С, 2004. – 360 с.
2. Топорова Л.В. и др. Практикум по кормлению сельскохозяйственных животных. – М. : Колос С, 2004. – 296 с.
3. Хохрин С.Н. Кормление сельскохозяйственных животных. – М.: КолосС, 2004. – 692 с.

ЦЕННОСТИ НАЦИОНАЛЬНЫХ ТРАДИЦИЙ В СЕМЕЙНОМ ВОСПИТАНИИ

Токсанова А.Б., студент

Научный руководитель: Аренова А.Х.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. Данная статья “Ценности национальных традиции в семейном воспитании” охватывает круг вопросов, связанных с понятиями: государств, семья, нация, язык, религия и традиция.

Национальные традиции семьи, пройдя через критерии этих понятий получают свой код. Зашифрованная информация с годами наполняется новым смыслом и способностью изменять мир.

Ключевые слова: ценности, воспитание, генофонд, глобализация, личность, уважение, современное общество, традиции, семья, духовная связь.

Президент Нурсултан Назарбаев остановился на проблеме национального самосознания в статье Главы государства «Ориентация на будущее: духовное возрождение». [«Вся земля меняется в наших глазах. Направление мира до сих пор неясно, началась новая эра. В постоянно меняющемся мире мы не сможем сопоставить окно с ведущими странами, если не получим стереотипных принципов, которые полностью поглощены нашим сознанием и мировоззрением.】¹ Чтобы измениться, нам необходимо предпринять позитивные шаги и принять позитивные аспекты новой эры, адаптировавшись к временам. В чем секрет западной модернизации 20 го-века к реальности современности? На мой взгляд, главный недостаток заключается в том, что они характеризуются своими особенностями и опытом, не учитывая особенности других наций и цивилизаций. Социально значимое обратное общество будет иметь духовный код, который начинается с глубины истории его корней. Важнейшим условием модернизации нового типа является сохранение этого национального кода. Без этого легко возродиться, чтобы стать эхом». Здесь есть вопросы о том, как противоречия в современном обществе могут препятствовать нашему развитию и как это может повлиять на молодое поколение.

В условиях трансформации современного общества актуальными представляются вопросы социокультурного порядка, в частности вопросы, касающиеся воспитания подрастающего поколения и имеющиеся важность для традиционных культур народов Казахстана.

Исследования в области педагогики и психологии доказывают, что семье принадлежит основная социальная функция- воспитание детей. В семейном воспитании есть свои преимущества и ценные средства- родительский авторитет, возможность индивидуального подхода к детям, положительный пример родителей и взрослых, учет возрастных особенностей детей, духовная связь и преемственность поколений в семье. Не случайно семья является объектом специалистов различных наук: философии, этногеографии, права, медицины, педагогики, психологии и других. В разносторонних исследованиях проблемы семьи и семейного воспитания рассматривается все то, которое сохранили нам предки в виде национальных традиций, обычаев, законов общения и воспитания.

Семья выполняет функцию воспроизводства эпоса, народа. Речь идет не только о физическом воспроизводстве, а в восприятии духовном – о сохранении культуры, традиции, фольклора, специфических черт уклада жизни, всего того, что входит в понятие «Духовное наследие народа».

Семья в современных условиях становится основным фактором сбережения «национальной культуры». От ее благополучия зависит развитие нации, народа.

[«Среди сил, привязывающих человека к родной земле и родному народу, на первом месте стоит семья, писал педагог гуманист Сухомлинский А.В., подчеркивая. –Великое предназначение семьи в жизни человека»]². Практика показывает, что никакие учебно-воспитательные учреждения не могут заменить семью в воспитании детей, формирование человека как личности, ее характера, силы воли, нравственных качеств реализуется в системе семейного воспитания.

[Воспитание—это сознательно организованный процесс формирования внутреннего мира ребенка и его эмоционально- психического отношения к внешнему миру. Родители и преподаватели должны формировать это отношение сознательно, в то время как все остальное окружение ребенка формирует его отношение к миру бессознательно. Например, упоминая о нормах нравственности и морали, воспитатель должен проявить очень бережное отношение к этим важным заповедям. Это значит, что он должен доказать себе в праве высказывать их, находясь в состоянии раздражения, а также и в тот момент, когда человек пребывает в подавленном состоянии. Иначе эти нормы однажды станут ребенку «поперек горла». т.е. заблокируют его сознание. Процесс блокирования, а также разблокирования сознания требует более длительного обсуждения, и к этому нам еще придётся вернуться.]3

Совершенное действие воспитателя подобно удачной прививке от негативного эмоционально-психического заражения, которое рано или поздно будет предложено сознанию человека его окружением.

Сознавая, что фундаментом достойной иерархии ценностей должны быть сокровенные переживания в сердцах детей, воспитатель не должен ограничиваться назиданиями. Именно таким путем можно надежно оградить ребенка от негативного воздействия окружения. Не следует также забывать, что пробелы в формировании иерархии ценностей будут непременно заменены суррогатами: потребительским отношением к миру, страстью к бесконечным развлечениям и другими.

Обучение—это предложение для ума, а то, что традиционно именуется как воспитание—это предложение пищи для всего человека, которого я считаю существом интегральным.

В Казахских семьях в семейном воспитании особое место занимает использование прогрессивных народных традиций и обычаев. Это обстоятельство определяет стратегическую линию в развитии духовно-нравственного воспитания в семье.

Духовно-нравственное воспитание в современной казахской семье происходит по принципу адаптации к реальной жизни. Сущность его состоит в том, что ребенок как член семьи, взаимодействующий с социальной и природной средой, находит с помощью взрослых адекватные пути и способы выживания, принимает посильное участие во всех делах семейного сообщества. В процессе этой деятельности происходит социализация его личности. Для воспитания детей не готовят специальные «тепличные» условия, все необходимое в жизни они познают и приобретают в деятельности. В процессе повседневного участия в работе, ребенок вырабатывает в себе такие необходимые качества как самостоятельность, творческий подход к решению возникающих задач.

В современных условиях семейное казахское воспитание в некоторой степени сохранило черты исторически отдаленного времени, сохранив идущие из глубины веков традиции и ценности.

[С детских лет у казахов формировалось и воспитывалось уважение к старшим, что являлось естественным ответом на заботу родителей. Обращение к старшим допускалось только на «Вы», но это нисколько не отдаляло детей от родителей, а наоборот способствовало их почитанию. Например, невестка обращалась к отцу своего мужа (свекру) со словами ата, көке, к старшему брату — ағай, к младшим братьям — мырзаға, а всем пожилым, старшим по возрасту, даже незнакомым людям следовало говорить апеке, ағеке, атеке, шешей. Подобное общение считалось нравственным эталоном, который и по сей день сохранил свою значимость. Имеется немало примеров радушия и гостеприимства казахов во все времена.]4В этом отношении особенно показательной и наглядной является давняя дружба казахов с другими народами. В настоящее время в Казахстане проживают более ста различных национальностей. Многие люди были эвакуированы сюда в тяжелые годы Великой Отечественной войны и остались здесь, обретя новую родину на гостеприимной казахской земле. Многочисленные казахские семьи, готовые поделиться всем, что имели сами, удочеряли и усыновляли сирот.

Таким образом, даже сейчас в современном мире, где каждый день происходят изменения мы не потеряем свои ценности, традиции. Ведь это заложено уже в нашем генофонде, запечатано в нас. И я думаю, что каждая семья, в которой есть свои семейные ценности, никогда не пропадет. Семья, в котором после каждого дня происходит обмен полезной информацией и есть духовная подпитка, никогда не сойдется с пути. И если хоть один из нас будет помогать другому разжечь в душе этот огонек, чистоту мыслей и чистоту души, то станем сильнее духом. И оставим после себя достойное поколение, которое твердо будет идти вперед.

ЛИТЕРАТУРА

1. Статья Главы государства "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания" (12 апреля 2017)
2. Ценность семейного воспитания в педагогическом наследии В.А.Сухомлинского.
3. "Салт дәстүр сөйлейді" Санжар Керімбай Болат Бопайлы
4. «Воспитание и обучение как интегральный процесс» А.М. Долбилов

ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ МАНГИСТАУ

Телейберген К., студент

Научный руководитель: Калиева Э.И.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. В статье анализируется педагогическая ценность культурного наследия Мангистауского региона, пути их использования в воспитательных и образовательных целях, а также пропаганда педагогического наследия среди населения.

Ключевые слова: культурное наследие, Мангистау, педагогическая ценность, воспитание

Изучение культурного наследия Мангистау в педагогическом плане не проводилось полноценно, изучался его фольклорный аспект. Конечно, было бы несправедливым утверждать, что эти ценности вообще не используются в педагогическом процессе образовательных учреждений. В настоящее время это происходит от случая к случаю, определенной методики их использования нет. Сбор, исследование, анализ и пропаганда педагогической ценности культурного наследия Мангистау должна проводится по следующим направлениям:

-Воспитательное значение возрождения народных культурных традиций казахов, населявших Мангистауский регион;

-Музыкально-песенные традиции предков как верное средство воспитания подрастающего поколения;

-Архитектурные памятники Мангистау и Устюрта на трассах Великого Шелкового Пути: воспитательная ценность и проблемы сохранения;

-Памятники природы Мангистау как основа экологического, нравственного и эстетического развития подрастающего поколения;

-Географические названия Мангистауского региона – вечный и неиссякаемый источник воспитания;

- Особенности развития просвещения Мангистауского региона;

- Воспитательно-педагогические воззрения народа земли Мангистау.

Мангистау, расположенная на побережье Каспийского моря, это край древнейшей цивилизации, называют «археологическим заповедником, музеем под открытым небом», найденные в этих местах прекрасные образцы архитектурного искусства кочевников

удивляют мировое общество, и которые в рамках международной серийной номинации «Великий Шелковый путь» были внесены в список объектов всемирного наследия ЮНЕСКО.

В Мангистау находятся уникальные археологические и исторические памятники, наскальные рисунки-поэмы, удивительные сооружения, мавзолеи, наземные и подземные мечети и некрополи, где покоятся 360 святых, изумляют талантом возводивших их неизвестных мастеров, не знавших о чертежах и эскизах, державших в голове весь замысел - от первого камня в фундаменте до последнего завитка в узоре резного орнамента [1].

Учеными установлена уникальность множеств природно-исторических памятников Мангистау, их научная ценность мирового масштаба. На их территории найдены разные археологические и геологические объекты (комплекс древних сооружений, следы былых сражений, изделия народного творчества другие).

В ходе изучения у подрастающего поколения углубляются не только знания об уникальных природных объектах, они также проникаются чувством гордости за родину, за то, как природа могла повлиять на характер населявшего народа, чувством эстетического и бережного отношения к природе, частью которой является сам человек.

Мангистауский регион имеет присущее себе древнюю историю, традиций, обычаи. Сведения в научных литературах и древние памятники, сохранившиеся до наших дней, указывают на то, что этот регион никогда не выходил с колеи многовекового развития цивилизации. Исторические традиции и обычаи показывают нравственные принципы народа, нормы и правила взаимоотношений между людьми.

Изучение и всестороннее исследование истории развития педагогической мысли и духовной культуры мыслителей этой земли имеет важное значение для обоснования мировоззренческих ценностей, которые соответствовали бы основным тенденциям развития современной педагогики. Особенно, в этом плане исследование педагогических воззрений Бекет Ата является важным и своевременным, Бекет Ата - великий просветитель, гуманист, духовный учитель, предсказатель и пророк, которому открыта книга бытия. Он внес огромный вклад в развитие наук на родной земле, основав духовные школы в построенных им мечетях (в том числе подземные), ставшие научным центром и обсерваторией.

Он принес на родную землю новое учение, основанное на гуманизме. Его учения можно уверенно отнести к педагогическим, так как имеют важное значение в вопросах развития личности, места и роли человека в обществе, умственного, религиозно-суфийского, физического, трудового, семейного, патриотического воспитания, самопознания и т.д. Например, учил:

- почтительному отношению к семье, родителям, детям. Семья – это основа праведной человеческой жизни. Учил почитать жен сыновей и мужей дочерей, их детей. Требовал, чтобы идущий к нему на поклонение паломник сперва поклонился зятю святого Шопан ата. Зять, как и сноха – это связующая нить с другой семьей, эта связь закладывает основу для союза двух племен, этот союз создает этнос, народ, государство.

- трудолюбию, что счастье и благополучие в труде, в неустанном, целенаправленном труде. Сам он всю жизнь трудился не покладая рук, собственными руками тесал камень, на скале вырубал тропинки, помещения для школ. Этим самым он возвеличил ремесленника, трудящегося люда, создателя материального блага – основы праведного человеческого существования.

- почтительное отношение науке. Открывал школы – медресе вдоль весенних и осенних дорог кочевий, на зимовках, на летнем джайляу.

- справедливости, что каждый человек имеет естественное, значит божественное, право на равенство, свободу, справедливость. Когда вершил суд, всегда придерживался этих принципов, ни происхождение, ни богатство, ни социальный статус не имели для него какое – либо определяющее значение. Перед богом все равны. И эти праведные деяния возвеличили его не только на глазах земляков, но и далеко за пределами родного края.

Культуру Мангистау невозможно себе представить без народного искусства, которое раскрывает истонные истоки духовной жизни несаявивших его народа, наглядно демонстрируют его моральные, эстетические ценности, художественные вкусы, являясь частью его истории, которые должны найти большее отражение в содержании образования и воспитания подрастающего поколения. Особое значение имеет творчество местных акынов, поэтов-певцов, сказителей, исполнителей терме (Сугир, Актан, Кашаган, Калнияз, Нурым, Абыл, Саттигул, Мурын), где отражались принципы обучения подрастающего поколения. Их поэтические размышления имели педагогическое значение, пробуждая в людях благородные чувства: любовь к родине, честность, правдивость. Особое значение местные певцы-сказители придавали человечности.

Мангистау – край преданий и легенд, красноречивых слов местных би-ораторов, пословиц и поговорок, которые выполнили роль общественных воспитателей подрастающего поколения. Народные легенды и предания этого региона – могут стать весьма мощным средством воздействия на сознание детей, так как является частицей народного опыта, и ее способен осознать каждый ребенок. Все народные легенды содержательны и отшлифованы самим народом.

Богатейшая народная музыка Мангистау, обладая большим интеллектуальным, мировоззренческим, и творческим потенциалом, является верным средством воспитания преемников традиций, открытых для диалога с другими народами.

Декоративно-прикладное искусство земли Мангистау действительно очень уникальное и неповторимое, несет в себе огромные потенциальные возможности для развития молодого поколения, воспитания патриотически настроенной молодежи, знающей свои традиции и способной их возродить.

Изучение творческого наследия предков способствует привлечению внимания к духовным ценностям, развитию интереса и уважения к историческому прошлому, а это открывает большие возможности для развития человека как личности, индивидуальности с альтернативным мышлением, способной понимать и ценить то, что создано трудом народа, сделает их жизнь нравственно стабильнее и духовно богаче. Таким образом, с одной стороны, культура, традиции-обычаи древней земли Мангистау отражали жизнь народа, являясь «зеркалом» народной жизни, с другой, они выступали из поколения в поколение средствами трудового, экологического, эстетического, нравственного воспитания молодежи и готовили их к жизни.

ЛИТЕРАТУРА

1. Самашев З. С., Кушербаев К. Е., Аманшаев Е. И Астафьев А.Е. Сокровища Устюрта и Мангистау. Алматы. 2007. с. 116

ИРАН МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Тобыш Х., студент

Ғылыми жетекші: Медиханова А.Б.

III. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Актау қ.

Аңдатпа. Мақалада Иранмен Қазақстанның дипломатиялық қарым-қатынастары баяндалады. Сондай-ақ, екі ел арасындағы саяси, экономикалық, мәдени аспектілері қарастырылады.

Түйінді сөздер: қарым-қатынастар, әріптестік, дипломатия, ынтымақтастық.

ҚР сыртқы істер министрлігінің мәліметтеріне жүгінсек екі елдің арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылдың 22 қаңтарынан бастау алады. Иран Ислам Республикасындағы Қазақстан елшілігі 1993 жылы ашылған. Ал Иранның Қазақстанның астанасындағы елшілігі 1992 жылдан бері жұмыс істеп келеді.

ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 1999 жылы 6 қазанда Тегеранға жасаған ресми сапарында «Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы өзара қарым-қатынастар туралы Декларация» қабылданды. Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы саясат, экономика, мәдениет салаларындағы жан-жақты ынтымақтастықты нығайту және дамыту, әрі достық байланыстарды тереңдету мақсатында қабылданған декларацияның әр тарауы аталған салаларды жандандыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасының қарым-қатынасы өзара сенім, бір-бірінің егемендігі мен тәуелсіздігін құрметтеу принциптеріне, халықаралық қауіпсіздік принциптерін сақтауға негізделген және тату көршіліктің, екі тараптың саяси, экономикалық мүдделері мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізінде достық байланыстардың деңгейін одан әрі көтеруге бағытталған. Тараптар қазіргі байланыстардың деңгейіне және саяси өзара қарым-қатынастардың жай-күйіне қанағаттанғандығын білдіріп әрі ынтымақтастықтың қолда бар потенциалын бұрынғыдан да тиімдірек пайдалануға ұмтыла отырып, барлық деңгейлердегі саяси консультацияларды одан әрі жандандыруды құптап, пікір білдірді.

Тараптар көптеген аймақтық және халықаралық проблемалар бойынша көзқарастарының бірдейлігін атай келіп, екі мемлекеттің аймақтық және халықаралық ұйымдардағы жалғасып жатқан ынтымақтастығына қанағаттанғандығын білдірді және БҰҰ, ЭЫҰ мен ИКҰ шеңберіндегі ынтымақтастықтың одан әрі дамуын жақтап, пікір білдірді [1].

2018 жылғы 12 тамызда Ақтау қаласында Бесінші Каспий саммиті өтті, оған Әзербайжан, Иран, Қазақстан, Түрікменстан, Ресей Федерациясының басшылары қатысты. Саммит барысында Каспий теңізіндегі оқыс оқиғалардың алдын алу туралы үкіметаралық келісімге қол қою мемлекеттердің өзара іс-қимылының базалық қағидаттарын – егемендікті, аумақтық тұтастықты құрметтеуді, бір-бірінің қауіпсіздігіне нұқсан келтірмеуді, әскери қызмет саласындағы келісілген сенім шараларын сақтауды өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту жөніндегі ортақ күш-жігерге сәйкес болжамдылық және транспаренттілік рухында іске асыруға бағытталған.

Экономикалық жағынан қарасақ, Иран мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастар нығая түсті. Қазақстан мен Иран «Қазақстан-Түркіменстан-Иран» теміржолы мен Каспий теңізі арқылы су жолы жалғанды. 10 сәуір күні 2016 жылы Иранға ресми сапар жасаған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ел басшылығымен ғана емес, сонымен бірге ирандық ірі компаниялар мен холдингтердің басшыларымен кездесті. Мемлекет басшысы қазіргі кезде Қазақстанда басымдылығы бар бірқатар мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылып жатқанын, оларға Иран компаниялары қатыса алатынын атап өтті. Бұлар - инфрақұрылымды дамытуға арналған «Нұрлы жол» бағдарламасы, индустрияландыру бағдарламасының екінші кезеңі және ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасы. Сонымен қатар, Қазақстан Иранмен медицина, биотехнология, агротехнология, ғарыш технологиясы сияқты салаларда ынтымақтастықты дамытуға мүдделі екендігін атап өтті. Иран өкіметі алдағы 5 жыл ішінде бізден мыңға жуық жолаушы тасымалдайтын вагон сатып алмақ. Екі ел бірлесіп тұрғын-үй құрылысына қаржы құюды келісіп отыр. Қысқасы, бұдан былай мемлекеттер арасындағы байланыс бұрынғыдан да баянды бола түспек.

Мәдениет және ғылыми жағынан қарастырсақ, Қазақстан мен Иран арасында 1993 жылы Ғылым және мәдениет саласындағы ынтымақтастық туралы келісім шарт қабылданды, екі мемлекет достық және тату көршілік қатынастарын нығайтуға қызмет етеді деп сенім білдірді. Осыған байланысты екі елдің арасында ғылыми-техникалық, гуманитарлық, тарихи, мәдени және діни байланыстар қарқынды дамуда [2].

5-6 қарашада 2017 жылы Теграндағы Шәһид Бехешти университетінің Халықаралық конференциялар орталығында Қазақстанның Ирандағы елшілігі мен Иранның Ғылым, зерттеулер және технологиялар министрлігінің ұйымдастыруымен Иранның университеттері және таңдаулы ғылыми институттары мен Қазақстанның үш университеті, атап айтқанда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ және Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті (ОҚПУ) арасында ғылыми ынтымақтастықты дамыту жолдарын талқылауға арналған ортақ отырыс өтті. Шәһид Бехешти университетінде Фараби орталығын ашу туралы ұсыныс жасалды. Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті мен Шәһид Бехешти университеті арасында әріптестік туралы меморандумға қол қойылды [3].

Қазіргі уақытта Қазақстан мен Иран арасындағы саяси, экономика, мәдени салаларындағы жан-жақты ынтымақтастықты нығайту және дамыту әрі достық байланыстар терең дамуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР әділет министрлігі. - <http://adilet.zan.kz/kaz>
2. Қасымбеков Б.А, Багарова Ж.А. Иран және Қазақстан әріптестігі. - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O9900000001>
3. Тегранда Қазақстан мен Иран университеттерінің ортақ отырысы өтті. - <http://parstoday.com/kk/news/iran-i32145>

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Атшыбаева Н.Б., студент

Ғылыми жетекші: Калиева Э.И.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Аталмыш мақалада инклюзивті білім беру жүйесінде психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық жұмыстардың маңыздылығы қарастырылған.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, әлеуметтік-психологиялық жұмыс

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан -2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халқына Жолдауында білім беруді дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екендігі айтылған [1].

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру білім беру саласындағы басты стратегияларының бірі болып табылады. Инклюзивті білім халықаралық ұйымның көптеген мүше елдерінің білім беру саясатының құрамына ене отырып, жалпы мемлекеттік әлеуметтік саясаттың бір бөлігі болып табылады.

Инклюзивтік білім беру жүйесі - барлық балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру деп түсіндіріледі. .

Өткен ғасырдың аяғынан бастап инклюзивті білім беруді дамыту әлемнің көптеген шетелдік мемлекеттерде білім беру саясатының жетекші бағдарына айналды. АҚШ, Ұлыбритания, Дания, Испания, Финляндия, Германия, Италия, Австралия, Финляндия сияқты елдерде балалардың дамуы үшін тиісті психологиялық-педагогикалық жағдай

жасалған жалпы білім беру ұйымдарында даму кемістігі бар балалар қалыпты дамыған құрдастарымен бірге табысты білім алуға.

XX ғасырдың 70-ші жылдарынан бастап шетел мемлекеттерінде мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған нормативті актілер әзірленіп, мүмкіндігі шектеулі балалар тарапынан білім алуға қол жеткізу жолында бірқатар түрлері мен амал –тәсілдері пайда болды:

- білім алуға деген мүмкіндікті кеңейту;
- мейнстриминг;
- мүмкіндігі шектеулі оқушылардың құрдастарымен түрлі мейрамдар, сауық бағдарламалары басқа да шаралар кезінде араласуы;
- ықпалдастық – психикалық және физикалық кемтарлығы бар балалардың қажеттіліктерін оларға бейімделмеген, жалпы өзгермейтін білім беру жүйесіне сай келтіру;
- білім беретін және коррекциялық қызметті таңдау мүмкіндігі инклюзия, яғни кірістіру - еш шектеусіз барлық балалардың талаптары мен қажеттіліктеріне жауап беретіндей етіп мектептер мен оқу бөлмелерін қайта құру.

Жоғарыда аталған озық елдерде педагогикалық қамтамасыз етудің және мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдаудың өзіндік моделі қабылданған. Олардың көпшілігінде мектептегі ресурстық орталықтар немесе қолдаудың жергілікті қызметі құрылған, онда мүмкіндігі шектеулі оқушыларға педагогикалық-психологиялық түзету жұмыстары ұйымдастырылады.

Елімізде мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту шараларының сапасын арттыру мәселесі өзекті болғандықтан, әлі толық шешімін таппаған. Ерекше топқа жататын балалардың жалпы білім беру ортасына кіріктіру туралы зерттеулер жеткіліксіз немесе жоқтың қасы.

Инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу ерекше маңызға ие болады. Даму мүмкіндіктері шектелген оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу төмендегілерге бағытталуы тиіс:

- баланың денсаулығын және дене күшін қолдау: бала өмірінің денсаулық сақтау түзімін ұйымдастыру, оларды жеке таңдалған қимылдық белсенділіктерге, денсаулықты нығайтатын сабақтарға қатыстыру;
- балалардың зерде дамуын қолдау: әрбір баланың танымдық ерекшелігін анықтау және дамыту, оқу әрекетінің табысты болуы үшін жағдай тудыру;
- баланы қарым-қатынас саласында қолдау: балаларға гуманистік өзара әрекеттенуіне жағдай тудыру, балалардың қолы бос кезіндегі әрекеттерде жеке қабілеттерін қолдау, тәртіп түрін саналы түрде таңдауына көмектесу;
- баланың жанұясын қолдау: жанұялық қатынасты зерттеу, олардың үйлесімді болуына көмек көрсету [2].

Инклюзивті білім беру жағдайында педагог-психологтар қарым-қатынасқа негізделген келесідей әлеуметтік-психологиялық бағыттардағы жұмыстарды қамтуы қажет, ол:

- Психодиагностика - баланың психологиялық жағдайы мен дамуын анықтау;
- Психопрофилактика - дезадаптация, белгілі бір жағдайға бейімделудің алдын-алу немесе жағымсыз психологиялық деңгейін төмендету мен оның алдын-алу жұмыстарын жүзеге асыру;
- Психологиялық түзету - психологиялық әсер етудің арнайы құралдарының көмегімен тұлғаның психологиясы мен іс-әрекетіндегі жетіспеушіліктерді түзету;
- Психологиялық кеңестер – мұғалімдерге, ата-аналарға, оқушыларға қажетті психологиялық ақпарат бере отырып, инклюзивті оқытуда кездесетін қайшылықтарды, өтпелі кезеңдерді жеңуге, әрі сапалы нәтижеге қол жеткізуіне ықпал ету;
- Психотерапия – тұлғаның сапалық тұрғыға өзгеруіне, сондай-ақ қарым-қатынас іскерлігін дамытуға, сезімталдықты жетілдіруге және мінез-құлықты реттеуге бағытталған ықпал. Мұнда қолданылатын психологиялық ойындар балалардың ақыл-ойының,

әлеуметтік өмірдегі нормалары, ережелері мен заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік береді. Баланың қол моторикасын дамыту оның психологиялық, интеллектуалдық дамуына үлкен зор үлес қосады.

Осылайша, инклюзивті білім беру мәселесінде, біздің ойымызша, педагогикалық-психологиялық та, әлеуметтік те жұмыстың тоғысатын түйіні анықталады. Жүргізілетін әлеуметтік педагогикалық-психологиялық оңалту шараларының жалпы мақсаты мүмкіндігі шектеулі балаға рухани дамуы үшін психологиялық-педагогикалық жағдай жасау, өз-өзіне сенімді, белсенді, қалыпты балалармен қарым-қатынас жасауға үйренген, өзіне-өзі қызмет жасай алатын, болашаққа оң көзқараспен қарай алатын бала тәрбиелеу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», «Егемен Қазақстан» газеті, №11 (28235)18 қаңтар 2014
2. Мовкебаева З.А., Денисова З. А., Оралканова И. А., Жакупова Д. С. Методические рекомендации по подготовке педагогов к внедрению инклюзивного образования. - Алматы: Дайкпресс, 2013. - 165 с.

ЖАС ОТБАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Темірхан І., магистрант

Ғылыми жетекші: Көкшеева З.Т

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Елбасының рухани жаңғыруда қойылып отырған маңызды мәселенің бірі - ұлттық сана-сезім көкжиегін кеңейтудегі ұлттық код, ұлттық мәдениет сақтау, ол алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту. Мұндағы басты идея болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра білу. Озығын алып, тозығын тастау», - деген болатын. Осыған сәйкес, ұлттық бірегейлігімізді, құндылықтарымыз бен әдет-дәстүрімізді сақтап, мәңгілік ел болудағы рухани жаңғырудың маңыздылығы – өз халқының өткені мен бүгінгісін зерделей алатын, тілі мен дінін, әдет-ғұрпы мен салт-санасын қадірлей білетін, қазіргі заман талабына сай бірнеше тілді еркін меңгерген білімді, бәсекеге төтеп бере алатын адамгершілігі жоғары жастардың өз отбасын берік құра алуына да байланысты болмақ. Олай дейтініміз, отбасы- шағын мемлекет, ол адамзаттың өсіп-өнер, қаз тұрып қанат қағар ошағы, алтын бесігі. ҚР этникалық мәдени білім тұжырымдамасында “...Баланы ата-анасымен, тума-туыстарымен, әулет-тегімен, этносымен етене жақындатып, бабаларына деген мақтаныш, құрмет тұту, қайран қалу әсерлерін туғызатын этникалық өзін-өзі сәйкестендірудің алғышарттарын жасаумен қатар, басқаны да естен шығармау қажет” – деп, жастарды отбасылық өмірге даярлауды ұлттық рухани мәдениетпен байланыстырудың өзектілігін айқын көрсеткен [1]. Отбасы психологиясын зерттеушілер А.Г. Харчев, А.Н. Антонов, З.И. Файнбург, Д. Горборинко оның функцияларына: ата-ананың үгіт-насихаты, түсіндіруі, олардың үлгі-өнегесі, үйдегі ахуал, отбасының психологиялық тынысы арқылы балалардың әдеті, мінез-құлқы, жақсы-жаманды бағалау критерийлері қалыптасуымен бірге қандай іс-әрекеттері үшін сөгіс алып, не үшін жазаланатынын, әділдік пен адалдық ұғымдарын меңгереді деген тұжырымдар жасады. Г.М. Свердлов және В.Л. Ресенцев отбасының маңызды қызметтеріне ұрпақ жалғастыру, тәрбиелеу, шаруашылық және өзара көмек көрсету түрлерін жатқызған. Ата-ананың отбасылық ықпалы туралы А.Ю. Гавит, Э.А.Тийт өз еңбектерінде қарастырды, сонымен қоса некедегі сәйкестікке қатысты мәселелер де талданған. Д.Горборино отбасын «адамзаттық тәжірибенің негізгі бірлігі» ретінде сипаттаса, А.Н. Антоновтың айтуынша,

отбасы ата-ана бала қатынасын орнатады, ал неке болса ер азамат пен әйел адамның арасындағы қарым-қатынасты растайтын мойындау болып табылады[2]. Көптеген ғалымдардың зерттеулері бойынша, тұрақты отбасы тек қана жастардың отбасылық өмірге нақты дайындық кезінде жүзеге асады. А.Н.Сизанов тұжырымы бойынша үйлесімділіктің кепілі, “отбасылық өмірге дайындық” түсінігі өзіне әлеуметтік-өнегелі, психологиялық дайындықты, яғни отбасы үйлесімділігінің кепілі психологиялық тұрғыдан жетілгендікті. Әлеуметтік зерттеулер бойынша некені ерте қию, жұбайлар арасындағы жыныстық қанағаттануына әсер етуші маңызды фактор болып табылады. Отбасын 18 жастан құруға болады, бірақ дәрігерлік көзқарас бойынша некеге қыздар үшін 20-22 және ұлдарға 23-28 жастарына бастап неке құру сәтті деп есептеледі. Мысалы, әйел адам жар таңдағанда ер адамды жетілген тұлға ретінде қабылдайды, олардың ақылын бағалайды, мәдениетіне, интеллигенттілігіне, мейірімділігіне, ұқыптылығына да қарайды. Ал ер адамдарды бәрінен бұрын әйел адамның сұлулығы, яғни оның сыртқы бейнесі, дене сымбаты, жүрісі және т.б. қызықтырады. Отбасылық өмірге жұбайлардың бейімделуін және үйлесімділігін қамтамасыз ететін маңызды кезең, олардың жастарының сәйкес келуі болып табылады. А.Г. Харчев тұрмыстағы әйелдерге мынадай сұрақ қояды: “Сіз некеге дейін өзіңіздің серігіңіздің бойынан нені бағаладыңыз? ” Сонда мынадай жауаптар алынды: ақыл (60%), салмақтылық (58%), еңбек сүйгіштік (46%), күш және жігерлілік, сонымен қатар ашық мінезділік (44%), өзіне және басқаларға деген құрмет (40%). Өте жас некелерге бір-бірінің әлеміне бастап кіру, отбасындағы еңбек пен міндеттерді бөлісу, қаржылық, тұрмыстық мәселелерді шешу, әйелі мен ері роліне ену. Некелік өмірдің бұл кезеңі ең қиын және қауіпті кезең. Жас некелерге балалардың туылуы және тәрбиемен байланысты мәселелер, уақыт тапшылығының шиеленісуі, дене және жүйке шаршауының артуы тән. Психологиялық тұрғыда бұл екі кезеңнің міні жұбайлардың бір-біріне бейімделуі мен бірге тұруы процесіне әкеледі. Өкінішке орай, ажырасудың 65 % жұбайлық өмірдің алғашқы 10 жылына келеді. Сысенконың топтастыруына сәйкес, бұл «өте жас» некелерге тән. Дегенмен, үйлесімділікті бұзатын шиеленістерді болдырмау отбасындағы негізгі қағидалар 5 негізгі принциптерге сүйенеді, олар: 1. Мүмкіндігінше ешбір себепсіз біріне-бірі айқайламау, дауыс көтермеу, өйткені ол бір-бірінің арасындағы жақсы қатынасты жояды. 2. Бірден басқаларды тәрбиелеуге тырыспау. 3. Бір-бірінің кемшіліктерін бетке баспау. 4. Бір-бірінің жақсы жақтарын жоғары бағалау. 5. Жақындарына әдепті, инабатты болу, сонда ғана басқалардан жақсы қатынасты күтуге болады[3]. Жанұяны алғашқы даму кезеңінде қарастырған зерттеушілердің қорытындылары бойынша жас жанұяның бейімделушілігінің дұрыс өтпей, қалыпсыздыққа әкелуінің объективті және субъективті себептері бар. Осы себептер шеңберінде ең бірінші бөлініп шығатыны – жас жұбайлардың қарым-қатынасқа түсе алмауы және шиеленіскен жағдайда ынтымақтастық шешімді таба алмауы болып табылады. Жас жанұяларда ажырасудың көбеюі психологтардың айтуы бойынша күрделі теріс зардаптарға алып келеді: а) бірінші некенің бұзылуы ажырасушылар тұрғысына негативті әсер береді. Осы әсер ерлі-зайыптылардың келесі отау құрудағы қарым-қатынастарынан орын табады; ә) ажырасу кезінде пайда болатын психологиялық мәселелер және жаңа статуска бейімделу көбінесе ажырасушыларды маскүнемдікке, ассоциалды қылықтарға алып келеді; б) бірінші, алғашқы некедегі сәтсіздік, неке құру, отау тігу шешіміне кері әсерін тигізеді. Осыған қоса әйелдердің қайтадан некеге отыру ықтималдылығы төмендейді және олар баламен қалып қояды; в) ажырасу санада алғашқы реттік болып қалыптасады. Ажырасуды шиеленіскен жағдайда ең тиімді жолы деп санайтын ерлі-зайыптылар некені бұзбай ұстап қалуға, жанұяны сақтап қалуға өздерін, дағдыларын, мінез-құлықтарын сақтап қалуға тырыспайды, аса күш жұмсамайды[4]. Ұлы Абай «Бала неғұрлым көп естіп, көп көрсе, соғұрлым көп біледі» дегенін ескерсек, бала кез келген құбылыс пен оқиғаны ең алдымен өз отбасынан көреді, жақсылық пен жамандық тұрғысындағы тұжырымдарды ата-анасынан естіп, байқайды. Мұны В.Сатир «Отбасы-барлық әлемнің микрокосмосы»-деп дәл бере білген. Қазіргі кезде отбасы жағдайында жас жұбайлар арасындағы қатынаста түсінбеушілік жайттардың жиі орын алып, бір-біріне

кешіріммен қараудың маңызы кемшін тартып, түрлі келеңсіз оқиғалардың орын алуы, отбасы қатынасындағы психологиялық қызмет көрсету жағынан мәселені тереңірек қарау қажеттілігін тудырып отыр. Сондықтан да отбасында орын алған мұндай қиындықтарды шешуге психологиялық көмек көрсету жолдары жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР 2020 жылға дейінгі отбасындағы әлеуметтік жағдайды дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. - № 5., 36 -39 б.
2. С. Минухин, Ч. Фишман. Техники семейной терапии. – М.: «Класс», 2008.
3. Л.Б. Шнейдер Психология семейных отношений – М.: ЭКСМО-Персс, 2012.
4. Я. Варга Системная семейная психотерапия. Краткий лекционный курс. СПб., 2011

ҰЛТТЫҚ ҚАЗЫНА – Ж.БАЛАСАҒҰН МҰРАСЫ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ САНАСЫН ЖАҢҒЫРТУ

Битикова И., магистрант

Ғылыми жетекші: Көкшеева З.Т.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгірте келе, бұл жаңғырудың маңыздылығына тоқталады: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Ал бұл - ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Педагогиканың дамуы өткен ұрпақтардың тәжірибиесіне бас бұруымен, оны тарихи-педагогикалық түсінумен байланысты. Өйткені ол өткен ұрпақтардың жұмысының қорытындысы ретінде қарастырылғанда ғана мәнді. Мұндай міндеттерді шешу қажеттілігі тарихи дамуымыздың әр кезеңдеріндегі ұлт ойшылдары мұраларын, қазақ халқының ғасырлар бойы қордаланған бай даналық мұрасын игеруді талап етеді. Сондай-ақ, Елбасы: «...өткенді зерделеп, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, оны бүгінгі күннің кәдесіне жарату - қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, айта беретін тәуелсіздігіміз, егемендігіміз осы тарихты тануға тікелей байланысты: өткенді білмей, болашақты анықтау мүмкін емес», - деген болатын[1].

Қазақ халқының ата-бабадан келе жатқан тарихын, салт-дәстүрін, Жүсіп Баласағұн сынды бабаларымыздың мұрасын жан-жақты зерттеп оқыту - Елбасымыздың тағлымы терең еңбектерінде, халыққа деген Жолдауларында үлкен міндет ретінде айтылады. Ж.Баласағұнның мұрасы көптеген ғалымдардың назарын аударып, жан-жақты зерттелуде. Ең алдымен, «Құтты білікті» зерттеу негізінен Қазыбек би Тауасарұлы, Абай Құнанбаевтан бастау алса, кейіннен орыс зерттеушілері мен шет ел шығыс ғалымдары, ал қазақ ғалымдарынан А.Егеубаев, М.Мырзахметов, Ә.Қоңыратбаев, М.Орынбеков, Р.Бердібаев, Х.Сүйінішәлиев, Қ.Өмірәлиев, Ә.Дербісалиев, Ұ.Жамирова, К.М.Байпақовтар және т.б. зерттеген. Философиялық, психологиялық, тарихи, педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдау ұлы ойшылдың шығармаларындағы тәлім-тәрбиелік, ізгілік идеяларына ғалымдар А.Қасымжанов, Д.Мажиденова, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, А.Көбесов, Ә.Көшербаева, Т.Ахметовтердің т.б. кеңінен талдау жасап, арнайы зерттегенін көрсетеді[2]. Міне, қай

кезенде де мәнін жоймай, он ғасырлық ұрпақ жалғастырған көне түркі тіліндегі жәдігерлеріміздің бірі – Жүсіп Хас Хаджибтың «Құтты білік» дастаны кез келген нәрсенің бастауын тәрбиемен ұштастыра білген. Бұл құнды мұраның мәні мен мазмұны зор өте зор. Дастанының әр жолдарындағы тәлім-тәрбиелік толғамдар, әсіресе, бүгінгі ұрпақтың рухани жан-дүниесін байытып, санасын жаңғыртуда аса қажет-ақ. Олай дейтініміз, ұлы ойшылдың келер ұрпаққа қалдырған мұраларының өміршендігі де осында деп білеміз. Ж.Баласағұн: «Адам жайлы баяндайын енді мен, Қадір тапқан ақыл, білім, иесімен», - дейді. Ақыл қайда болса, ұлылық толады, білім кімде болса, сол білікті болады, - дей келе, дастанындағы төрт дінгекті адамның рухани қалыптасуының басы ретінде алады, мұндағы тәрбиенің басқа қырлары осы төртеуіне бағынышты, яғни тұлға тәрбиесінің түрлі жақтары, түрлі бағыттары осы төрт дінгекте жалғасып отырады. Мыңдаған жылдар өтсе де осы төрт дінгек тәрбиенің негізі болып келеді. Ғұламаның оларды төрт ұлық деп атауы да бекер емес: Бірі оның – шындық жолы, Әділет, Екіншісі – құт пен ырыс, Дәулет, Үшіншісі – ақыл мен парасат. Төртіншісі – ұстамдылық, қанағат. Дастандағы төрт ұлық сөздерінен туындап отырған тәрбие жүйесі арнайы белгіленген аттармен нығая түседі. Өйткені әр атаудың мағынасы да, мазмұны да тереңде жатыр. Соңында автор ойын түйіндей келе: Бұл төртеудің хикматы шырын-балалар, Сол сөздерден осы кітап құрылған. Кітаптар көп арабша да тәжікше, Біздің тілде бұл жалғыз-ақ әзірше, -деп «Құтты білік» дастанын қарахандар дәуірінің тәрбие тұжырымдамасы ретінде бағалайды. Ел ішінде бағзыдан мәлім «Басқа пәле тілден», «Андамай сөйлеген ауырмай өлер» деген асыл сөздердің төркінін аңғарудың еш қиындығы жоқ. Осы ой «Құтты білікте»: «Қызыл тіл қара башқа навлақ иағы» деп басталатын философиялық түйіндермен үндесіп жатқанын байқауға болады. «Сабыр түбі – сары алтын», «Сабырсыз қалар ұятқа, сабырлы жетер мұратқа», «Ашуды ақылға жеңдір» деген сияқты халық даналығының бастау арнасына мына жолдарды еш күдіксіз бағалауға болар еді» деген зерттеушілердің ойы анық көрінеді (М. Мырзахметов, С. Қалиев, Ә. Көшербаева, т.б.). Бұл бәйіттерді қазіргі қазақ мақал-мәтелдерімен салыстырғанда ескеретін ерекшелік тек әдеби шығармаларда ғана кездесетін поэтикалық көркемдік әдіс-тәсілдердің біртектілігі және мағынасының, тәрбиелік тұстарының ұқсастығына байланысты әрбір бәйіттер белгілі бір тәрбие мен оның мақсаттарының мәнін ашып көрсетеді. Ғұлама қай мәселені көтерсе де халық тәлім-тәрбиесіне сілтеме жасап отырған: Ақылды – ұлы, біл, білімді-білікті, Білім кімде, сол білікті болады.

Екеуі ұлы етер, қонса, жігітті. Ақылы болса, пайдасын ер көп көрер,

Ақыл қайда болса, ұлылық толады, Білім білсе, әзіз тірлік өткерер (354-356) [3].

Сонымен дастанның алғашқы бәйіттері халық бағалаған адамгершілік, білім мен тіл өнері, адам баласының қадір-қасиеті біліммен екендігін айтудан бастауы тегін емес. Құт та, ырыс та – білімде. Бақытың – ақылыңда. Көне дәуір ғұламасының халық санасында жүрген прогрессшіл идеялары сонау XI ғасырда айтылған. Дәстүріне берік қалыптасып, бүгін халықтың тәлім-тәрбие негізіне айналған. Жүсіп Баласағұн сол 1069 жылы: Білім күтпе қызба адамнан, тасырдан; Ашулы адам адасады ақылдан; Қызбалық – сұм, ақыл-естен тандырар: Жайсаң ерді ашу қапы қалдырар! (334-335); Ұры-қары кол жеткізіп ала алмас! (313); Кісі мәңгі болмас, мәңгі – ат, ары; Мәңгі қалар оның жақсы атағы! (229), - деп жазса, бір таңданарлығы осынау өлең жолдарындағы ақылды ойлар халық даналығында күні бүгінге дейін сақталып келгені ғаламат[4]. Бұдан шығатын қорытынды, ойшыл-ғұлама Баласағұнның халық тәрбиесінің негізгі құралдарына сүйенгені байқалады. Бәйіттердің астарларынан халықтың көркем тілімен құрастырған аңыз-әңгімелерінің, ертегілердің мазмұны анық көрінеді.

Бүгінде Қазақ елінің көк байрағы биіктен желбіреп, тәуелсіздік тірегімізге айналған уақытта, «Мәңгілік елдің» шыңына жеткізер жас ұрпақтың рухани санасын жаңғыртуда білім мен тәрбие беру аса маңызды. Алайда, өркениеттілікке құлаш сермеген заманда тәлім-тәрбие беруде ұлттық дәстүріміз бен ұлттық сана сезімімізді, болмысымызды сақтап қалуда, рухани адамгершілігі мол, сапалы әрі саналы ұрпақ тәрбиелеуде қазақтың ұлттық рухани қазыналарының орны ерекше. Қорыта келгенде, ұлы ойшылдың құнды ой-пікірлері

мен тәлім-тәрбиелік тағылымдарының ұрпақ тәрбиесіндегі маңыздылығын және жүргізілген зерттеу жұмысы біздерге Ж.Баласағұн мұрасындағы педагогикалық идеялардың аз еместігін, оның жас ұрпақтың санасын рухани жаңғыртуда тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктері мол екендігін айқындап, ұлт болашағын тәрбиелеудегі құндылығын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы: «Қазақстан- 2030 //
2. Кошербаева А.Н. Развитие идей гуманизма в педагогическом наследии Юсуфа Баласағуни: дисс. ... док. пед. наук.:13.00.01. – Алматы: 2004
3. Ахметов Т. Жүсіп Баласағұнидің тәлім-тәрбиелік идеялары: Астана, 2003.
4. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік. / Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев; Алматы: Жазушы, 1986

ЖОО БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ПРОБЛЕМДІ ОҚЫТУДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Едігеева Г., магистрант

Ғылыми жетекші: Көкшеева З.Т.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. В статье подробно изложены новые технологии вуза, в том числе применение активных методов обучения и эффективность его использования.

Елбасымыздың жолдауында рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс деп білеміз. Олай дейтініміз, рухани байлықтың кемел болғаны, қазіргі оғамның сұранысына жауап бере алатын, бәсекеге қабілетті білімді ұрпақты тәрбиелеу - әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам мен туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс. Сананы рухани жаңғыртуға бәсекеге қабілетті, білімді елдің ғана шамасы жетеді. «Болашақтың негізі, білім ордаларының аудиторияларында қаланады» деп Елбасы айтқандай, бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс деп ойлаймыз. Осы бағытта оқытудың ЖОО оқу үрдісінде белсенді әдістерінің пайда болуы мен дамуы оқытудың алдына жаңа міндеттер қоюға ықпал етеді. Оқытудағы болатын мұндай өзгерістер педагог еңбегін жетілдіруді және әрдайым психологиялық - педагогикалық талдауды талап етіп отырады. Белсенді әдістердің мәні проблеманы шешу процесінде студенттердің кәсіби іс - әрекет тәсілдерін меңгеруге мүмкіндік туғызатын тапсырмаларды оқуына байланыста оқытудың белсенді әдістерінің ерекшелігі - практикалық білімді меңгеруге мүмкіндік туғызатын практикалық және ойлау іс - әрекеттерін толық мәнде жүргізуге негіз болды. Оқытудың белсенді әдістері түсінігі - оқыту қарқынын күшейту түсінігіне өте жақын, ол дегеніміз – білім беру мерзімінің ұзақтығын сол қалпында қалдыра отырып, студенттерге барған сайын ауқымды ақпарат беру, мүмкіндік іздестіру. Оқытудың белсенді әдістерінің ерекшеліктері: білімді берік, саналы меңгеруге жеткізетін практикалық және ойлау іс - әрекетінің бірлестігі; танымдық іс -әрекетінің белсенділігі үшін жағдай туғызады; дәлелдік (себептік) дәрежені көрсетеді; таным процесі сезімдік және ақыл – ой нәтижесін береді; таным процесінде жетекшілік етудің әкімшілік стилін теріске шығарып, оқушының студенттермен іскерлік негізіне байланыс орнатуды негіздейді; шығармашылдықтың жоғары деңгейінде дамуын қамтамасыз етеді; Оқытудың белсенді әдістері студенттердің өзін - өзі басқару тәрбиесін жинақтауына оң әсерін тигізеді, оған: іскерлік ойындар, проблемалық, студенттердің

баяндамалары мен ақпараттық хабарлары, кері байланысты дәрістер, дәріс – диалог, тренинг, дөңгелек столдар, пікірталас, ұжымдық - танымдық, оқу және т.б.жатады. Проблемалық оқыту – психологтардың (Л.С. Рубинштейн, Н.А. Менчинская, А.М. Матюшкин т.б) пікірінше, бұл құбылыс адамдардың таным әрекетінің, әсіресе ойлау ерекшелігіне байланысты пайда болған. Л.С.Рубинштейн жалпы проблеманың болуы адамның дұрыс тану әрекетінің негізгі бір сипаты деп қарайды. Ол „ойлау проблемалы жағдайдан басталады“ деген проблемалы оқытуда кездесетін мақсат – студенттерге білімді даяр күйінде бәрін оқытушының өзі баяндап бермей, олардың алдына белгілі проблеманы міндет қойып, соны өздеріне шештіруге бағыттау. Проблемалық оқыту – проблемалық сұрақ, проблемалық тапсырма, проблемалық жағдаят деген ұғымдарды қамтиды[1]. Проблемалық оқыту - бұл ғылым негіздерін оқып – білу процесінде жеке адамның жалпы және арнайы қабілетінің дамуы, танымдық қажеттілігінің қалыптасуы. Проблемалық оқыту өзіне тән үш түрлі формада іске асады: проблемалы баяндау, студенттің біршама іздену және өздігінен зерттеуі. Проблемалық оқыту студенттің таным әрекетінің негізгі үш кезеңінен тұрады: 1.Проблемалық міндет қою және ұғыну; 2.Проблемалық міндетті талдау, болжамдар жасау, оны шешудің тиімді амалдарын қарастыру; 3.Проблеманы шешу және оның дұрыстығын тексеру. Ғалымдар Т.В.Кудрявцев, А.М.Матюшкин, В.Окань бұл теорияның бірнеше ұғымдарын атап көрсетеді. Проблемалық ситуация, оқыту проблемасы, проблемалық тапсырма, проблемалық сұрақ, проблемалық ситуацияны шешу тәсілдері, проблемалық оқыту жүйесі қызметінің жалпы принциптері жинақталып айқындалған проблемалық оқыту деңгейі. Материалды тұңғыш оқып үйрену кезіндегі оқытудың белсенді әдістері: оқу материалын проблемалық тұрғыдан мазмұндау; дербес – ізденістік әдіс (эвристикалық оқу әдісі); зерттеу әдісі[2]. Аталған әдістердің кейбіріне тоқтала кетсек, әдеттегіден ерекшелігі бұл әдіс сұрақ беруден, мәселе қоядан бастап лектор оларды біртіндеп және логикалық тұрғыдан шешеді және оны шешудің жолдарын ұсынады. Материалды проблемалық тұрғыдан мазмұндау барысында үш негізгі мақсатқа жету қамтамасыз етіледі: студенттердің теориялық білімді меңгеруі; теориялық ойлаудың дамуы; оқу пәнінің мазмұнына танымдық қызығушылықты қалыптастыру және болашақ маманды кәсіби шыңдау; Ойға алған мақсат – оқытушы мен студенттер аудиториясының бірігіп күш салуының нәтижесінде ғана орындалады. Проблемалық оқу кезінде студент ақпаратты өңдеп қана қоймайды, оны меңгеруде өзі үшін белгісіз білімді субъективті тұрғыдан ашу процесін бастан кешеді. Эвристикалық сұхбат деп аталатын әдістің барысында студенттер оқытушының жетекшілік етуімен проблемаларды шеше бастайды[3]. А.У.Хараш оқытушының студенттермен қарым - қатынас барысында диалогқа кірісу үшін қажетті шарттарды атап көрсетеді: оқытушы студенттермен қарым - қатынас жасау барысында олармен өзінің жеке әсерін „бөлісу“ дәрісіне келген сұхбаттасушы ретінде көрініс береді: оқытушы студенттің дербес ой – пікірін бөлу құқығын мойындап қана қоймайды, сонымен қоса оған ықыласты екенін көрсетеді; дәріс материалдары оқу проблемасын шешуде әртүрлі талқылауды, ғылымды дамыту логикасын, оның мазмұнын қарастырады, ғылым тарихындағы объективті қайшылықтарды шешу тәсілдерін көрсетеді; студенттермен байланыс олардың өздігімен қорытынды шығаруына, оқытушы ықпалымен пайда болған қайшылықтарды шешу жолдарын әзірлеу, іздестіру және табу процесіне қатысуларына мүмкіндік жасайтындай болып құрылады; оқытушы жаңа материал бойынша сұрақ қойып, оларға жауап қайтарады. Студенттердің зерттеу жұмысы ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмысы сияқты кезеңдерге бөлінеді: бақылау, фактілерді жинау т.б[4]. Зерттеушілік әдісті И.Л. Лернер барынша толық ашып көрсетті. Ол проблемалық тапсырмаларды меңгеру процесіне бағытталған әдісті зерттеушілік әдіске жатқызды. Әдістің мәні: оқытушы нақты міндеттер жүйесін құрастырады және оны оқытушылық процестің нақты ситуацияларына бейімдейді де, студенттер назарына ұсынады. Белсенді оқытудың бұл әдісі қазіргі таңдағы кредиттік жүйеде білім беретін оқу орындарындағы студенттер мен оқытушылардың оқыту процесінде табысты, сапалы білімге қол жеткізуде маңызды әдістердің бірі болып табылады

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Проблемное и программное обучение» под.ред. Кудрявцева В.Т., Матюшкина А.М. 1991
2. Көкшеева З.Т. Білім сапасын көтерудегі жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың тиімділігі: Оқу-әдістемелік құрал. Ақтау, 2014
3. Мырзабаев А. Оқушылар шығармашылығын дамытуда белсенді оқытудың дидактикалық мүмкіндіктері. Алматы, 2005 ж.
4. Стефановская Т.А. Технологии обучения педагогике в вузе. М., 2000

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ДИДАКТИКАЛЫҚ ІС- ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Нақып Қ., магистрант

Ғылыми жетекші: Көкшеева З.Т.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Қазіргі заман талабынан туындайтын басты мәселелердің бір – жас ұрпақтың жаңа қоғам мүддесіне лайықты жан –жақты дамыған парасатты азамат ретінде қалыптастыру, оның бойында ұлттық психология, ұлттық сананы орнықтыру, әлеуметтік ортадағы, өзін қоршаған дүниедегі табиғат, адам өміріндегі, әдебиет пен өнердегі, тұрмыстағы, салт-дәстүрдегі сұлулықты, әсем көріністерді сезіне түсіне білуге тәрбиелеу. Олай болса, ата бабаларымыздың салт – дәстүрлерін, әдет-ғұрпын, әдеби, мәдени бай қазынасын баланың зердесіне орнықтырып, парасатты, музыкалық –эстетикалық талғамы жоғары азамат тәрбиелеп өсіру баршаның міндеті. Ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келген халықтық қазынаны, оның таңдаулы үлгілерін жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу құралына айналдыру, нақтырақ айтқанда, олардың көркемдік, музыкалық, эстетикалық талғамы мен мәдени деңгейін жоғарылату – басты міндет. Ұлттық өнерге оқушыларды жастайынан баулу олардың адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дұрыс қалыптасуына, мәдени дәстүрге деген сыйластық сезімін дамытуға әсерін тигізіп, оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттырып, оқушылардың әсемдікті түсіне білу қабілеттерін арттырады. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қиял-қабілеттерінің эстетикалық сезімін, талғамы мен көзқарасының мәдениетін, ой-өрісін кеңейтіп, айнала-қоғам және өзін қоршаған орта өміріндегі әсемдік пен сұлулықты сезініп, бойына сіңіре білуге тәрбиелеуде музыка жанрлары орасан зор рол атқарады. Оны қазіргі заман талаптарына сай жеткіншек ұрпақты балалар фольклоры жанрларын пайдалану арқылы эстетикалық мәдениетіне баулу болашақ бастауыш мектеп мұғалімінің инновациялық-дидактикалық іс-әрекетін қалыптастырудан бастау алады.

Оқу әдебиеттерінде оқыту әдістері деген мұғалімнің сабақ берудегі жұмысының және оқушылардың меңгеретін материалында кездесетін әртүрлі тапсырмаларды шешуге байланысты танымдық әрекетін ұйымдастырудың амал-жолдары деп түсіндіріледі. Бұл анықтама, әлбетте, жалпыламалық сипатта берілген, бұдан мектепте ғылым негіздерін беруге байланысты әдістердің дәстүрлі дидактикалық тұжырымдамасын байқауға болады. Әйтседе, гуманитарлық бағыттағы сабақтарда оқушылардың көркемдік білімін жүзеге асырудың заңдылығы туралы қойылған мәселенің дұрыстығын мойындай отырып, мұғалімнің осы сабақтарда оқушылармен жұмыс барысында пайдаланатын өзіндік әдістерін де саралап қарастыру заңды болатынын айта кеткен жөн. Бұл мәселе туралы әзірге қандайда бір тұжырымдама жасау мүмкін емес, өйткені оны жасау туралы мәселе бүгінде қойылып отыр, мұндай әдістерді практикада жүзеге асыру бойынша ғалымдардың ұсыныстары да жоқ емес. Олардың бірі өнер құралдарының негізінде оқыту әдістерінің

өзіндік ерекшеліктерін көрсетіп әдістердің жіктемесін ұсынса, екіншісі оқушыларға көркемдік білім берудің өзіндік жіктемесі мен әдістерінің негіздемесін ұсынады.

Көркем-эстетикалық цикл сабақтарында қолданылатын оқыту әдістерінің мектептегі ғылым негіздерін оқытатын әдістерден айырмашылығын саралап көрсетеді. Алқашқылары типтегі әдістердің өзіндік ерекшеліктерін оқушының өнерді меңгеру барысындағы психологиялық заңдылықтарынан іздестіру қажеттігін айтады. Өнерді оқыту көркем шығармашылықтың белгілі бір түрін қабылдау негізінде біртіндеп эстетикалық сезімді туындату мен қалыптастырудың ерекше процесін көрсетуді керек деген пікірді ұстанады. Өздерінің осы көзқарастарын негізге ала отырып оқытудың мынадай әдістерін саралап көрсетеді: оқушы санасында алғаш эмоционалдық сезіммен қабылданған көркем бейне мазмұнын және соның негізінде пайда болған білімді ой елегінен өткізіп, бекітуге бағытталған әдіс; көркем шығарманы қабылдауда туындаған алғашқы көзқарасты эмоционалдық, тұлғалық тұрғыда дамытуға ықпал ететін әдіс; көркем бейне мазмұнын нақты сезіммен қабылдауда пайда болатын білім мен ғылыми білімнің өзара өлшемді әрекеті арқылы, соңғының мазмұнын көркемдікке айналдыра отырып дамытуды мақсат тұтқан әдіс; көркем шығармалардың сұлулығына рахаттана білу сезімін дамытуға ықпал ететін әдіс; оқушының көркем бейнені бастан кешірудегі сезіміне әсер ететін механизмді жетілдіретін әдіс; көркем бейнені қабылдау барысында туындаған қорытынды білімнің толықтығын бағалауға байланысты әдіс. Бұл жіктеменің құндылығы сол, ол оқушының эстетикалық материалды қабылдаудағы технологиясының психологиялық ерекшеліктерін көрсетеді. Сонымен бірге мұндай жіктемеде өнер сабағын ұйымдастырудың педагогикалық амалдары туралы түсінік болмайды, яғни онда әзірге оқушылардың көркемдік білімінің дидактикалық саласын жүзеге асыру ғана емес, оны жан-жақты қарастыруды талап етеді. “Оқыту әдісі” ұғымы саласындағы түсініктемедегі жалпылама көзқарастарды бақылай отырып, біз зерттеудегі педагогикалық міндеттерге сәйкес бастауыш сынып оқушыларымен істелетін арнайы жұмыс формаларын, әдістері мен амал-жолдарын анықтау міндетін қоя отырып, оқыту формаларын, әдістері мен амал-жолдарын таңдап, анықтауда біз төмендегідей нақты принциптерді басшылыққа алдық: оқытудың аса бір тиімді әдістерін анықтауда жетекші өлшемдер болып олардың дамытылатын мүмкіндіктері ескертілуі керек; формалары мен әдіс-тәсілдері оқыту процесінің мазмұнды компонентіне сәйкес болуы керек. Бұл арада фольклор материалының басқа оқу материалдарына қарағанда ерекше назар аударуды қажет ететінін ескеру қажет; оқытудың қажетті әдістерін таңдаудағы мақсат оқушылардың эстетикалық қызығушылығын дамытудағы принциптің кезеңділігімен байланысты болды.

Біз зерттеу жұмысы барысында пайдаланған барлық кешенді әдіс-тәсілдерді қорытындылай келе, оларды былайша топтастырамыз: дәстүрлі әдістер; проблемалық-шығармашылық сипаттағы әдістер; арнайы эстетикалық жағдайларды туындататын әдістер; шығармашылық іс-әрекеттерді ұйымдастыратын әдістер; фольклорды белсенді меңгертуге балалардың қызығушылығын арттыру әдістері. Мысалы, біздің дәстүрлі әдістерге жатқызатын: әңгіме, әңгімелесу, түсіндіру, жаттықтыру, көрнекілік және т.б. әдістеріміз әлпештеу әндерін, күлдіргілерді, жалған ат қою және мазактамаларды үйретуде, ертегілерді, аңыз-әңгімелерді, эпостарды тыңдату; қазақ балалар фольклоры туралы теориялық білімді толықтыруда, халық шығармашылығы туралы тарихи білімді жетілдіруде көмегі үлкен болды.

Сондай-ақ, қазақ балалар фольклорының рухани байлығын балаларға шығармашылық тұрғыда меңгерту мақсатында фольклорлық негізде шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру әдістерін пайдаландық. Бұл оқушылардың даярлаған кішігірім әуендерінде және қазақ фольклорының мәтініне жазған әндерінде; музыка, қазақ халқының музыкалық аспаптары туралы ойластырған жұмбақтарында; қазақ халық ертегілеріне құрастырған музыкалық диалогтарында; мектеп тақырыбына жазған тақпақтарында; қазақ балалар фольклоры жанрлары бойынша құрастырған кроссвордтарында; қазақ орнаментімен орындалған музыкалық аспаптардың эскизінде және т.б. көрініс алады.

Проблемалық оқыту әдістерін жүзеге асырудың негізгі қағидалары, принциптері мен шарттары жалпы педагогикалық теорияда жан-жақты қарастырылған, ал көркемдік-эстетикалық бағыттағы сабақтарға болса азын-аулақ деңгейде назар аударылған. Проблемалық-шығармашылық тапсырмаларды құрастыру барысында салыстыру әдісі кең көлемде қолданылды. Мысалы, оқушыларға мынадай тапсырмалар берілді: әртүрлі жанрдағы қазақ халық ертегілерін немесе әндерін салыстыру; әр халықтың музыкалық шығармашылығының жалпы және өзіндік ерекшелігін айқындау; қазақ халық шығармаларын (әндерін, күйлерін, аспаптық оркестрін, хорын және т.б.) әртүрлі шығармалармен салыстырып, талдау жасау; халықтың ауызекі шығармаларын бүгінгі заман шығармаларымен салыстыру; қазақ ұлттық ойындары мен басқа ұлт өкілдерінің ойындарына салыстырмалы түрде талдау жасау. Зерттеу барысында оқушылар қазақ балалар фольклорының шығу тарихымен танысты. Бұл әңгімелесу, түсіндіру, әңгімелеу, көрнекі құралдар, әртүрлі эстетикалық жағдайларды туындату элементтерін пайдалану арқылы жүзеге асты. Оқушылар музыкалық аспаптарда ойнау принциптерін меңгерді, меңгеру барысында жаттығу әдісін қолдандық.

Сонымен бірге балалар фольклорының барлық түрлерін (ертегі, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер) оқып біледі, өздеріне ұнағандарын суретке салады, картаға түсіреді. (“Балалар фольклоры”, “Музыка фольклоры” және т.б.). Картаға түсіру шығармашылық сипатты ұстанады және проблемалық-шығармашылық сипат әдістерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Соңғы (негізгі) кезеңде оқушылар қазақ балалар фольклоры бойынша шығарма жазды, шығу тарихымен танысты, ребустар мен кроссвордтың шешімін іздестірді, музыкалық аспаптармен танысты және т.б. Фольклорлық материал пайдаланылатын сабақтардың негізгі белгісі ондағы фольклорға тән синкретизм сапасының көлеңкесі саналады, өйткені оның ерекше көркемділігі әртүрлі өнердің (сөз, музыка, би, сәндік-қолданбалы) органикалық өзара байланыстылығында, үндестігінде, бірегейлігінде болып саналады. Міне сондықтан гуманитарлық жоспардағы қайсібір сабақта болмасын (әдебиет, бейнелеу өнері, музыка, театр және т.б.) фольклор құралы пайдаланылған жерде, мұндай ерекшелік жиі кездеседі. Осыған байланысты, біздің өндеген сабақтарымыздың негізгі бөлімін зерттеліп отырған материалдың мазмұнының ерекшелігі бойынша және пәнаралық байланыстың айшықтылығы бойынша, өздерінің дидактикалық белгісі бойынша, әлбетте, инновациялық, интегративтік типтегі сабақтарға жатқызуға болады.

Академик М.Әуезов адамзат мәдениетінің алтын қорына дүние жүзі халықтарының қосқан үлесін сөз ете келе: «Гректер атақты храмдардың, египеттіктер пирамидалардың, қытайлықтар фарфор бұйымдары мен мәрмәрдан жасалған адам мүсіндерінің, итальяндықтар әсем әуенді музыка шығармаларының, француздар сурет өнерін үлгі етсе, көшпелі қазақ елі аса-бай өлең-жыр мұрасын қалдырды...» деп жазса, Швейцарияның кемеігер педагогы И.Г. Песталоцци: «Бала тәрбиесі – оның дүниеге келген күннен басталуы керек. Баланың дүниені түсінуі жанұядан басталып, мектепте одан ары қарай жалғастырылуы шарт», - деген қағиданы ұсынған. Сондықтан да, рухани қазына байлығымыз - фольклордың бала өміріндегі тәрбиелік ықпалын арттырып, рухани жан дүниесін байытып, эстетикалық мәдениетке баулитын ұстаздардың инновациялық-дидактикалық іс-әрекетін қалыптастыру - педагогикалық-психологиялық мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 2015. – 154 б.
2. Абылқасымов Б. Фольклор шындығы. Алматы 1990.
3. Апраксина О.А. Музыкальное воспитание в школе. М., 1989.
4. Арчажникова Л.Г. Профессия- учитель музыки. М., 1986.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АЯСЫНДА ЖАСТАРДЫ ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

Ұлықбаева Г., студент

Ғылыми жетекші: Көкшеева З.Т.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

«Рухани жаңғыру» аясында жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі жауапкершілікті неғұрлым терең сезініп, бар мүмкіндікті пайдаланып, шыныққан да шымыр отансүйгіш азаматтар даярлау ісінде өмір тәжірибесінен өткен тәрбие маңызы ерекше. Мақаламызды Елбасының сөзімен бастасaq: «Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. «Қазақстан-2050» Стратегиясы осынау мәңгілік жолдағы буындар бірлігінің, ұрпақтар сабақтастығының көрінісі. Тәуелсіз елді өз қолымен құрған буыннан басталған ұлы істерді кейінгі ұрпақтың лайықты жалғастыратынына кәміл сенемін. Бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, біз «Мәңгілік Ел» боламыз... Мен ХХІ ғасыр Қазақстанның «алтын ғасыры» боларына сенемін және 21 ғасыр білекке сенетін заман емес, білімге сенетін заман».

Елбасы Н.Назарбаевтың республиканың әлеуметтік экономикалық перспективасын болжауға бағытталған «Қазақстан-2030» және басқа да жыл сайынғы жолдаулары қазақстандық патриотизмді орнықтыруға қолайлы жағдай жасауда. Президенттің стратегиясында қазақстандық патриотизм идеясы халықтың бірыңғай азаматтығын қалыптастырумен тығыз байланыста қарастырылады. Осы тұрғыда Президент Тәуелсіздік алған күннен бастап егемен елдің азат ойлы, білімді, отаншыл, парасатты, нағыз патриот азаматтарын тәрбиелеуді күн тәртібінен түсірген жоқ[1]. Осы бағыттағы жеткіншектердің патриоттық тәрбиесі - педагогикадағы аса бір күрделі де көпжақты проблема. Патриотизм, патриоттық тәрбие мәселелері бойынша жарық көрген философиялық және педагогикалық әдебиеттерді, мерзімді педагогикалық басылымдарды, ғылыми еңбектерді зерттеу, мектеп пен педагогика тарихында жеткіншектерді патриотизм мен интернационализм рухында тәрбиелеуде айтарлықтай тәжірибе жинақталғанын көрсетеді. Оқушы жастардың патриоттық тәрбиесінің теориясына А.В.Луначарский, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, С.Т.Шацкий, В.А.Сухомлинскийлер елеулі үлес қосса, жастардың идеялық тәрбиесінің теориясы мен практикасын Н.И.Болдыревтың, Б.Т.Лихачевтың, И.С.Марьенконың М.А.Терентийдің, В.Ф.Фарфоровскийдің және т.б.ғалымдардың еңбектері айтарлықтай толықтырады.

«Қазақ сөздігінде» мынадай анықтама берілген: Патриот [грек. patriotes] зат. – Отаншыл (өз отанын, халқын, жері мен суын шынайы сүйетін, халық мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын адам). Патриотизм – Отаншылдық (өз отанын, халқын шексіз сүюшілік, барша күш-жігерін Отан мүддесіне арнаған адамға, ұлтқа тән терең сезім) [2, 1055]. Бұл жалпылама түсінік. Ал, шын мәнінде патриотизм – бүгінгі тәлім-тәрбиеміздің ғана емес, мемлекеттік саясатымыздың да негізгі өзегі. Әрине, отаншылдық сезім – ата-бабаның қанымен, ананың ақ сүтімен бойға сіңіп, өсе келе қалыптасатын қасиет. Оны нығайта түсу үшін мемлекет тарапынан да міндеттілік қажет. Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда «Отан», «атамекен», «ел-жұрт», «азаматтық борыш», «ар-намыс», «адалдық пен әділдік», «ұлттық парыз» сияқты құндылықтар негіз болған. Мысалы, қазақ халқы туып өскен жерін, ата анасының жерленген жерін ерекше қадір тұтқан, қай жерде болмасын олардың басына келіп, құран оқытып, бата жасатып тұрған, мүмкіндігінше туған жерден кетпеуге тырысқан. Оны «Отан оттан да ыстық», «Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Ер өзі үшін туады, елі үшін өледі» деген мақал-мәтелдерден – ақ көруге болады. Халық балалар мен жастарға өз Отанын, туған елін, халқын, ана тілін, салт-дәстүрін терең сөзіммен сүйе білуге баулыған. Әркімге өзінің туып-өскен жері қымбат

болатынын «Ер елінде, гүл – жерінде», «Ел іші – алтын бесік», «Елінен безген ер оңбайды» деп ескертіп отырған. Отанға деген сүйіспеншілік арқылы адамның бойында патриоттық сезімді туындатқан, оның аясында азаматтық парыз, борыш көрініс алған. Ар-намыс деген қазақ халқының бойына сіңісті қасиет, ұлттық әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктің бір көрінісі, отансүйгіштіктің белгісі десе де болады. Еліміздің тәуелсіздікке қолы жетуіне байланысты соңғы жылдары халқымыздың көптеген ел бастаған көсемдері мен қол бастаған батырларының есімдерін дәріптеп, есімізде қалдыру мақсатында біршама істер жүзеге асырылуда.

Осы орайда тариха сәл шегініс жасай кетсек, Ресей империясының қазақ даласын отарлау мақсатына қарсы XIX-ғасырдың екінші жартысында Маңғыстау түбегінде өткен Досан Тәжіұлы мен Иса Тіленбайұлы бастаған көтеріліс жайы қазіргі таңда қайтадан жаңғыртылып жатқаны біз сияқты жергілікті жердің бүгінгі ұрпақтарының шынайы патриоттық сезімін оятап, аталар рухына деген сүйіспеншілігін оятады. Сол 1870 жылдың көктемінде (22 наурыз) басталған Маңғыстау қазақтарының бұл көтерілісі – тарихи маңызы зор оқиғалардың бірі, дейтұрғанмен бұл көтеріліс кешегі өткен әміршілдік заманда дұрыс өз бағасын ала алмады. Осының салдарынан ғалымдар мен жазушылар да бұл тарихи шындықты жұртшылыққа таныстырып жаза алмады. Тек ішінара ғалым Қ.Сыдықовтың «Ақын-жыраулар»(Алматы,1974ж), жазушы Ә.Кекілбаевтың «Ұйқыдағы арудың оянуы»(Алматы,1979ж), М.Тұрсынованың «XIX-ғасырдың екінші жартысындағы Маңғышлақ қазақтары»(Алматы,1977ж) атты кітаптарында сол әміршілдік заманның өзінде көтеріліс жайлы біршама құнды деректер келтірілді. Кейінірек Иса, Досан бастаған патша отарлаушыларына қарсы күрес жайлы материалдар көбейе бастады. Мысалы, Е.Жаманбайұлы мен С.Әділханұлының «Маңғыстау», «Егеменді Қазақстан» газеттерінде көлемді мақалалары, ақындар С.Назарбекұлы, Т.Медетбек, Е.Бөкенбаев, А.Өтегенов, Қ.Домбайұлы, К.Ыбыраев, Р.Қосбармақовтар батырлардың ерлігі жайлы тебіреніп өлеңдер шығарды. Тәуелсіздік үшін патша отарлаушыларына төрт жыл бойы күресуден бір тынбаған, ақырғы демі біткенше бас имей өткен, оларға қарсы күрес туын Маңғыстауда тұңғыш көтерген қас батырлар Досан мен Иса есімдері егемендік алып, елдігімізді біліп, еңсемізді көтеріп, етек-жеңімізді жиып, төрт құбыламызды түгендеп жатқан қазіргі кезеңде қадірлеп-қастерлеуге әбден лайық. Шынтуайтына келгенде, Досан мен Иса сияқты қайсарлық пен батырлықтың, табандылық пен төзімділіктің, ептілік пен өзгеге ұқсамайтын ерекше ерлік қасиеттің, аруақтылықтың, туған жерін, елін шексіз сүйетін адал жүректі азаматты, үлкен патриоттылықты бәрі-бәрін бір бастарына жинаған қас батырлардың есімі бүкіл қазақ халқы үшін де қадірменді ірі тұлғалардың қатарында және олар келешек ұрпаққа үлгі болуы тиіс[3]. Бостандық пен тәуелсіздікті аңсаған халықтар сияқты, қазақ халқының да патриоттық сезімі аса айшықты дамыған және бұл сезімді халық ғасырлар Курбойы сақтап келген. Оны ежелгі түрік қағандығы кезінде тасқа жазылған Күлтегін ескерткіштерінен қазақ даласының ғұлама ойшылдарының (Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари және т.б.) патриотизмдік сүйіспеншілікке толы мұраларынан, елінің тәуелсіздігі мен бостандығын жау шапқыншылығынан сақтап қалған, көрнекті мемлекет қайраткерлерінің (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Тәуке хан) патриотизмдік істерінен көруге болады. Ұлы ағартушылар: Шоқан, Ыбырай, Абай да өз шығармаларында туған еліне, Отанына өз сүйіспеншіліктерін көрсете білген. Ұлы Отан соғысы мен бейбіт өмірдегі «Желтоқсан» қозғалысының да рөлі ерекше болды. Бұның бәрі қазақ жастарының ұлттық намысының, патриоттық сана-сезімінің туған елге, Отанға деген сүйіспеншілігінің жоғары екенін дәлелдейді[4]. Патриоттыққа тәрбиелеу - күрделі педагогикалық үрдіс. Жас жеткіншектерді Отанын сүюге тәрбиелеу қазақ халқының батырларының өмірі мен ерліктерін олардың туған жерін жауларынан қаймықпай қорғағандықтарын баяндау арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан батырлары мен танымал тұлғалары көп ел, ал оларды тәрбие беру құралына айналдыру - «Рухани жаңғыру» аясында жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі елтану бағытында жасалған оңды шара деп білеміз.

ҚР «Білім туралы» Заңында, Елбасының «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасы мен «Дарын», «Болашақ», «Балапан» бағдарламаларында, елімізде білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасында жастардың патриоттық сезімін дамыта отырып, өз елін жан-тәнімен сүйетін ұлтжанды, рухани-адамгершілігі мол, бәсекеге қабілетті білімді ұрпақ тәрбиелеу мақсаты басты принцип ретінде айқындалған. Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауындағы «Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі» атты тарауы түгел патриотизм мәселелеріне арналған, онда: «Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі» деген тұжырым жасайды.

Біздің университетімізде де «Рухани жағырудың» аясында студенттерге патриоттық тәрбие беру жұмыстары жүйелі жолға қойылған. Жастардың ой-пікірін қалыптастыруда куратор сағаттары мен тәрбие сағаттары, ашық микрофон, дебат, пікірталас, дөңгелек үстелдер, конференциялар, т.б. іс-шаралар тұрақты ұйымдастырылып тұрады. Онда ұлттық тәрбие, отаншыл сана-сезім, жалпы патриотизм мәселелері Елбасы Жолдаулары аясында жыл бойы насихатталып келеді. Осы секілді игі шаралардың жеткіншек ұрпақты ерлікке, патриоттық рухта тәрбиелеуде ықпалы зор болады деп есептейміз. Оған себеп, жастардың бойында азаматтық – патриоттық сана – сезімді рухани жаңғыртып отыру, іс - әрекет адам бойына өздігінен қалыптасатын қасиет емес екендігін, оның өзі білім мен тәрбие барысында Отанды ұлағаттау, халықтың төлтума мәдени – рухани әлеміне терең бойлау арқылы қалыптасатынын теория мен тәжірибе дәлелдеп келеді.

Елбасы кезекті Жолдауында: «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады. Бірақ бүгінде қалыптасқан мемлекеттің жаңа даму кезеңінде бұл түсініктің өзі жеткіліксіз. Біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек. Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу мәселесіне прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады» деп, жалаң патриоттық сөз емес, әңгіменің ашығын айтты. Бұл қазіргі заман шындығы. Ендеше, болашақ жеткіншек-жастарды «Рухани жаңғыру» аясында кезінде елін жаудан қорғаған ата-бабаларының ерлік істерін мақтан тұтатындай тәрбиелік мәні бар түрлі мәдени шараларды ұйымдастыру арқылы өз халқының өткені мен бүгінгі тарихын білетін, елін, жерін сүйетін патриоттық рухта тәрбиелеу - қазіргі заманның өзекті мәселесі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2. Философиялық сөздік. Ред. кол: Р.Н. Нұрғалиев, Ғ.Ғ. Ақмамбетов. Алматы: 1996
3. М.Тұрсынова. «ХІХ-ғасырдың екінші жартысындағы Маңғышлақ қазақтары», 1977
4. Қалыбекова Г. Жастарды елжандылыққа тәрбиелеу мәселесі. Ұлт тағылымы №4, 2010

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ - ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Шакирова Ж., магистрант

Ғылыми жетекші: Көкшеева З.Т.

ІІІ. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Қазіргі кезеңде жас ұрпаққа терең де жүйелі білім беруде, олардың рухани санасын жаңғыртуда қоғам талабына сай азамат етіп қалыптастыруда қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеудің маңызы артып отыр. Қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз - оны қалыптастырудың негізгі шартынан туындайтын сөз мәдениеті, мінез-құлық мәдениеті, сыртқы түр мәдениеті (имидж). Бұлардың қайсысының болсын педагогикалық мүмкіндіктері жоғары және өзіне тән мазмұны, ерекшеліктері бар. Қарым-қатынас мәдениеті әр адамға әсер ете отырып өзінің мамандығы бойынша қарым-қатынас жасайтын қазіргі заман мамандарының қажетті сапасы болып саналады. Сонау Ж.Баласағұн мен Әл-Фарабиден бастап берірек қазақ ағартушылары Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, зиялылар А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов қоғам, адам және қарым-қатынас туралы мәселелерін ылғи алға қойып отырған. Қазіргі күнгі қазақстандық философтар Қ.Әбішев, Ж.Әбділдин, ресей ғалымдары Г.С.Батишев, В.С.Библер, М.С.Каган т.б. қарым-қатынас проблемаларын әр қырынан зерттей білді (Ж.Ж. Наурызбай, А.А.Молдажанова, А.С.Мағауова, А.Х.Марғұлан, А.Жүйнеки т.б.). Қазіргі ғылыми-педагогикалық зерттеулерде «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымы бір жағынан дәлелдеуді қажет етпейтін қисынды ұғым болса, екіншіден көпмағыналы тіл мәдениеті, этикеті, мінез-құлқы, тұрмысы, салты т.б. болып жіктеледі. Болашақ кәсіпті игеру жолында да оның өзіндік ерекшеліктері, өлшемдері, бағыттары бар. Осыған орай, қарым-қатынас мәдениеті ұғымын аксеология ғылымында қарастырылатын жалпы құндылықтардан ажырата қарастыру үшін, кәсіби қарым-қатынас мәдениеті ұғымын қолдануға болады. Ғалым-педагог М.А.Құдайқұлов кез-келген әрекеттің тиімділігі адамда қалыптасқан білім, дағды, іскерліктен тұратынын дәлелдеді. Оның ойынша, бұл сапалар еңбек процесі мәдениетінің негізінде әртүрлі деңгейде болады. Білім саласындағы мәдениеттанымдық – тұлғаны өркениеттілікке, мәдениетке, жоғары сауаттылық, кәсіби деңгейге көтереді, ол «педагогикалық мәдениет» ұғымымен тығыз байланыста болады. «Педагогикалық мәдениет» – педагогика санаты ретінде нақты ғылыми анықтамамен гуманитарлық ғылымдар және педагогика ғылымының аппаратына ене бастады, ол мынадай құрылымдардан тұрады: әлеуметтік-педагогикалық, ғылыми-педагогикалық, кәсіби- педагогикалық. Мұны әртүрлі көзқарас тұрғысынан зерттеуге болады: біріншіден, педагогикалық іс-әрекет жүйесі ретінде, екіншіден, педагогикалық іс-әрекет бағыты ретінде, үшіншіден, педагог тұлғасының жалпы көрінісі ретінде. «Қарым-қатынас» ұғымын педагогика мен психологияға алғаш рет А.Ф.Лазурский енгізген болатын, ол тұлғаның қарым-қатынас проблемасын адамның мінезімен байланыстыра келе, оның 15 тобын талқылап жіктеген, яғни қоғамға, табиғатқа, адамға, өзіне-өзі т.б.с.с. Тұлғаралық өзара қарым-қатынас мәдениет проблемасымен байланысты. С.Л.Рубинштейн айтқандай дүние адаммен ара-қатынасты білдіретін құбылыстар жиынтығы, яғни адам қоршаған ортада ерекше мәнге ие болады, сонымен бірге ол жеке тұлға бола тұра өз мәдениетін қалыптастырады. Ғалымдар Э.С.Маркарян, М.И.Дьяченко қарым-қатынас ұғымына мотив ұғымының мазмұнын теңестіріп, философиялық-психологиялық түсінігін береді. Э.С.Маркарян болса коммуникация мәдениет типтерінің бәрінде де болуы мүмкін дейді, мәдениеттің өзі коммуникациясыз мүмкін емес және оның басым типтеріне тәуелді. Олай болса мәдениет пен қарым-қатынастың байланысы даусыз. Ғалымдар Г.М.Андреева, А.А.Бодалев, Л.П.Буевалар болса қарым-қатынасты бағыттылық, позициялық, қызығушылық, белсенділікпен байланыстырады. Олай болса, қарым-қатынас ұғымының философиялық-психологиялық мәні тұтас идеяны білдіреді. Адам баласының жан-жақты жарасымды кемелденуіне әр түрлі жағдай жасауға болатындығын ежелден-ақ гуманисті - өркениеттілік дәстүр, ниеттер дәлелдеп келеді. Шындығында адамдар арасындағы қарым-қатынас нормасы ретінде адамгершілік (гуманизм) қолданылатын болса, онда адамдардың өмірдегі орнына құрметпен қарау, теңестік принципін орнату, әділдіктің орнығуы жүзеге асады. Сөйтіп қарым - қатынас сапасын бағалаудың «өнегелік нәтиже белгісі» бірден-бір өркениеттілік өлшем белгісі болып шығады. А.В.Мудрик қарым-қатынасты ұйымдастыруға деген қабілеттілікті анықтайтын, жекеліктің мынадай параметрлерін былайша анықтады: ойлаудың сәйкес ерекшелігі, сөзді сөйлеуді еркін меңгеру, көпшілік,

қабылдаудың эмпатиясы және спонтандығы, белгілі бір әлеуметтік қондырғылар (мысалы, қарым- қатынас процессінің өзіне деген тек оның нәтижесіне емес) қызығушылық, коммуникативтік шеберліктер – уақытта, серіктестікте, қарым-қатынаста, ситуацияда бағдарлай білу. Мұғалімнің кәсіби қарым-қатынасының маңызды интегралды сипаттамасы сөйлеу мәдениеті болып табылады. Дәстүрлі педагогикада мәдениет мәселелерінде мұғалімнің ішкі параметрлеріне: сауатты мәдениет, педагогтың стилистикалық сөйлеуі, сыртқы бейнесі, мінез-құлық манерасы және т.б. бағытталды. Сөз мәдениеті - бұл тек сөйлеу деңгейінің бірлігін көрсетпейді, ол оқытушының мәдени адамгершілік белгілері. Сөйлеу мәдениеті - оқытушының тұлғалық қажеттіліктерін көрсетуші әрекеті. Мәдениеттаным бағытында қарым-қатынас мәдениеті бір жағынан дәлелдеуді қажет етпейтін қисынды ұғым десе, екіншіден көпмағыналы тіл мәдениеті, этикеті, мінез-құлық, тұрмысы мен салты деп жіктеледі. Педагогика ғылымында адам қоғамның басты құндылығы және қоғамдық дамудың өзіндік мақсаты мәдени-рухани құндылықтармен ашылады. Сонымен қатар жеке адам танымның, қарым-қатынастың, шығармашылықтың белсенді субъектісі. Мәдениет компоненті ретінде білім өз кезегінде мәдениеттің тасымалдаушысы, оның өмір сүруінің, сақталуының, кеңеюінің басты шарты. Сонымен, біздің ойымызша, "қарым-қатынас мәдениеті" салыстырмалы жаңа ұғым, ол дүниежүзілік мәдениеттің маңызды кезеңі және құрамды бөлігі, әлеуметтік өмірде адам дамуының ішкі және сыртқы жағдайларын құрушы себеп-салдар ретінде анықталады. Жоғарыдағы анықтамаларды негізге ала отырып, біз "қарым-қатынас мәдениеті" ұғымын төмендегідей тұжырымдадық: қарым-қатынас мәдениеті – адамзаттың мәндік сапаларын жақындастыруға бағытталған адамгершілік, саналылық әрекеттер.

Елбасының күні кешегі жолдауында айтылған рухани жаңғыру аясында жаңа қоғамды ізгілендіру мен жаһандандыру жағдайында ЖОО студенттерінің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің алдында тұрған кезек күттірмейтін әлеуметтік-педагогикалық мәселе.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ғабитов Т.Х., Өмірбекова М.Ш. Мәдениеттану негіздері. – Алматы, 2003.
2. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы: Қазақстан, 1996.
3. Омар Е.О., Сапарова Ю.А. Қарым қатынас мәдениеті. Оқу құралы. Шымкент. 2004.
4. Төребаева К.Ж. Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың ғылыми-практикалық негізі. Алматы. 2002

ЖАСТАРДЫҢ ЛИДЕРЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Мәдиева Н.Т., магистрант
Ғылыми жетекші: Калиева Э.И.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Аталмыш мақалада лидерлік қабілет ұғымының мәні нақтыланды, оны дамыту маңыздылығы қарастырылды.

Түйінді сөздер: лидер, лидерлік қабілет

Қазіргі қоғам ізгілікті жолмен жағдайды сезінуге қабілетті, қарым - қатынасқа бейім, жалпылай айтқанда қойылған мақсатқа жетуде бастамашыл ұйымдастырушы жастар дайындауға тырысуда. Дегенмен қазіргі жастар қиын мәселелердің шешімін табуда өзіне жауапкершілік алып, бастама жасауда белсенділік көрсете алмай жатады, сондықтан білім

беру ісі жас ұрпақтың біліктілігін қалыптастырып қана қоймай, олардың бойында жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеге лайықты өмір сүруге, қызмет жасаудағы тұлғалық қабілеттерді дамыту шараларын да іске асыруды ойластыруы қажет. Осы міндеттерді шешуде білім беру жүйесі жас ұрпақтың жауапты, белсенді, бастамашыл болуын, яғни лидердік қабілеттерін қамтамасыз ететін баспалдағы болуы қажет.

Жастардың өз іс-әрекетіне маңыздылық дарыту үшін белгілі бір қабілеттерге ие болу жеткіліксіз, оларды дұрыс көрсете білуі қажет, азаматтық-патриоттық позициясына сүйеніп, дербес жеке қабілеттерін көрсетуі керек.

Лидерлік мәселесінің дамуын қарастырғанда ғылыми әдебиеттерде лидер болуға деген қызығушылық ерте заманнан бастау алған ұғым болса да, бүгінгі күнге дейін бұл мәселе аз зерттелген және бұған қатысты көптеген идеялар батыс ғалымдарына тән екендігі анықталды.

Жас ұрпақтың лидердік қабілеті - басқару құралдарын меңгерген, өзін-өзі бекіту мен командалық жұмысқа барынша дайындық деңгейі қамтамасыз етілген, тұлғалық сапалар жиынтығы.

Лидер мәселесін зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде көрсетілген лидерлікке тән жалпы және арнайы қабілеттер мыналар:

Жалпы қабілеттерге:

-құзырлылық - адамның лидер ретінде көрінетін саласына байланысты меңгерген білімі;

-белсенділік - адамның қажымай қарқынды әрекет ете білуі;

-бастама жасау - адамның шығармашылық белсенділік көрсетуі, идея (жаңа ой) және ұсыныстар жасауға дайындығы;

-жатырқамау — адамның басқа адамдармен ашық қарым - қатынас жасауға бейімділігі;

-табандылық — адамның еркіндік күшінің айқындығы, бастаған істі соңына дейін жеткізе білуі;

-өзін ұстай білуі - адамның қиын жағдайларда сезімі мен әрекетін басқара білуі;

-жұмысқа қабілеттілігі — адамның шиеленіскен істерді алып жүруде шыдамды болуы;

-байқампаздық - адамның бөлшектерді байқау, көре білуі;

-дербестік - адамның өзіне жауапкершілік ала білуі, пікірлерге тәуелсіздігі;

-ұйымдастырушылық — адамның өз әрекетін жоспарлап, адамдарды жанына жинай білуі, жинақылығы жатады.

Арнайы қабілеттерге:

-ұйымдастырудағы зеректік — басқа адамды түсіне білуі; әрқайсысына жеке қабілеті мен ерекшелігіне байланысты жол таба білуі;

-психологиялық әсер етудегі белсенділігі үдерісте туындаған жағдаятқа байланысты адамның жеке қабілетін ескере отырып, әртүрлі жолмен оған әсер ете білуді игеруі;

-ұйымдастырушылық жұмысқа икемділігі - өзіне жауапкершілік алу қажеттілігі, лидерлік ұстанымы жатады [1].

Фрэнк Карделл айтуынша, «... біз барлығымыз лидерміз — отбасында, ұжымда, мектепте, жұмыс орнында және әлемде» [2]. Яғни ғалым лидерді өзіңнен іздестіру мен анықтау, қажеттілігі мен жауапкершілікті пайымдады.

Ғылыми әдебиеттерді талдау барысында лидер және лидерлік ұғымдарына ең негізгі ұйымдастырушылық және басқарушылық тән екенін байқадық. Осы ұғымдар жоғары мақсаттар қойып, оған жетуге ұмтылу, шынайылық пен өзіне деген сенімділік лидерлердің заманауи қоғамдағы мәнін ерекшелейтін сипаты болып табылады. Сонымен қатар лидерді қандай да бір мақсатқа жету үшін адамдарды біріктіруге қабілетті тұлға анықтамасы кездеседі. Және бұл түсінік «мақсатпен» байланысты. Шын мәнінде, мақсаты жоқ лидер қисынсыз болып көрінеді. Тек мақсаттың ғана болуы және оған жалғыз жетуге ұмтылу лидер атануға айқын түрде жеткіліксіз.

Лидерліктің ажырамас белгісі – адамдарды артыңнан ерту, олардың арасында ортақ мақсатқа қол жеткізу бойынша нақты міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін жүйелі байланыстың болуын қамтамасыз ету қабілеті.

Табысқа жету және сәтсіздіктен қашу уәждері жастардың лидерлік қабілетін дамытудағы қозғаушы күш ретінде танылады. Жастардың лидерлік әлеуетін ашу ұжым қалыптасу үдерісімен тікелей байланысты.

Жас лидерге қарым-қатынастың толерантты мәдениеті тән болуы қажет, яғни лидердің диалог, тең дәрежелі өзара қатынас, сенімді және игілікті қатынас деңгейінде қарым – қатынас құра алу біліктілігі [3].

Жастардың лидерлік қабілетін дамыту оның өзін-өзі жетілдіру жұмысымен тікелей байланысты

Қорыта келе, лидерлік – өте күрделі және бәрін қамтитын феномен. Лидерлік түрлі зерттеулерде топтың бірігу мен ұымдасуына қажеттігі салдарынан туындайды деп түсіндіріледі. Лидерлік қабілет үш негізгі құрамдас бөлікті біріктіреді: ұмтылыс, қабілет және қатысу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мескон М., Альберт М., Хеддаури Ф. Основы Менеджмента.- М.:
2. Карделл Ф. Из тени в свет – СПб.: Невский проспект, 2001.- 192 с.
3. Ушатов М. Толерантность как необходимое качество современного лидера //Материалы МНПК «Этнопедагогика и этнопсихология в научно-образовательном пространстве мира и в Республике Казахстан». - Алматы,2016.

БАЛАЛАРДАҒЫ ҚОРҚЫНЫШТЫ ЖОЮДА ПСИХОТЕРАПИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Жанадилова Ә., студент

Ғылыми жетекші: Егенисова А.Қ.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада балалардағы қорқыныш проблемасы және оның зерттелу деңгейі баяндалады. Қорқыныш, үрей, мазасыздық ұғымдарына сипаттама беріліп, оларды түзетуде қолданылатын психотерапиялық әдістердің түрлері: арттерапия, изотерапия және т.б. жүргізу жолдары қарастырылады.

Түйінді сөздер: қорқыныш, үрей, арттерапия, психотерапия, изотерапия, сурет салу.

Балалардағы қорқыныш сезімі проблемасымен көптеген ғалымдар айналысқан Ш.Левис, А.М. Прихожан, И.К. Макшанцев, Е.Г. Макарова, А.И. Захаров, А.А. Осипова, С.Боулби, Т.Рэчмен, В.Р.Кисловская және т.б. өз еңбектерінде қарастырған [1, 165б.]. Күнделікті өмірде әртүрлі қиыншылықтардағы мазасыздық, сонымен қатар адамдарда туындайтын уайым бұл қорқыныш пен үрейдің пайда болуына әкеледі.

Қорқыныш - адамның санасында оның өміріне және аман-саулығына төнген қауіптің аффективтік (эмоционалдық ушыққан) бейнеленуі болып табылады. Қорқыныш сезімін ешқашан сезініп көрмеген адамды табу оңай емес. Уайымшылдық пен қорқыныш - қуаныш, таңдану, ашулану, қайғы секілді біздің психикалық өміріміздің ажырамас эмоционалды көрінісі

К.Г.Юнг «қорқыныш - бұл түсініксіз сансыз құбылыс, күтпеген қауіптер мен өлшемге толы», - деген болатын[2, 178б.].

3. Фрейд өзіне тән үлкен сеніммен: «Қорқынышты адамның туылу актісі кезінде басталады,»- дейді, яғни туылу процесінде жағымсыз сезімдер бірігіп, соматикалық

түйсіктерден бастауын алған өлім қаупі мен қорқыныш біздің өмірімізде өне бойы қайталанып отырады екен[3, 236.]

Балалық қорқыныштар, егер де оларға дұрыс қарап, пайда болу себептерін түсінсе, көп жағдайда ондай қорқыныштар ізсіз жоғалып кетеді. Егер де олар ауыртатындай күрделі немесе көпке дейін сақталса, онда ол баланың физикалық және нерв жүйесінің әлсіздігін, жанұядағы конфликті жағдайдағы ата-ананың өзін дұрыс емес ұстануы туралы айтып, жақсы белгілерден еместігін көрсетеді. Балаға әсер етіп, қорқынышынан арылуға көмек беру үшін, ата-анаға қорқыныштың не екенін, қандай қызмет атқаратынын қалай пайда болып, дамитынын және балалардың ең көп қорқып, оның неліктен екендігі туралы білуі қажет.

Г.Н.Кассильдің зерттеуі бойынша кез-келген қорқыныш, физикалық, эмоционалды ауырсыну реакциялары арқылы, мидың иірімдерінен бастап, субклеткаларда аяқтай, молекула түзеді [5, 150б.]. Баланың көзінше өлім, ауру, өрт, өлтіру туралы әңгімелер оның психикасына еніп, оған нұксан келтіреді. Егер де тіпті бала күтпеген шу немесе түртуден шошынатын болса да, осының бәрі қорқыныштың шартты - рефлкторлы сипаты жайында сөйлеуге негіз береді. Қорқыныш зат ретінде қандай да бір адамды немесе объект бола алады. Кейде үрей нақты ештеңеге байланысты болмауы мүмкін, олар жөнсіз қорқыныштар ретінде қайғырылады. Үрей жапа шеккеннен де болуы мүмкін, бұл балалық шақта сезімдер арасында байланыстың тууына байланысты. Үрей себептерін бірнеше классқа бөлуге болады. Бастауыш мектеп жасындағы балаларда үрейдің пайда болуы.

1. Әлеуметтік-мәдени және психологиялық алғы шарттары. Бала алғашқы жылдары барлық таныс емес әрі жаңа заттардан қорқады, ертегі кейіпкерлері мен заттарды жандандырып, бейтаныс жануарлардан қауіптеніп, ата-анасының мәңгі өмір сүретініне сенеді. Кішкентай балалар үшін бәрі шын, демек олардың қорқыныштары шындық сипатқа ие. Жалмауыз кемпір - жақын маңда жүретін тірі жан. Тек олар түйсіктерін ажырата алып, сезімдерін жеңіп және абстракты-логикамен ойлай бастағанда ғана баланың елестері бірте-бірте ақиқат сипатқа иелене бастайды. Көптеген өркениеттерде балалар өзінің дамуында бірнеше қорқыныш сезімін көреді.

2. Үрей жасаралық және невротикалық болады.

Жасаралық қорқыныштар эмоционалды сезімтал балалар арасында олардың жеке және психикалық дамуының ерекшеліктерін бейнелеу ретінде белгіленген. Әдетте олар келесідей факторлар әсерінен пайда болады: қорқыныш сезімінің ата-анасында бар болуы; баламен қарым-қатынастағы қобалжулық; қатерден баланы шамадан артық қорғау және құрбыларымен араласудан оңашалау; ата-анасының біреуінің балаға деген көптеген тыйымдар салу немесе ата-анасының екіншісінің балаға толық бостандық беру, сонымен қатар жанұядағы барлық ересектердің көптеген іске аспайтын бай-баламдар; ер балаларға қатысты өзіне жыныстас ата-анамен ролдік ұқсастыруға мүмкіндіктің болмауы; шошу сияқты психикалық жарақаттар; мұқтаж не әдейіленген жанұялық ролдерін ауыстыру салдарынан анасының әр уақыт жүйкелік-психикалық үнемі ауыртпалық көруі.

3. Биологиялық алғы шарттар

Жоғарғы жүйке қызметінің кейбір типологиялық қасиеттері қорқыныш сезімінің пайда болуына әсерін тигізеді. Бұл эмоционалды сезімталдылық және сонымен байланысты әсерленгіштік. Агрессивті жауап қайтара алмай, бәрін «жүрекке тым жақын қабылдап және тез ренжитін» адамдардың жоғары әсерленгіштігі олардың эмоционалды ренжігіштігі мен осалдығынан көрініс табады.

Көптеген балалар психикалық дамуында қорқынышқа деген жоғары сезімталдықтың бірнеше жас ерекшелік кезеңдерінен өтеді. Бұл қорқыныштардың бәрі өтпелі сипатқа ие, бірақ олар мазасыз ата-анасының ойында қалып қоятын қорқыныштарды қайта жандандыруы мүмкін. Ересектердің үрейі жанұядағы балаларға беріледі. Бұл қорқыныштардың берілуінің ең типтілік психологиялық жолы. Көптеген қорқыныштар балаға санасыз беріледі, бірақ кейбір қорқыныштар, дәлірек қауіптер, оған танылатын

бағалы бағдарлар жүйесі күштеп сендірілуі мүмкін. Сөйтіп, қорқыныштардың өздері емес, елеудің кейбір жалпы қасиеттері тұқым қуалайды.

Оқу жүктемесін әртүрлі себептермен игере алмай жүрген бірінші сынып оқушылары, уақыт өте келе үлгермеушілер қатарына ілігеді, ол өз кезегінде, невроздарға, мектептен қорқушылыққа алып келеді. Мектепке дейін үлкендермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасаудың тиісті тәжірибесін алмаған, өзіне-өзі сенімсіз оқушылар, үлкендердің күткен нәтижелерін ақтай алмай қалуға қорқады, мектеп ұжымына бейімделу қиындықтары мен қорқыныш сезінеді. Бұл қорқыныштың негізінде қателік жасауға, ақымақтық қылуға және сол үшін күлкіге ұшырауға деген қорқыныш жатыр. Мұндай балалар көбінесе тақтаның алдында жауап беруге қорқады. Әсіресе осы тақтаның алдында олардың қорғансыздығы толық көрінеді.

Кейбір балалар үй тапсырмасын орындағанда қателік жіберсе, зәре-құты қашып қорқады. Бұл ата-анасы оларды шұқшия тексеріп және қателікке драмалық мән берген жағдайда болады. Ата-анасы баланы жазаламаса да, психологиялық жазалау бәрібір сезіліп тұрады. Бастауыш мектеп жасындағы бағалау іс-әрекеттің нақты нәтижесін ғана бағалау емес. Оны бала өзінің тұлғасын бағалау деп түсінеді. "Сен жамансың, өйткені сен жаман оқисың", - деген сөздер айтылады балаға. Ол онымен келіседі, соның негізінде беймәлімдік, сенімсіздік сезімдерімен және әртүрлі қорқыныштармен жалғасқан шешілмейтін ішкі қайшылық пайда болады.

Бірқатар жағдайларда мектептен қорқу, құрбыларымен қақтығыстан, олар жағынан шығатын дене қара күштен қорқудан туындап отыр. Әсіресе бұл эмоционалды сезімтал, әлеуметтік-мәдени және педагогикалық олқылығы бар балаларға тән.

Жас өсе келе осы тәрізді қорқыныштар өзінің сипатын өзгертеді, кейде мүлдем жоғалып кетеді. Бірақ ұзаққа созылу сипатына қарай олар балада әлсіздік, өзінің сезімдерін игеруге, бақылауға қабілетсіздікті тудырады. Мектептік қорқыныш баланың психологиялық жайлылығын ғана емес, сонымен қоса балалар неврозының дамуына да ықпал етеді.

6-7 жаста қорқыныштарды жою мақсатты түрде күш салуды қажет етеді. Бұл жерде балалардың шығармашылығын пайдаланбай кету мүмкін емес, яғни сурет салу немесе ойындар, сонымен бірге балаға құрбылармен өзара қатынасты құруға көмектесу қажет. Балалармен жұмыс жасауда психотерапевтік жұмыстың икемді түрлерін қолдану өте маңызды. Психотерапевтикалық әдістер проблеманы уайымдауға адам қалай дайын болса, солай ішіне еніп кетуге мүмкіндік береді. Ал бала болса, әдетте онымен не болып жатқанын да сезінбейді.

Қазіргі уақытта қандай да болмасын психологиялық проблемасы бар адамдарға көмек көрсету үшін көп әдістер мен тәсілдер қолданылады. Соның бірі психотерапевтік бағыт. Ал балалармен жұмыс кезінде тиімді әдістің бірі-арттерапия.

"Арттерапия" терминін санаториядағы туберкулез ауруына шалдыққан науқастармен жұмысын сипаттау барысында Адриан Хилл (1938) қолданысқа енгізген. Бұл сөз тіркесі психикалық денсаулық орталықтары мен емханаларда өткізілген өнер сабақтарының барлық түрлеріне байланысты қолданылған.

Арттерапия - өнерге негізделген, соның ішіндегі негізінен шығармашылық және бейнелеу іскерлігіндей қолданылатын психотерапияның арнайыланған формасы.

Арттерапияның басты мақсаты өзін өзі тану қабілеттерінің дамуы арқылы жасалған жеке адамның гармонизациясынан құралған[6, 1906.].

Арттерапия мақсаттары:

1. Агрессия мен басқа да негативті сезімдерге әлеуметтік қолайлы сыртқа шығарту. Картина, суреттер, скульптуралармен жұмыс "бу" шығарудың қауіпсіз әдісі болып табылады.

2. Емдеу процессін жеңілдету. Санаға қонымсыз ішкі конфликттер мен уайымдарды көп жағдайда вербалды коррекция процессінде айтқаннан гөрі, көру бейнелері арқылы

шығару жеңілдеу болып келеді. Вербалсыз қарым-қатынас сананың "цензурасынан" оңай жоқ болып кетеді.

3. Психолог пен клиент арасындағы қарым-қатынасты жақсарту. Көркем қызметке бірігіп қатысу екі жақты қабылдау мен эмпатия қарым-қатынасының тууына себепші болуы мүмкін.

4. Ішкі бақылау сезімін дамыту. Суреттермен, картиналармен жұмыс немесе жабыстырма (лепка) түс және форманың реттелуін ескереді.

5. Зейінін сезім мен түйсіктерде топтау. Бейнелеу өнерімен айналасу көру және кинестетикалық түйсіктермен эксперимент жасауға және оларды

қабылдай алу қабілетінің дамуына кең мүмкіншілік туғызады.

6. Көркемдік қабілеттілігін дамытып, өзін-өзі бағалауды жоғарылату.

Арттерапияның қосалқы өнімі жасырын таланттардың ашылуы мен олардың даму нәтижесінде пайда болатын қанағаттану сезімі болып табылады.

Арттерапияда әдістемелердің түрлілігі өте көп. Мысалы, музыка-терапия, ертегітерапия, денеге бағытталған терапия және т.б. Солардың ішіндегі әсіресе изотерапияға жеке тоқталып өтеміз.

Изотерапия сурет салу арттерапия түрлерінің бірі болып табылады.

Сурет салу - балаға өз-өзін сезініп және түсінуге, өз ойы мен сезімін еркін шығаруға, қатты уайымдар мен конфликттерден босануға, эмпатияны дамытуға, өзімен өзі болып сурет салуды ағзаны жетілдіру бағдарламасының орындалу жолдарының бірі ретінде қарастыруға бейім.

Сурет сала отырып, бала өзінің сезімдерін, арман-тілектерін шығарады, түрлі ситуациялардағы қарым-қатынасын қайта құрастырып, кейбір қорқынышты, жағымсыз, жарақаттайтын бейнелермен ауыртпалықпен жақындайды. Осылай сурет салу өз мүмкіндіктерін мен айналадағы шындыққа жету әдісі, ара қатынасты модельдеу мен әртүрлі, соның ішінде жағымсыз, негативті эмоцияларды сыртқа шығару әдісі ретінде көрсетіледі. Сондықтан сурет салу психикалық қысымды, стресстік күйлерді алып тастауға, невроздар мен қорқыныштарды коррекциялау үшін кең қолданыс тапқан.

Изотерапияның тағы бір әдісі: Ол - жобалық сурет. Бұл әдіс өзінің екі мінезділігімен қызықты. Бір жағынан бұл керемет диагностикалық әдіс, екінші жағынан ол психокоррекционды әсер етудің барлық қажетті техникаларға ие.

Салуға ұсынылатын тақырыптар жалпы топтық та, жеке де проблемаларға қатысты болатындай әртүрлі болуы мүмкін. Әдетте сурет салу тақырыптары мынаны қамтиды:

1. Өзінің өткені мен қазіргі кезең ("Балалармен араласудағы менің ең басты проблемаларым", "Өзімді сенімсіз сезінетін өмірлік жағдайларым", "Менің күнделікті күнім"),

2. Болашақ немесе абстрактылы түсініктер ("Кім болғым келеді", "Үш арманым", "Бақыт аралы", "Үрей");

3. Топтағы қарым-қатынас ("Топ мен үшін және мен ол үшін не бердім", "Топта қарым-қатынастан не алдым және одан күткенім").

Жобалық суретте келесідей әдістер (Кратохвил классификациясы) қолданылады:

Еркін сурет салу: (әрбіреуі не қаласа соны сала береді). Суреттер жеке-

жеке орындалып, топ ішінде талқыланады. Тақырып не беріледі, не өздігінен топ мүшелерімен тандаылады. Сурет салуға 30 минут беріледі, одан кейін суреттер ілініп, талқылау басталады. Әуелі сурет туралы пікірін топ мүшелері, ал одан кейін автордың өзі айтады. Сурет интерпретациясындағы айырмашылық талқыланады.

Коммуникативті сурет салу: Топтар жұптарға бөлінеді, әр жұпта өзінің қағаздары болады, әр жұп белгілі-бір тақырыпқа бірігіп салады, ереже бойынша вербалды контакттер болмайды, олар бір-бірімен түстер, сызықтар, бейнелер арқылы қарым-қатынас жасайды. Сурет салу процессі аяқталғаннан кейін сол сурет салу процессі талқылы салынады. Онда жасалған туындының көркемдік қасиеттері емес, сурет салу процессі туралы дида

мүшелерінде пайда болған сезімі, ойлары және олардың сол процесстегі бір-біріне қатынасы талқыланады.

Бірігіп сурет салу: Бірнеше адам (не барлық топ) тып-тыныш бір бетке сурет салады (мысалы, топты оның дамуын, ондағы көңіл-күй мен атмосфера және т.с.с.). Сурет салу аяқталысымен әрбір топ мүшесінің қатысымы, қосқан үлесінің мінезі және сурет салу процесіндегі басқа қатысушылармен қарым-қатынасының ерекшеліктері айтылады.

Қосымша сурет салу: Сурет топ арасында жіберіледі - біреуі бастап салады, келесісі бір нәрсе қосып жалғастырады және т.с.с.

Дайын суреттермен жұмыстың екі түрі бар:

1. Барлық суреттердің бір мезгілдегі демонстрациясы, көру және салыстыру, жалпы салыстыру, жалпы және айрықша мағынаның бірігіп табу.

2. Әр суреттің бөлек талдануы ол қолдан қолға өтіп, қатысушылар ол туралы психологиялық мазмұнын айтады.

Балаларға мына тақырыптарға да сурет салуды ұсынуға болады: «Мектепте», «Далада, аулада», «Жанұя», «Мен қандай қорқынышты түс көремін немесе мен күндіз неден қорқамын», «Менде ең жаман немесе ең жақсы қандай жағдайлар болды», «Мен кім болғым келеді» т.б.

Суреттерді зерттеу баланың қызығушылықтарын, әуестіктерін, темпераменттерінің ерекшеліктерін, көңіл-күйін және ішкі әлемін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, суреттегі сұр түстердің көптігі және қара түстің басымдығы өмірге құштарлықтың жоқтығын, көңіл-күйдің темендігін, баланың өзінің шамасы келмейтін қорқыныштардың көптігін білдіреді. Керісінше ашық, қанық, көзге жағымды түстер белсенді өмір тонусын және оптимизмді көрсетеді. Бояумен салғандағы кең құлаш, көлемділік, алғашқы сюжетті өзгертетін алдын-ала және соңынан кескіндеуі жоқ сурет сенімділікті және нық шешімділікті білдіреді. Жоғары қозушылық және әсіресе шектен тыс белсенділік суреттің тұрақсыздығынан, көмескілігінен немесе сызықтардың нақты, бірақ бір-бірімен қиылысып жатқандығынан байқалады. Тежелуі және мазасыздығы бар балалар суретті аз салады, оған қарағанда басқа іс-әрекет түрлерін қалайды. Сурет сала бастағанда түрлі-түсті қарындаштармен салған дұрыс. Сурет салардан бір ай бұрын балаларға үйде сурет салуға тапсырма беруге болады, ол кейіннен үйде белсенді сурет салуға қызығушылықты тудыру үшін қажет. Оның болмауы психикалық дамуды жүдетеді және қандайда бір қиыншылықтың барлығын білдіреді.

Бастауыш сынып оқушыларының қорқыныштарын аяқталмаған сөйлемдер әдістерімен анықтауға болады. Аяқталмаған сөйлемдер әдісі оқушы қарым-қатынасының және іс-әрекетінің әртүрлі аймағындағы қорқыныштарды зерттеу үшін қолданылады:

Мен мектеп туралы ойласам...

Мен мектепке келе жатқанда...

Мен мұғалімді көрсем...

Бізде бақылау болғанда...

Тақтада жауап бергенде мен...

Мен екі алғанда...

Мұғалім сұрақ қойғанда, мен...

Берілген сөйлемдердің аяқталуында баланың, мұғалім білуге тиісті өте маңызды эмоционалдық көңіл-күйі көрініс береді. 6-7 жаста қорқыныштарды жою мақсатты түрде күш салуды қажет етеді. Бұл жерде балалардың шығармашылығын пайдаланбай кету мүмкін емес, яғни сурет салу немесе ойындар, сонымен бірге балаға құрбылармен өзара қатынасты құруға көмектесу қажет.

Психотерапевтикалық әдістер проблеманы уайымдауға адам қалай дайын болса, солай ішіне еніп кетуге мүмкіндік береді. Ал бала болса, әдетте онымен не болып жатқанын да сезінбейді. Қорыта айтқанда, олардың бойында қорқыныш симптомдары жойылғанша тұрақты түрде, психотерапевтік әдіс-тәсілдерді қолдану өте тиімді болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Прихожан А.М. Психокоррекционная работа с тревожными детьми. - М., 1990. - 165 с.
2. Юнг К.Г. Об отношении аналитической психологии к поэтико-художественному творчеству. -М., 1923.- 178 с.
3. Фрейд З. Психология бессознательного. - М., 1989. -223 с.
4. Захаров А.И. Как помочь нашим детям избавиться от страха. С-Пб., 1995, 31-32 с.
5. Кассиль Л. Твой защитники, изд. «Детская литература -М:», 1970. -150 с.
6. Копытин С.А. Основы арттерапии. СПб., 1999. -190 с.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ СТРЕССТІК ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алибекова Н.А., студент

Ғылыми жетекші: Егенисова А.Қ.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Актау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп оқушылары арасындағы стрестік жағдайлар, оның алдын алу шаралары да баяндалы. Стресс проблемасын зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасалып, стресс, күйзеліс ұғымына анықтама беріледі. Стрестің алдын алу, стресті туғызатын факторлар және психологиялық денсаулық туралы да сөз болады.

Түйінді сөздер: стресс, күйзеліс, психикалық денсаулық, психологиялық денсаулық, эмоция,

Психологиялық денсаулықтың бұзылуына әсер ететін факторлардың ішінде кең тарағандары – эмоционалды тұрақтылықтың бұзылуы, іс-әрекеттегі ауытқушылық және гиперактивтілік.

Күйзеліс (стресс) дегеніміз – бұл күшті әсерден адамда пайда болатын зорланған көңіл күй. Күйзеліс – бұл қоршаған ортаның жағымсыз өзгерістеріне жауап ретінде организмнің ерекшеленбеген қорғаушы реакциясы.

Стрессор – стресс жағдайын тудыратын фактор. Стрессорларға адамды рухани тепе-теңдіктен шығаратын сыртқы және ішкі жағдайлар жатады. Шеффердің айтуы бойынша адамның ішкі қысымын білдіретін жағдайлар: шоғырлана алушылықтың төмендеуі; жұмыстағы жіберілетін қателіктердің жиілеуі; тез шаршағыштық; жылдам сөйлеу; ойдың жинақталмауы; бас, омыртқа, асқазанның жиі ауыруы; жоғары қозушылық; жұмыс істеудің қуаныш әкелмеуі; қалжың сезімінің жоғалуы; шылым шегудің жиілеуі; алкогольді ішімдікке әуестену; тойымсыздық сезімі; тәбеттің жоғалуы; өз уақытында жұмысты аяқтай алмау.

Эмоционалды стресс өзінің тегі бойынша әлеуметтік болып табылады. Ғылыми-техниканың дамуы, өмір қарқынының жылдамдығы, ақпараттың көп болуы, адамдар арасындағы қақтығыстық жағдайлар, экологиялық жағымсыздық нәтижесінде олардың кездесуі өте жиіленді. Эмоционалды стресс салдарынан туындайтын ағзадағы өзгерістер өте көп. Әр адамда оған қарсы тура алушылық та әр алуан. Балаларда стресс салдарынан туындайтын клиникалық және соматикалық аурулар бірнеше жағдайларға байланысты. Мұндай жағдайларға индивидтің психикалық және биологиялық ерекшеліктерін, әлеуметтік ортасын және салмақты эмоционалды реакция тудыратын оқиғалардың сипаттарын жатқызуға болады.Отбасындағы бірнеше рет қайталанған күрделі жағдайлар және одан тыс жағымсыз жағдайлар эмоционалды стресстің туындауына әсер етеді. Эмоционалды стресс адамның әлеуметтік ортаға бейімделуінің психологиялық механизмдерінің бұзылуы жайлы белгілер береді [1].

Балалардағы эмоционалды стресс көп жағдайда олардың мінез-құлық үлгісін қалыптастырып алуына байланысты туындайды. Күнделікті өмірде кездесетін немесе әдеби шығармалардағы кейіпкерлерге өздерін ұқсатады. Ерте және мектепке дейінгі кезеңдегі стресске әкелетін жоғары тәуекелдікке ие жағдайлар: қорғанысты жоғалту немесе болмауы; жауласқандық, қатаң, эмоционалды жылылығы жоқ отбасы; жақсы күтім жасай алмайтын, жақын адамын жоғалтқан немесе үйлесімділік жоқ отбасы; шектен тыс қатал талап қоюшы отбасы; отбасында жаңа мүшенің пайда болуы; қарама-қайшылықты тәрбие немесе оның типінің өзгеруі; отбасынан алшақтануға байланысты қорғаныстың болмауы; бөтен отбасында немесе балалар мекемесінде тәрбиелену.

Мектеп кезіндегі балалар да шынайы немесе қиялдық қорғанысты жоғалтуды өте ұшқыр бастан өткізеді. Олар үшін өте маңызды өзіндік «Менінің» құндылығын төмендетумен байланысты жағдайлар – ата-анасының, мұғалімдерінің күтулерін, үміттерін ақтамау, өзінің денсаулығы немесе өмірі үшін қорқыныш сезімі эмоционалды стрестің туындауының жиі себептері бола алады.

Баланың педагогпен қатынасының дұрыс болмауына баланың оқу міндеттерін меңгере алмауы себеп болады. Педагогті түсіне алмауына немесе қорқуына немесе көңіл аудармауына байланысты мектеп талаптарына нашар бейімделеді. Мұндай жағдайда психологтар бұл балаларға мектепке бейімделе алмаушылық синдромын қояды [2].

Кейбір кездерде оқушы барлық талпыныстарына қарамастан, құрбылары түсінбейтін күрделі жағдайларда қалады. Бала неғұрлым ересек болса, құрбыларының қатынасы соғұрлым маңызды және олардың өзіне деген мазақтарын, көңіл бөлмеушіліктерін өте ауыр қабылдайды. Әсіресе, мұндай жағдайларда басқа сыныптан ауысып келген бала болуы мүмкін. Бала жаңа әлеуметтік ортада жағымды бейімделе алмауын өте ауыр бастан кешіреді.

Отбасында күрделі өзгерістер баласының өтпелі кезеңге өтуімен байланысты да туындап жатады. Жеткіншектік кезең (10-11-ден 15-16 жасқа дейін) дербес болудың маңызды кезеңі. Дербестікке жетудің табыстылығы көп жағдайда отбасы факторларымен, дәлірек отбасынан бөлектену процесімен жүзеге асады. Жеткіншектің отбасынан бөлінуі жеткіншек және оның отбасы арасындағы өзара қарым-қатынастың, яғни қолпаштауға емес, серіктестікке негізделген жаңа типінің қалыптасуымен байланысты. Бұл кезеңде мектепті, ересектенудің маңызды психоәлеуметтік қақтығыс, сонымен бірге еркіндік пен дербестік мақсатына жету орны ретінде қарастыруға болады. Нәрестелік кезеңнен жеткіншектік кезеңге дейін психологиялық денсаулыққа сыртқы орта факторларының әсері азаяды. Сондықтан, ересектерге бұл факторлардың әсер етуін сипаттау күрделірек. Психологиялық сау ересек кез келген факторға өзінің денсаулығына зиян келтірмей адекватты бейімделе алуы керек.

Осы позициямен келісе отырып, ішкі субъективті факторлардың психологиялық саулыққа әсерін қарастырайық. Психологиялық саулық стресс жағдайларына төзімділікті білдіреді, сондықтан стресске төтеп бере алуды – толеранттылықты азайтатын психологиялық қасиеттерді анықтайық. Осы орайда индивидуалды типологиялық қасиеттердің ішінде темперамент елеулі роль атқарады. Ең алдымен А.Томастың классикалық эксперименттерінен бастайық, ол темпераменттің «қиын» деп атаған қасиеттерін бөліп көрсетті: ырғақсыздық, бейімделудің төмендігі, қашқақтау тенденциясы, нашар көңіл-күйдің басымдылығы, жаңа жағдайлардан қорқу, шектен тыс қыңырлық, шектен тыс көңіл бөлушілік, жоғары немесе төмен белсенділік. Мұндай темперамент күрделілігі мінез-құлық бұзылуының жоғары тәуекелдігінде [3]. Бірақ аталған бұзылулар қасиеттерден туындамайды, қоршаған ортамен ерекше өзара әрекеттестік тудырады. Темпераменттің индивидуалды қасиеттерін психологиялық денсаулықтың бұзылуы жағынан Я. Стреляу қарастырды.

Я.Стреляудың пікірінше, темперамент – бұл мінез-құлықтың қуаттық деңгейінде және реакциялардың уақытша параметрлерінде көрінетін, мінез-құлықтың тұрақты сипаттамаларының жиынтығы. Жеткіншектік кезең өсіп келе жатқан бала үшін де,

эмоционалды шектен тыс шығып кетуіне мүмкіндік жасайтын, баланы түсіне алмаушы ата-ана үшін де өте ауыр, стрессогенді болып табылады. Белсенді үміткерлік көңіл-күйі адам ғұмырын ұзартады, әрі тәннің ауруға қарсылық қуатын күшейтеді. Ал соңғы жылдары, көңіл күй мен денсаулық арасында қатыстылық болатындығын ғалымдар тағы бір тұрғыдан растады. Олардың көрсетуінше, егер адам жыл бойы жабығып, торығып жүретін болса, онда қан құрамындағы холестерин шамасы артады және адам тәнінің ауырсыну түйсігі ұлғаяды.

Ғалымдар мынаны байқаған: егер адам өзінде бардың бәріне разы болса, мысалы, жанашыр жұбайының болғанына, белгілі табысқа жеткендігіне, тіпті өзінің тірі жүргендігі сынды болмыстың өзіне де разылық сезіммен қарай алатын болса, бұндай разылық сезім иммунитеттік қуатты арттырып, қан қысымын төмендетіп, тұтас тәннің қалпына келу қарқынын тездете түседі. Көптеген адамдардың өмірінде мынадай кешулер болған: қайғырып, жабыққан сәттерде басы, асқазаны ауырып, ұйқы қашу, қан қысымы өрлеу сияқты сырқат белгілері байқалады. Таяуда АҚШ-тың Огайо штаттық университетінің зерттеушілері мынаны байқады: егер жыл бойы жабығып, басылып жүрген болса адамның қанындағы глюкоза мен май қышқылының шамасы артып, сусамыр (диабет) ауруы мен жүрек ауруының қатері күшейеді, бұдан сырт, қысым адам денесіндегі холестерин шамасын арттырып, жүрек-қан тамыр ауруларына оңай душар етеді.

Көңіл күй не үшін адам денсаулығына ықпал жасайды? Осылай деудің ғылымилығы бар ма, жоқ па? Мамандар көңіл күйдің сырын Қытай дәстүрлі медицинасы тұрғысынан ашып берді. Әр түрлі түйсік-сезімдер мен көңіл-күй адамдардың бәрінде болатын жәйт. Жайшылықта бұл қалыпты рухани физиологиялық құбылысқа тән. Әр алуан көңіл күй әрекеттерінің бәрінде сезімді ояту, физиологиялық әрекеттерді сәйкестіру рөлі болады. Дей тұрғанмен, клиникалық тәжірибелер, адам жанының ызалануы, қайғыру, ой соқты болу, уайымдау, үрейлену сияқты жағымсыз көңіл-күйлері меңдеп алып, ол толық бейнеленіп шықпаса, денсаулыққа аса зиянды болатынын, тіпті, дертке шалдықтыратынын дәлелдеген. Бұндай аурулар да көңіл-күйден болған аурулар делінеді.

Стресске төзімділіктің төмендігі қандайда бір тұлғалық факторлармен байланысты екендігін қарастырайық. Қазіргі кезде бұл мәселеге қатысты нақты позиция жоқ. В.А.Бодровтың пікірінше, өмірде ақ-жарқын адамдар психологиялық табанды болып келеді, көңіл-күй фоны төмен адамдар керісінше, психологиялық төзімділігі де төмен болып келеді. Сонымен қатар төзімділіктің үш негізгі сипаттамасын бөліп көрсетеді: бақылау, өзіндік баға, сынау.

Адам денсаулығының деңгейі оның мәдениетіне тікелей байланысты. Адам бойында денсаулықты сақтауға деген тұрақты мотивация, ұмтылыс, мақсат болуы керек. Адам өзінің генетикалық, физиологиялық, психологиялық мүмкіндіктерін білуі, өз ағзасының резервті мүмкіндіктерін дұрыс бағалап, оны рационалды білуі тиіс. Сонда ғана адамның стресске төзімділігі айқындала түседі [4]. Белсенді өмір сүретін ағза стрестік тітіркендіргіштердің әсеріне ұшырамайды. Г.Селье стреспен күрестің келесі құрамын ұсынды: салауатты өмір салты; позитивті ойлау; стресті фармакологиялық түзету, яғни фитоадаптогендерді қолдану; белсенді өмірлік бекіту позициясы; ертеңгілік дене шынықтыру.

И.В. Дубровина: «Психологиялық саулық тұлғаны толық қамтиды, адам жан дүниесінің жоғары сатыларымен тығыз байланысты, психикалық саулықтың психологиялық аспектісі» десе, О.В. Хухлаева: «Психологиялық саулық – психикалық саулықтың психологиялық аспектілері: адамның жас ерекшелік, әлеуметтік, мәдени рольдерін адекватты орындау шарты; адамның өмір бойы үздіксіз даму мүмкіндігіне байланысты» деп көрсетеді. [3]

М.Р. Роговин бойынша адамның стресске төзімділігінің сипаты сыртқы және ішкі реттелу функцияларының сақталуына негізделеді. Б.С. Братусь тұлғалық – мәнділік немесе тұлғалық саулық, индивидуалды психологиялық денсаулықтың жоғары деңгейі ретінде – мәнді талпыныстардың адекватты тәсілін құру қабілеттілігі және психикалық іс-

әрекеттің нейрофизиологиялық ұйымдастырылуының ерекшелігі ретінде психофизиологиялық саулық деңгейін көрсетеді. Қорыта келе, психологиялық әдебиеттер негізінде адамдардағы психологиялық саулықтың үш деңгейі кездеседі, және бұлар адамның стресске төзімділік көрсеткішін білдіреді.

Психологиялық денсаулықтың жоғарғы деңгейі – креативтілікке – ортаға тұрақты бейімделушілігі, стрестік жағдайларды меңгеруге резервті күші бар және шындыққа белсенді шығармашылық қатынас құру позициясын ұстанатын адамдарды жатқызуға болады.

Орташа деңгей – бейімделушілікке – социумға толық бейімделген, бірақ біршама жоғары мазасыздығы бар адамдарды жатқызамыз.

Төменгі деңгей – бұл дезадаптивті. Мұнда ассимиляция және аккомодация процестерінің тепе-теңдігі бұзылған және ішкі қақтығысты шешуде ассимиляциивті немесе аккомодативті құралдарды қолданатын адамдарды жатқызамыз. Ассимилятивті мінез-құлық стилі ең алдымен адамның сыртқы жағдайға өз тілектеріне және мүмкіндіктеріне зиян келтірумен сипатталады. Қоршағандардың тілектеріне толығымен сәйкестенуге тырысады. Аккомативті – мінез-құлық стилі керісінше, қоршағандарды өз қажеттіліктеріне бағындырғысы келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Никифоров Г.С. "Практикум по психологии здоровья".
2. Петровская Л.А. Гуманистический контекст психологической помощи//Социальная психология в современном мире/ Под ред.Г.М.Андреевой, А.И.Донцова. М.: Аспект Пресс, 2002.
3. Практическая психология образования / Под ред.И.В.Дубровиной.М.; ТЦ «Сфера», 1997.
4. Михайлов А.Н., Ротенберг В.С. Особенности психологической защиты в норме и психосоматических заболеваниях // Вопросы психологии. 1990.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – РУХАНИ МӘДЕНИЕТТІҢ БАСТАУЫ

Жанадилова А., студент

Ғылыми жетекші: Сапарбайқызы Ш.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Қазіргі таңда ұлттық ерекшеліктерімізді айқындайтын ана тілімен, отбасында тәрбиемен берілетін қасиеттерімізге сына түсіп отырғаны жасырын емес. Өрениетке ұмтылған қоғамдық өмірді ізгілендіру мақсатында кеткеніміздің орнын толтырар ұлттық болмысымызды, рухани мәдениетімізді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Мақалада отаршылдық езгісі әсер еткен ділімізді қалпына келтіру ұлттық құндылықтың мәнін түсінуден, тәрбиеге ендіруден басталатыны сөз болады.

Түйінді сөздер: қазақ этносы, ата-баба, ұлттық тіл, діл, құндылық, ұлттық идея, қасиет, тәрбие.

Жер бетіндегі жаппай жүріп жатқан жаһандану үрдісі, қазіргі жер шарындағы халықтардың көпшілігінің ұлттық болмысынан, көркемдік ерекшеліктерінен айыруда. Демек, қазақ этносының ұлттық тілі мен ділі, психологиясы мен дүниетанымы, мәдениеті мен әдебиеті, өнегесі мен өнеріндегі тәрбиенің озық үлгілерінің сақталуы, дамуы қазіргі кезеңнің кезек күттірмейтін проблемаларының бірі болып табылады.

Халықтың дүниетанымы мен рухы, мәдени дәстүрінде жинақталған ұлттық ерекшеліктері, дара қасиеттері, ұлттық ойлау жүйесімен игеріліп, қалыптасқаны белгілі.

Бүгінгі таңда қоғамдық өмірді ізгілендіру жағдайында ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани мәдениетімізді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Отаршылдық езгісі әсер еткен ділімізді қалпына келтіріп, нығайту және өркениетті елдер қауымдастығы қатарынан орын алу - мемлекетімізді қалыптастырудағы басты алғы шарттардың бірі.

Бұл мәселелер Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында: «Жеке адамның шығармашылық, рухани дене мүмкіндіктерін дамыту адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектілігін байыту – қазіргі білім беру жүйесіндегі басты міндеттердің бірі», - деп орынды айтылған [1].

Одан әрі, «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау», - деп білім беру саласының алдына үлкен міндеттерді жүктейді [1; Б.10].

Н. Ә. Назарбаевтың биылғы жылғы «100 нақты қадам» атты Жолдау-ының 89 қадамында да «Нұрлы болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру, сонымен қатар мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламасына «Мәңгілік ел құндылықтарын енгізу», - басты бағыттардың бірі ретінде басшылыққа алынды. Тәуелсіз елімізді дамытудың, әрбір Қазақстандықтың, әр отбасының, жастардың және келешек ұрпақтың мүддесін қорғаудың нақты жолдарын ұсынды. «Мәңгілік Ел - жалпы Қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы болатын. Ендігі ұрпақ - Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің ұлттық идеясы - Мәңгілік Ел!» деп елбасымыз нақты атап өтті [2].

Әлеуметтік маңызы зор құндылықтың мән-мағынасын ұғындыру, баланың санасына, сезіміне, түйсігіне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеде жеткізу ұстаздық шеберлікті талап етеді. Алайда басы ашық мәселенің бірі – қазақ қоғамы қазір қарқынды түрде жүріп жатқан жаһандану үрдісінің ықпалынан, өзі қаламаса да, оқшау бола алмайды. Жаһандануды әрбір ұлт, әрбір этнос, әрбір мемлекет өзінің болмысына бейімдеп сіңіре алғанда ғана осынау қауіптілеу болып көрінетін құбылыстан көп қиындықсыз шығары сөзсіз. Егер жаһандануды ұлттық мемлекеттік болмысқа икемдей алмасақ, оның ықпалына түсіп алып, жалаң еліктеуге ұрынатын болсақ, онда мемлекет те, сол мемлекетті жасап отырған ұлт та геосаяси тобырға айналып, рухани жаулаушы өркениеттің құлақкесті құлы болып қала береріне дау жоқ. Ендеше, оған қарсы тұру үшін не істеу керек? Одан өз бітім-кескінін сақтаған қазақ қоғамын аман алып қалудың қандай тетіктері бар? Біздің ойымызша, оның ең тиімді үлгісі – ұлттық тәрбиеге арқа сүйеу. Қазіргі кезеңде әлемнің әр түкпірінде өткір қойыла бастаған ең өзекті жайдың бірі – осы ұлттық тәрбие мәселесі болып отыр. Ол жайдан-жай емес, әрине. Ұлттық тәрбиенің ең маңызды тұсы адамды ойлануға үйретуі. Бұлай дегенде әрбір жеке адам ең алдымен өзінің белгілі бір ұлттың мүшесі екенін іштей терең сезініп, санада сілкініс жасауы керек екенін, содан кейін барып жалпы адамзаттық қоғамға лайық орнын белгілеуі қажеттігін сіңіруі болса керек.

Еліміздің бүгінгі тәуелсіздік тұғырын баянды ету үшін, бар білімі мен қабілетін сарып ететін, елін, туып өскен жерін, атамекенін, тілін, халқының салт-дәстүрін, тарихын, дінін, мәдениетін құрметтейтін жеке ұлттық адами құндылықтардан нәр алып, бойына сіңірген, таза елжанды азаматтар тәрбиеленуі қажет. Бұл “Мәңгі ел” ұлттық идеясымен ұштасатын ұлттық мүдде, ұлттық ұстын. Халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгілік қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру. Сонымен, ұлттық тәрбие дегеніміз – өскелең ұрпақты бірнеше ғасырлардан жинақталған ата-бабамыздың мол мұрасымен, ұлттық құндылықтарымен сусындату, сана сезімін, елдік сенім қалыптастыру.

Ата-бабаларымыз ұрпағын адал еңбекке, өнер-білімге тәрбиелеп, өмірге бейімдеп, жанұяның, Отан намысын қорғауға ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрін сыйлауға тәрбиеледі, ерекше мән берді.

Қандай халықтың болмасын ұлттық құндылықтары тәлім-тәрбиесінде көрініс береді. Құндылық - тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар. Жеке

тұлғаның ұлттық болмысы: салауаттылық, меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, инабаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайлылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани - байлық, махаббат т.б сияқты қасиеттері арқылы ерекшеленеді. Құндылықтар - шынайы негізде болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол адам санасында орын алады. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсінуге болады, сол арқылы тұлға құндылығы қалыптасады. Тұлғаның қалыптасуы өмірге келген сәтінен басталады, жеткіншек және жасөспірім шақта жедел жүреді.

Тұлға - бұл сезімнің, әсердің, ішкі күйініш-сүйінішін бойына жинақтаған, қоғамдық-тарихи дамудың өнімі. Тұлғаның қалыптасуы өмірге келген сәтінен бастау алып, жасөспірім, және жеткіншек шақта жедел қалыптасады. Адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етеді де, өзі өмір сүріп отырған қоғамның, ұжымның, ұлттың мүшесі ретінде өзіндік ақыл-парасатымен, жеке бастың өзіне тән ақыл-ой, ерік-жігер, мінез-құлық ерекшелігімен көрінуге тырысады. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы ұлттық дәстүрлерімізді меңгеруі мен құрметтеуінен туындайды. Жеке тұлғаның құндылық түсініктеріне әсер ете оқыту, оның ең алдымен, әдептілігіне баса назар аударуды қажет етеді. Өйткені ол-халқымыздың ұлттық психологиясының өзегі, оның ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық санасының практикалық көрнісі, барлық кісілік қасиеттерінің жиынтығы. Халық тәрбиесінің тағлымдарын жас ұрпақ тәрбиесінің кәдесіне жаратудың маңызы зор.

Ұлттық руханилықты ұлттық құндылықтың мәні деп түсінеміз. Әр ұлттың ұлттық қасиеттері ұлттық тәрбиеге байланысты дамып қалыптасатыны сөзсіз. Әрбір тұлға саналы түрде өзін басқалармен салыстыра келіп өзіндік ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырады. Мектептегі білім мен тәрбие жұмысын ұлттық ерекшеліктерге негіздеп, мазмұнына халықтық ұғымдар енгізу, уақыт күтірмейтін мәселе. Мұны өмір талабы, заман ағымы қажетсінуде. Ұрпақ ата-бабадан жеткен асыл мұраларымызды саналы қабылдап, бойына дарыту үшін, ең алдымен, халықтық өзіндік болмыс ерекшеліктерінен, өмір тіршілігінен мол мағлұмат алуы қажет. Сонымен бірге жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің ең басты жолы - ұлттық қадір-қасиетті дәріптеп, ана тілімізді сақтап, мәдениетімізді дамыту. Тәрбиенің өзі – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған, озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақ бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым – қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез – құлқын қалыптастыру.

Ал, тәрбиенің негізгі мақсаты - дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар – ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ұлттық қасиеттер қалыптасқан тұлғаны тәрбиелеу. Тәрбие мазмұны, оны жүзеге асыратын әдіс-тәсілдердің негізі - адамгершілік, имандылық, ізгілік, елжандылық. Бұл ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатырған ерекшеліктер. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ – дені сау, білімді, өнерлі, ақылды, еңбекқор, иманжүзді, сұлу да сымбатты, ұлтжанды болып өседі, қалыптасады. Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу дегеніміз – халықтың ғасырлар бойы жинақталған, іріктелген тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, тәрбиеленушінің қоршаған ортадағы қарым – қатынасын, дүниетанымын, өнерге деген көзқарасын және мінез – құлқын қалыптастыру [3]. Қайсы халықтың болмасын «ұлттық тәрбиесінің» өзіндік ерекшелігі, тұрмыстық, әдет-ғұрыптық салт-санасынан туындайды. Бұдан қоса әр адамның жеке тұлғалық ерекшеліктері де ескерілуі тиіс. Біреу өнерге, біреу әдебиетке, енді біреу техникалық мамандықтарға бейім болады, соған сай мінез-құлық ерекшеліктерінің де қалыптасатынын өмір тәжірибесі көрсетіп келеді. Сондықтан да, еліміздің ертеңі – жас ұрпақты сапалы білім, саналы тәрбиемен қаруландырып, олардың туа біткен тұлғалық ерекшеліктерін мүмкіндігінше тиімді жетілдіре түсуді көздеу – әрбір педагогтың басты міндеті, абыройлы борышы.

Оқу-тәрбие үрдістерінде, сыныптан тыс тәрбие шараларында:

-Ұлттық тәрбиенің мазмұндық элементтерін кеңінен қолдану арқылы тәрбие түрлерін ұйымдастыру;

-Мазмұнға сай көрнекі құралдарды қолдану;

-Ұлттық (құндылықтарды) салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық өнер туындыларын құрметтеуге тәрбиелеу;

-Ұлттық қадір-қасиеттерді, ар-намысты, өнеге, өсиетті оқушы бойына сіңіре білуге тәрбиелеу қазіргі заман талабына сай азаматты қалыптастыруда мейлінше басты назарда болуы тиіс.

Әр халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі сан ғасырға созылған өзіндік тарихи тағлымы, ой-пікірлері ұлттық тәрбиесі туралы тұжырымдары философ, тарихшы, этнограф, психолог, педагог ғалымдардың зерттеу еңбектерінен орын алған. Ұлттық тәрбие беру мәселесі сонау әл-Фарабидің, Ж.Баласағұнидің, М.Қашқаридің еңбектерінде көрініс табады. Ұлтымыздың ұлы тұлғалары түркі халықтарының тәрбиелік ерекшеліктеріне үлкен мән бере отырып, ұлттық тәрбие берудің әдіснамалық негізін жасады. Халқымыздың кемеңгер ағартушылары Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, Ш.Құдайбердиевтің, М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың, Ж.Аймауытовтың, М.Дулатовтың, т.б. педагогикалық мұраларында тұлғаның қалыптасуы мен дамуындағы ұлттық тәрбиенің маңыздылығы мен мазмұны ашып көрсетілді.

Көрнекті қазақстандық ғалымдар Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, Ж.Ж.Наурызбай, К.Ж.Қожахметова, Ә.Табылдиев, т.б. еңбектерінде этникалық педагогиканың қалыптасуы мен дамуын, оның құралдарының ұрпақ тәрбиесіндегі мәнін, мектептің оқу-тәрбие үрдісінде алатын орны мен оларды пайдалану мүмкіндіктерін қарастырды.

Ұлттық тәрбиенің басты құралы халық ауыз әдебиеті және дала даналарының тәлімдік өнегелері - қазақ этнопедагогикасының теориялық алғышарттарының негізі болып табылады. Бала тәрбиесін заттың атын атап, санын үйретуден бастаған қазақтың ұлттық тәліміндегі ерекшеліктер сол ұлттың тұрмыс-тіршілігіне, тарихи және табиғи жағдайларына байланысты тәрбие құралы ретінде қалыптасты. Балаға сан үйретуді, тіл ширатуды, мақал-мәтел үйретуді, тақпақ жаттауды игі әдетке, одан әдепке, әдептен дәстүрге айналдырған. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негізі - ұлттық әдебиет және тәлімдік өнегелер. Қазақ халқының тілі, ділі, болмысы оның этнопедагогикалық негіздері болып табылады.

Ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға біліммен қатар, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың хас жауы», – деген екен. Ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлерін оқып үйрену, өнеге тұту, жас ұрпақты ізгілікке баулу үлкен жауапкершілікті талап етеді. XX ғасыр басында қазақ халқының білім беру саласында үлкен бет бұрыстар болғаны белгілі. Ұлттық негіздегі төлтума оқулықтар, рухани-адамгершілік тәрбиесі мәселесіне арналған көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мұраларды жинақтап, оны бүгінгі қоғамының рухани кәдесіне жарату жолында А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов т.б. жанқиярлықпен еңбектенді. Ұлттық тәрбиенің маңызы қаншама рет айтылса да, бүгінгі мектептің білім мен тәрбие беру ісінде айтарлықтай мазмұнға ие бола алмай отырғаны өкінішті. Ұлттық тәрбие әрбір отбасында бала кезден бастау алып, мектепте жалғастығын таппаса, кейін қиынға соғатыны – дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы “Білім туралы Заңы” //Егемен Қазақстан, 11 маусым 1999.
2. Н.Назарбаев: Ұлт Жоспары – “100 нақты қадам” бағдарламасы. 2015 ж.
3. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1994.
4. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының тарихы 1998, - 127б.

МАҢҒЫСТАУДА ЭКОТУРИЗМ БИЗНЕСІН ДАМУДЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ (ҚАРАҚИЯ АУДАНЫ МЫСАЛЫНДА)

Наурызова Н., студент

Ғылыми жетекші: Махамбетова Р.К.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Қазіргі таңда туризм саласы - табыс көзі болып табылатын ел экономикасының маңызды салаларының бірі.

Маңғыстау облысында туризмді дамыту мәселесіне келетін болсақ, өңірімізде ішкі туризмді, балалар мен жасөспірімдер туризмін, өңіріміздің туристік инфрақұрылымын дамыту, оның ішінде туристік нысандарды, оларға апаратын жолдарды жақсарту және жаңғырту - туризмнің бағым бағыттары болып табылады.

Өзіңізге белгілі, облысымыздың Каспий теңізінің жағалауында, оның ішінде облыс орталығы Ақтау қаласының теңіз жағасында орналасуы, сонымен қатар бес мемлекетпен – Ресей, Азербайжан, Иран, Өзбекстан, Түрікменстан мемлекеттерімен шектесуі, қай саланы алсаңыз да, Маңғыстаудың жан-жақты өте маңызды өңір екендігін айқын көрсетеді және осының өзі өңіріміздің туристік әлеуетін дамытудың негізін құрайды. Нақтылап айтқанда, теңіз жағасындағы демалыс - облыстың туризм нарығында ұсынылатын басты туристік өнім болып саналады.

Облыс тұрғындары үшін және жерімізге қонақ болып келген туристердің толық демалуы мен саяхат жасауы үшін, халықаралық стандарттарға сай келетін сапалы қызмет көрсетуді жоғары деңгейге көтеру, теңіз жағалауында орналасқан демалыс базалары мен балаларды сауықтыру орталықтарын жаңарту және жаңғырту, таңғажайып тарихи-мәдени ескерткіштерімізді қорғау, яғни тұрғындар арасында, жастарымыздың, өсіп келе жатқан жас ұрпақтармен жерімізді аялау, қастерлеп сақтау туралы тәрбиелік мәні бар кең ауқымда жұмыстар жүргізу - бұл да біздің алдымызда тұрған негізгі міндеттердің бірі.

Қазақстан және шетел тұтынушыларының жан-жақты талдауына негізделген сұранымдар:

- «Каспий теңізінде жағажай туризміне» кең қызығушылық;
- «Каспий теңізі бойынша круизге» маңызды қызығушылық;
- «Маңғыстау облысы бойынша турларға» қызығушылық;
- Облыс орталығы - Ақтау қаласының тұрақты дамуына байланысты бизнес

туризмінің дамуы айқындалды

Осыған байланысты, Қазақ шығанағында халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті жағажай бағытын құру - туризм саласының басым бағыттарының бірі болып табылады. Каспий теңізінде тартымды жаңа курорттық аймақ ашу Қазақстан және Ресей туристерімен қатар, шетел туристерінің де қызығушылығын арттырады.

Курорттық демалыс аймағын ашудың қолайлы жағдайларының бірі - Каспий теңізі аумағында бәсекелестердің жоқтығы.

Аудан табиғатына қысқаша сипаттама

Ойпаттардың жұмбақтары және солардың ішінде дүние жүзіндегі ең терең ойпаттардың бірі болып табылатын Дүниежүзілік мұхит деңгейінен -132 м төмен орналасқан Қарақия. Ауданның жер бедері негізінен жазық, солтүстік-шығысы Үстірт аумағында. Мұнда Қазақстандағы теңіз деңгейінен төмен жатқан барлық ойыстар орналасқан. Ауданның батысындағы Ащысор (-39 м) мен Қарақия (-132) ойыстарын Маңғыстау мен Кендірлі-Қиясай үстірттері бөліп жатыр. Қарынжарық ойысы (-70 м) мен Қарашек к-нің қазаншұңқырлары (-21 м) Үстірттің оңтүстік бөлігімен шектеседі. Ауданның ең биік жері Батыс Үстірт кемерлі шыңындағы Қараман шоқысы (340 м). Шығысындағы Үстірт бөлігінің жер бедері төрткілді болып келеді. Батысындағы Каспий

теңізі жағалауы жарқабақты. Мұнда Қазақ шығанағы, Кендірлі, Ақсу, Токмақ шығанақтары бар. Бұларды кезінде Исан түбегі деп атаған. Мұнда теңіз адының әсерінен пайда болған неше түрлі ғажайып бағаналар, үңгірлер мен қуыстар жиі кездеседі.

Географиялық орны

Қарақия ауданы - Маңғыстау облыстың оңтүстігінде орналасқан әкімшілік бөлініс. 1973 жылы құрылды. 1997 жылға дейін Ералиев ауданы деп аталды. Аудан құрамындағы 10 елді мекен 2 кенттік, 5 ауылдық округке біріктірілген. Орталық – Құрық селосы. Халықтың басым бөлігін (99%) қазақтар құрайды. Одан басқа орыс, татар, украин, т.б. ұлт өкілдері тұрады. Білім беру саласы бойынша ауданда 15 орта, 2 бастауыш, 1 жұмысшы жастар мектебі, 2 өнер мектебі, 1 балалар мен жасөспірімдер мектебі және 9 мектепке дейінгі тәрбие беру мекемелері бар. Қарақия ауданында денсаулық сақтау жүйесінде 10 денсаулық сақтау мекемесі ұсынылған, оның ішінде Құрық, Жетібай ауылында 2 стационар, 2 емхана, Сенек, Құланды, Бостан, Мұнайшы ауылында 4 дәрігерлік амбулатория, Ералиев және Аққұдық кентінде 2 медициналық пункт бар. Аудан аумағында Бекет ата, Шопан ата жер асты мешіттері орналасқан. Қарақия ауданының жер қойнауында мұнай мен газдың, ұлутастың, уранның кендері мол. Маңызды мұнай кен орындарына Жетібай, Өзен, Теңге, т.б. жатады. Олар 20 ғасырдың 60 жылдарынан бері кеңінен пайдаланылып келеді.

Қарақия ойпаты

Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы жерінде орналасқан. Ойыс табаны мұхит деңгейінен 132 м төмен жатыр. Ұзындығы 85 км, ені 10-25 км, түбі жазық. Шығыс беткейі тұсында ойыстың түбін бойлай солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай жазда қарасуларға бөлініп қалатын Ащыағар өзені өтеді. Шығыс беткейі кертпештеліп келген тік, жарқабақты. Олар желмен аққан судың әсерінен тілімденіп, жеке төбелерге бөлінген. Өсімдік жамылғысы мардымсыз. Ойыстың кемерлі беткейлері мен табанында көптеген құдықтар (Жаңаорпа, Сауытты, Қынабай, Шұқыр, Көкше, т.б.) мен қыстаулар (Орша, Боржақты, Қарасеңгір, т.б.) орналасқан.

Ойыстың шығыс кемері негізінен түрлі түсті ұлутастар мен бор жыныстардан тұрады. Олар мыңдаған жылдар бойы ұдайы күнге тотығу салдарынан қоңырқай тартқан. Сондықтан бұл бөлігі алыстан қарағанда қара түсті тік жарқабақ (биіктігі 10-15 м және одан да биік) тәріздес болып көрінеді. Осыған байланысты ойыстың аты "Қарақия" деп аталған. Ойпаттың жоғарғы жағы сарматтық берік ізбестен, орталық жағы – жұмсақ балшық, тез қирайтын тау жыныстарынан құралған. Жаңбыр суының ағындары, жел, өзеннің бұзылған жылғалары ойпаттың жер бедерін қалыптастырады. Ойпаттың биік басынан айналаны тамашалауға – алыста мұнарланған тұман, төселген көкжиек, ал жаныңда демінді шығармайтындай тұңғыш шыңырау. «Қарақия» түрік тілінен аударғанда «қара аңның араны» дегенді аңартуы тегіннен емес.

Бекет-Ата - ескерткіш ғимараттары - Маңғыстау, Үстірт, Жем бойындағы Бекет-Ата есімімен байланысты жер асты ғимараттарының ортақ атауы. Олар туралы халық жадында сан алуан аңыздар сақталған. Бекет Мырзағұлұлы (1750- 1813) - әулие, халық батыры, абыз көреген, ағартушы, сәулетші. Туып, өскен жері Жем өзені бойындағы Ақмешіт Құлжан, Маңғыстау өңірі. Бекет-Атаның білімдарлық, батырлық, әділдік, еңбексүйгіштік, абыз көріпкелдік қасиеттері өз дәуірінде ерекше танылған. Халық оны айрықша қадірлеп, әулие тұтқан. Адайлар өзінің ұранына айналдырған. Халық Бекет-Атаның өмірін, қысылғанға жар болған ерекше қасиетін, әулиелігін ықыласпен әңгімелеп, ұрпақтан ұрпаққа ұластырған.

- Біріншісі — халықтың тәуелсіздігі жолында жауларға қарсы күреске белсене араласқан батыр.

- Екінші — ғылымның қиын жолымен жүріп өтіп, балаларды білім нәрімен сусындатқан ағартушы.

- Үшінші — ежелгі дәстүр бойынша көптеген елді мекендерде мешіттер мен медреселерге арнап ғимараттар салған сәулетші.

- Төртінші — мүсәпірлер мен ауруларға қол үшін берген ерекше дарынды, атпал азамат және аса маңызды оқиғаларды болжай білген сәуегей.

Шопан - ата қорымы – тарихи-этнографиялық мәдени ескерткіш. Батыс Қазақстан жеріндегі көне сәулет өнеріне (XII – XX ғасырлардың басы) жатады. Қазіргі Маңғыстау облысындағы Сенек ауылының солтүстік-шығысынан 25 км жерде орналасқан. Қорым, аңыз бойынша Қожа Ахмет Иасауидің шәкірті Шопан ата салдырған мешіті төңірегіне жайғасқан. Шопан ата қорымы жергілікті халықтың ертедегі салт-дәстүрін, жерлеу рәсімін танытатын діни архитектуралық құрылыс түрінде салынған. Ол алып жатқан жер көлемі мен ескерткіштерінің саны жағынан (2 мыңнан астам) Арал – Каспий өңіріндегі ең ірі қорымның бірі әрі қазақ және түрікмен қорымы деп нақты межеленіп, екіге бөлінген. Оның дәл ортасындағы әк тастан қашалып жасалған мешіт бірнеше бөлмеден тұрады.

Кендірлі – Каспий теңізінің оңтүстік-шығысындағы шығанақ. Бұл жердің атауы тәуелсіздік алғанымызға дейін А.Фетисов шығанағы деп аталды. Тарихқа жүгінсек осы бір табиғаты әсем жерді алғаш рет 1714 жылы А.Бекович-Черкасский деген географ картаға түсіріп, 1873 жылдары орыс әскерлері Хиуа жорығын осы жерден бастапты. Сол жылдардан соң осы арада Форт-Александров – Красноводск аралық байланыс бекеті салынып, балықшы ауылдар қоныс тепкен. Қазан төңкерісінен кейін мұнда әуелі артель, соңынан ұжымшар құрылып еңбек көрігі қызған жер болған. Өлкеде өндіріс ошақтары ашылуына орай кейінгі жылдары олар тарап кетіпті.

Үстірт қорығы — Қазақстанның оңтүстік-батысындағы табиғи кешенді қалпында сақтау мақсатымен 1984 жылы құрылған мемлекеттік шаруашылық. Маңғыстау облысындағы Ералы ауданы жерінің аумағы 223,3 мың га. Ол Үстірттегі Кендірлі сорын қоршаған таға пішіндес бірнеше ғажайып қыраттарда орналасқан. Мұндай қыраттар ғасырлар бойы жел, су эрозиясына ұшырап, қатты өзгерген. Сыртынан қарағанда, табиғаттың өзі салған керемет бір құрылысқа ұқсайды: мұнда пышақ кескендей тік, биіктігі 200 м-ден астам құлама жартастар, төбелері теп-тегіс не конус тәрізді мұнара сияқты төмпешіктер, ежелгі геологиялық дәуірлер куәсі — ақ, көк, қызыл қабаттардан тұратын, үстінде біздей қондырғылары бар ұлутас тәрізді “қамалдар” да жеткілікті.

Қорытынды және ұсыныстар

Бүгінгі таңдағы өңірімізде туризмді дамытудың басым бағыттары:

1. Туризм инфрақұрылымын дамыту. Орналастыру объектілері, қонақ үйлерді, демалыс базалары, санаторлық-курорттық мекемелер қосқанда, жаңартуды талап етеді.

2. Туризм инфрақұрылымын дамыту мәселелерін шешу және инвестициялық климатты жақсарту үшін мына шараларды жүзеге асыру қажет: туристік индустрия нысандарының жұмыс жасауы үшін коммуникациялық жүйелерді салу, электр қуатын жеткізуді тарту, сумен қамту және суды бұру жүйелерін салу, телефон желісін оранту немесе тарту және спутниктік байланыспен қамтамасыз ету, жолдарды қайта құру және салу.

- 2-ші басымдылық: Ақтауда балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту; Ел Басы Н.Ә. Назарбаев Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде 2014 жылғы 14 ақпанда Ақтау қаласы жанында бжұмыстар жасау және Кендірліні (Каспийдегі курорттық аймақ) қазақстандық балалар үшін дамыту қажеттігі туралы атап өткен болатын.

- 3-ші басымдылық: облыста мәдени-тарихи және рекреациялық зоналарды дамыту және сақтау болып табылады. Туристік әлеуетті зерттеу қорытындысы бойынша Маңғыстау облысы экологиялық туризмді дамыту үшін зор мүмкіндікке ие. Оның негізін, керемет табиғи ландшафтар,көптеген тарихи ескерткіштер, мәдени және этникалық мұралар құрайды. Аталған бағытта туризм инфрақұрылымын кеңінен дамытуды қажет етпесе де, дамытуға шын көңіл бөлуді талап етеді.

- 4 басымдылық – облыстың туристік өнімін жылжыту және маркетинг болып табылады. Осы бағытта жақында таныстыруы халықаралық форумда өткізілген «Мангистау.Инфо» туризм басқармасының сайтына атап өтуге болады. Біріккен Ұлттар ұйымының Бүкіл әлемдік туристік ұйымының ресми тілдерінде қажетті ақпаратты

енгізумен Маңғыстаудың туристік нысандары, орналастыру объектілері, қонақ үйлердің көрсететін қызметтері, көлік және байланыс коммуникациялары, рұқсатнама алу, әкімшіліктік және рәсімдері туралы жаңартылып отырылатын Бірегей Интернет-портал қажеттілігі туындауда.

Аталған кешенді шараларды шешу облыс ішінде, сонымен қатар шетелден туристер ағынан арттыруға мүмкіндік береді, нәтижесінде өңірдің туристік өніміне қызығушылықты біршама арттыруға әкеледі.

Сонымен бірге, өңірде Маңғыстау облысы Батыс Қазақстанда туризм орталығы болуына мүмкіндіктер мен нақты жағдайлар жасалатын болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1) Алаштың Ардағы:(елтанымдық және тілтанымдық жинақ). Құрастырған Е.Е.Тілешов, Г.П.Әріпбек. Астана:"Руханият", 2010ж - 264 бет.
- 2) Маңғыстау облысы бойынша статистика департаментінен алынған деректер.
- 3) Қазақстан табиғаты: Энциклопедия / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы:" Қазақ энциклопедиясы" ЖШС, 2011. Т.3. - 304 бет.
- 4) «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998, IX том.
- 5) Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005.
- 6) ”Қазақстан Энциклопедиясы”.
- 7) С.Кондыбай Маңғыстау жер, су атаулары. Алматы 2007ж.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПОТЕНЦИАЛА КАСПИЙСКОГО МОРЯ

Сабит М., студент

Научный руководитель: Касаева А.Ж.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. На западе Казахстана лежит наше Каспийское море, волны которого можно использовать для выработки электроэнергии. Таким образом, вырабатывание электроэнергии из своих ресурсов являются наиболее экономичным и безвредным для окружающей среды.

Ожидаемые результаты: Сооружение приливной электростанции в определенных местностях, чтобы устранить технические и коммерческие потери. Наш проект покрывает энерго-дефицит к 2020 году, как предполагает бывший аким Мангистауской области Алик Айдарбаев.

Ключевые слова: Альтернативная энергетика, приливная электростанция, потенциал, морские приливы.

Для получения тепла и света человек издавна использовал источники энергии, которые позднее стали называться невозполняемыми (дерево, торф, каменный уголь, нефть, газ и другие). Название «невозполняемые» эти источники получили потому, что их запасы в природе с каждым годом становятся все меньше и естественно не восполняются.

В этих непростых условиях, ученые постоянно ищут способы более полного использования гидроресурсов, избегая вредных экологических последствий, таких, как затопление больших территорий плодородных земель, лесных массивов, населенных пунктов и исторических памятников, и все более обращают свое внимание к морской среде и, в частности, к вопросу использования для получения электроэнергии из морских приливов и морских волн. Мы, студенты Каспийского Государственного Университета

Технологии и Инжиниринга имени Ш. Есенова, города Актау, в связи с прогнозом дефицита нефти и газа, а также выполняя послание нашего Президента Нурсултана Назарбаева, хотим восполнить энергодефицит нашей области используя энергию волны Каспийского моря. И хотя доля энергии, вырабатываемой гидроэлектростанциями сегодня в четыре раза меньше доли электроэнергии, вырабатываемой тепловыми электростанциями, человек все время стремился всеми возможными способами использовать энергию речного потока, морских приливов и морских волн, именно в силу постоянной восполняемости этих источников энергии в природе.

В течение всего года в Каспийском море преобладают высоты волн менее 2 м; повторяемость их колеблется от 65 до 90%. Повторяемость высот волн 2-4 м составляет 10-30%. В средних частях моря в течение всего года могут отмечаться высоты волн 6 м и более. Особенно беспокойными являются район острова Нефтяные Камни и район, расположенный к северо-западу от него; здесь высота волн может достигать 12 м.

Сильное волнение почти повсеместно наблюдается при ветрах от N и только в северо-западном районе средней части Каспийского моря - при ветрах от SE. В районе острова Нефтяные Камни чаще всего отмечается волнение от N, а в холодное время года - и от S.

В открытом районе средней и южной частей моря нередко наблюдается сильная зыбь от N и NW, а в северной части - от E и SE. В Каспийском море часто отмечается толчея. Удельная мощность ветрового волнения составляет на Каспийском море - 7...11 кВт/м.

Все береговые течения являются ветроволновыми, что наиболее выгодно для выработки энергии из приливов и отливов создаваемые часто повторяющимися волнами.

А такие течения характерны для глубоководной части моря. Их можно наблюдать только в Среднем и Северном Каспии, где и находится наш город Актау.

В настоящее время находят практическое применение установки по использованию энергии волн в морях и океанах, суммарная мощность которых по различным методикам оценивается в более чем 100 млрд. кВт.

Волны мира могут генерировать 2 тераватта энергии, что примерно в 2 раза превосходит объем всей производимой электроэнергии.

Имеются несколько вариантов вырабатывания электроэнергии из гидроресурсов. Это может быть Волновая электростанция, гидроэлектростанция, либо Приливная электростанция.

Про первые 2 вида электростанции, пожалуй, все знают. Стоит дать определение приливной электростанции: приливная электростанция — это особый вид электростанции, преобразующая энергию морских приливов в электрическую.

Естественно, количество вырабатываемой энергии зависит от силы волн, которая, как известно, непостоянна во времени. Учитывая это, мы планируем построить комбинированную установку. То есть, дополнительно будет установлено или солнечная панель, или пьезоэлектрическая плёнка.

Из волновых установок, приливная позволяет обходиться без плотины – на дне моря недалеко от берега устанавливаются генераторы с лопастями открытого или закрытого типа (наподобие ветряков), которые будут вращаться движением воды, во время приливов/отливов волн. Скорость потока воды при приливе и отливе, в котором может превышать четыре метра в секунду. Однако, ресурс, используемый волновой электростанцией, абсолютно возобновляемый.




Рисунок 1 - Схема ПЭС

Все известные волновые установки состоят из четырех основных частей:

- 1) Система крепления удерживает волновую установку на месте.
- 2) Рабочее тело – это среда, воздействующая на силовой преобразователь. Им может быть вода или воздух.

3) Рабочий орган находится в непосредственном контакте с водой. Под действием волн он совершает определенные движения, или изменяет условия движения волн. К рабочим органам относят всевозможные системы поплавков, водяные колеса и другие подобные устройства

4) Силовой преобразователь предназначен для преобразования энергии, запасенной рабочим органом (механической энергии движения рабочего органа, перепада уровней в бассейнах, давления воздуха или масла), в электрическую энергию. В качестве силовых преобразователей используются многочисленные цепные, зубчатые и другие передачи, гидравлические насосы и турбины, воздушные турбины, генераторы и т.д.

Достоинствами нашей установки являются:

- 1) Малая стоимость
- 2) Отсутствие вредных для экологии факторов
- 3) Практически полное отсутствие шума при работе установки
- 4) Небольшие размеры станции
- 5) Более быстрое получение допусков на строительство установки (в сравнении с другими видами электростанций)
- 6) Быстрый, недорогой ремонт и демонтаж.

Минусы:

- 1) Зависимость от географического и климатического фактора
- 2) Малое количество добываемой электроэнергии (по сравнению с АЭС, ТЭС и ГЭС)

Электростанции данного типа предназначены для обеспечения малых населенных пунктов электроэнергией (деревень, поселков городского типа и небольших городов).

Одна электростанция, состоящая из 40 установок, суммарной мощностью 2-4 МВт способна обеспечить электричеством более 1500 жилых домов.

Строительство ПЭС послужит развитию энергетики и экономики нашей страны, в частности на западе, при Каспийском море.

Известно, что Казахстан закупает электроэнергию из некоторых стран, к примеру, у Кыргызстана. По информации министерства энергетики и минеральных ресурсов примерно 21,5 % изведенной электроэнергии теряется по пути, пока ее доставляют потребителю. Пока электроэнергия пройдет по таким протяженным маршрутам до потребителя, значительная

ее часть пропадает. К примеру, так, в 2005 году из 66,6 млрд. кВт/ч произведенной электроэнергии 9,9 млрд. не дошло до места назначения.

Сооружение приливной электростанции в определенных местностях, чтобы устранить технические и коммерческие потери. Наш проект покроет энерго-дефицит к 2020 году, как предполагает аким Мангистауской области Алик Айдарбаев.

ЛИТЕРАТУРА

1. Карелин Г. С. Путешествия Григория Силыча Карелина по Каспийскому морю. — Зап. Русского географического общества. — 1883. — Т. 10. — 497 с.
2. Филиппов Н. М. Об изменении уровня Каспийского моря. — Зап. Русского географического общества. — 1890. — 112 с.
3. Шлямин Б. А. Каспийское море. — М.: Географгиз, 1954. — 128 с.: ил.
4. Каспийское море // Большая советская энциклопедия. — М, 1969—1978.

ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Өтесенова А.Н. студент

Ғылыми жетекші: Р.Ә.Нұрмұхаметова

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған, сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Мұндай мақсаттың баянды болуы оқу-тәрбие жүйесінің үлесіне тиетінін ескерсек, жас жеткіншектердің білімді, білікті болуында ойын технологиясының алатын орны ерекше. Беріліп отырған мақалада бастауыш мектептің оқу үрдісінде ойын технологиясын пайдаланудың жолдары көрсетілген.

Түйінді сөздер: ойын, ойын технологиясы, бастауыш мектеп, оқу үрдісі, бастауыш сынып, әдіс.

Ойын-күрделі философиялық, педагогикалық ұғым. Философия адам мәселесін зерттегендіктен, бұл жерде адамның санасы мен ойын арасындағы қарым-қатынас жайы тыс қалмайды. Мысалы, сонау ерте заманға грек ойшылдарынан бастау алатын ойын теориясы қазірге дейін өрбу, даму үстінде.

Біздің эрамызға дейінгі IV ғасырда өмір сүрген грек философы Гепокрит ойынды мәңгілікке теңеген. Оның пікірінше, ойын «Мәңгілік- шахмат ойнап отырған бала». Платон ойын теориясын қалыптастырушы ретінде назарға алынады, оның пікірінше, ойын – әрі жоғары ақыл, рахаттану, қызық және теңдесі жоқ жоғары құбылыс.

Осының нәтижесінде қазіргі кезеңде ойынды философиялық тұрғыдан ұғындыруда мынадай теориялар қалыптасқан:

-Ойын дегеніміз ұшқын, білімге құштарлық пен еліктеудің маздап жанған оты. Ойынсыз, музыкасыз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды (В.М. Сухомлинский).

-Ойын-артық күштен арылу жолы (Ф.Шиллер., Г.Спенсер).

-Ойын балаларды ересек өмірге дайындайды (К.Гросс, К.Блюллер)

-Ойын- мәңгілікке ұштасатын құбылыс (Платон, Демокрит).

-Функционалды тенденция теориясы (Д.Н.Узнадзе, т.б.)

Педагог ғалымдар ойынның оқыту процесіне оң әсерін тигізетініне келісе отырып, ойын технологиясының маңызы жөнінде құнды пікірлер білдірген. Мәселен, А.С. Гуревич,

А.В. Килиниуктер ойынды оқытудың активті түрі деп қарастырса, Н.Н. Скатова, Р.И. Половникова, В.К. Романт оқытудың әдісі дейді.

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағыты мен рухани жаңғыруында жан-жақты дамыған, сауатты, саналы азамат тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр. Мұндай мақсаттың баянды болуы оқу-тәрбие жүйесінің үлесіне тиетінін ескерсек, жас жеткіншектердің білімді, білікті болуында ойынның алатын орны ерекше.

Қазіргі кезде «ойын» ұғымының мағынасы кеңейіп, тұрмыс пен мәдениеттің түрлі салаларын қамтуда. Бұрын балалар ойыны мен актер ойыны педагогика мен өнертанудың ғана зерттеу нысандары болып келсе, қазіргі таңда ойын проблемасы психология, әлеуметтану, мәдениеттану, әдебиеттану, т.б. салалардың көкейтесті мәселесіне айналып отыр. Ойын арқылы оқушы білім алуға, оқуға қызықтыра отырып тұлғаның дамуын қалыптастыруға болады [1, Б.16-23].

Ойын - оқытуда жаңа технологияның маңызды бөлігі болып табылады. «Ойын» ұғымына түсініктеме берсек - бұл адамның мінез-құлқын өзі басқарумен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізінде іс-әрекеттің бір түрі.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу үрдісінде ойын технологиясын пайдаланудың маңызы зор. Ойын біріншіден, білу және үйрену, екіншіден, адамның ойнай отырып, өзіндік білім алуы өмір тәжірибесін жинақтауға көмектеседі. Ойынның кәсіптік, әуестену, оқу-жаттығу ойындары сияқты түрлері бар. Ол дем алу, көңіл көтеру бола тұра оқуға, шығармашылыққа, емдеуге, адам қарым-қатынасының типтерінің модельдеріне, еңбекте көрініс табады.

Ойынды ерте заманнан үлкендердің іс-тәжірибесін жеткіншек ұрпаққа жеткізу үшін пайдаланған. Ойын халық педагогикасында, мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелерде кеңінен пайдаланылады.

Қазіргі мектепте ойын әрекеті ойын пәнінің тарауын және тақырыбын түсіну үшін өздік технология ретінде, жалпы технологияның элементі ретінде, сабақ немесе оның бір бөлігі ретінде, сыныптан тыс жұмыстың технологиясы ретінде қолданылады.

Адамзаттың көптеген жылдар бойғы ойнау тәжірибесі ойынның білімдік құндылығын дәлелдеді. Ойынның шығу сырын ғалымдар жүздеген жылдар бойы зерттеп келеді. Оның шығу тарихы жайлы көптеген пікірлер бар. Көп тұжырымдардың бірі бойынша ойын қоғамның діни, әлеуметтік экономикалық және мәдени дамуы кезіндегі бос уақыт пен демалысты өткізу мәселесінен туындағын. Ерте заманда ойын қоғамдық өмірдің бір бөлігі болып, оған діни саяси маңыз берілген. Ойын өмірде пайдасыз көрінгенмен аса қажетті көрініс құбылыс. Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Өйткені, бастауыш сынып оқушылары жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырмаларды тез, әрі қызығып орындайтын болады. Ойын балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы басты құрал. Ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамиды. Ал мұғалімнің міндеті балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету. Ойын мен адам мәдениетінің өзара байланысы ғылыми түрде анықталды. Олардың тұлғаны дамытудағы маңызы анықталды, оның психологиялық және әлеуметтік факторлармен келісімі жөнінде кең қарастырылуда. Ойын технологиялары әлі де білім беру саласында жаңа инновация болып табылады. Педагогикалық технология ұғымы түрлі педагогикалық ойын түрлерін педагогикалық процесте әдістер мен тәсілдердің кең көлемді топтарын біріктіреді, оның жалпы ойындардан ерекшелігі оқытуда нақты мақсатының қойылуымен және оның оқу-танымдық бағыты сипатталған, негізі салынған педагогикалық нәтижесіне сай анықталады. Сабақ барысындағы ойын әдістері мен жағдайларының көмегі арқылы құрылады. Сабақ үстінде оқушылардың біліктілігі, іскерлігі, дағдысы, дүниетанымы дамиды. Негізгі бетбұрыс оқушы білімінің сапасын арттыру, ол дегеніміз түпкі нәтижені көре білу, яғни

оқушыға берген біліміміздің қайтарымын көру. Ол үшін сабаққа сыныптағы оқушының барлығын қызықтыра отырып қарастыру қажет. Бес саусақ бірдей емес, яғни әр оқушының сабаққа қызығушылық, дүниетанымы, даму ерекшеліктері әртүрлі. Сондықтан оқушылардың осы топтарына әртүрлі деңгейде талап қоюға тура келеді. Ал ойын элементтері кез келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті нашар оқитын оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды. Оқушылардың қызығушылықтарын туғызатын ойындардың бірі - танымдық, тарихи ойындар. Ойын элементтерін қолдана отырып мұғалім оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында әртүрлі әдіс - тәсілдерді қолданады. Атап айтқанда, мұғалім ойын жағдаяттарын туғыза отырып, әртүрлі заттарды қолдану арқылы сұрақтар қойып, затты көрсетіп, түсіндіріп ойын сюжетін құрастырады. Сабақтарда танымдық ойындарды жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, қорытындылау сабақтарында да пайдалануға болады. Ойындар оқушылардың ой-өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойындар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Оқушылар ойын ойнау барысында үйренген сөздерін айтып қана қоймай, оның қандай мағынада қолданылатынын да біледі. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді [2, Б.111-114].

Бүгінгі таңда өздеріміз тәлім-тәрбие беріп жатқан бүлдіршіндер ертеңгі күні тек білімді кадр ғана емес, Отанын жанындай сүйетін, ұлттық тарихы мен мәдениетін қастерлейтін, рухани кемелденген азамат болып өсіп жетілуі қажет. Өзінің қазақстандық екенін, Қазақстанда туғаннан әрбір бала мақтаныш ете алса ғана-біздің бұл ісіміздің нәтижелі болғаны. Сонда ғана біз, ұстаздар, бүгінгі заман алдымызға қойып отырған күрделі міндетті абыроймен атқарып, еліміздің болашақ азаматтарын тәрбиелеп өсірдік деп сеніммен айта аламыз. Ынтымақ, бірлік, сыйластыққа қазақ жастарын бала күннен баулысақ, ел іргесі сөгілмек емес.

Сабақ барысында ойын түрлерін дидактикалық материал ретінде пайдаланудың маңызы зор. Ойын арқылы баланың бойына адамгершілік қасиеттермен қатар, білімге, өнерге деген құштарлығы қалыптасады. Тіпті нашар оқиды-ау деген оқушылардың өздері де ойын түрлері араласқан сабаққа зер салып, ынталана түседі. Ойын араласқан жерде жарыс болмай тұрмайды. Оқушылар жолдастарынан қалып қоймау үшін сабаққа белсенді қатысып, қойылған сұрақтарға жауап іздеп, ойлана бастайды. Сабақта ойын түрлерін пайдалану оқушылардың ой-өрісін дамытуға әсер етеді [3, 93-97].

Тілдің дамуына ойын өте үлкен әсер етеді. Ойын ақыл-ой дамуына да әсер етеді, бала ойын үстінде заттар мен іс-әрекеттерді жалпылауды, сөздің жалпылама мағынасын қолдануды т.б. үйренеді. Ойын жағдайына ену баланың ақыл-ой әрекеттерінің түрлі сипаттарының шарты болып табылады. Ойын баланың психикасына сапалы өзгерістер туғызады: онда мектеп жетекші болатын оқу әрекетінің негіздері қаланады. Сабақта ойын түрлерін пайдалану сабақ түрлері мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің

маңызды бір буыны. Ойын түрлерін оқу процесін пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдалануға болады. Ойын түрлері сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса, оның танымдылық маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бастауыш мектепте оқыту процесінде ұлттық ойындарды пайдалану // Шоқан тағылымы—13: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Т.2.—Көкшетау, 2014. —Б.101-104.
2. Кавтарадзе Д.Н. Обучение и игра Введение в активные методы обучения. М., 2016.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Сағындықова Ә.Ғ., студент

Ғылыми жетекші: Нұрмұхаметова Р.Ә.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Дарынды балаларға білім беруді әр ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан ерекше дарынды балалардың тек өзінің интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Жас өркеннің бойындағы табиғат берер ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның әрі қарай дамуына бағыт-бағдар бере білу ерекше қиын іс. Беріліп отырған мақалада дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастырудың теориялық негіздері қарастырылған.

Түйінді сөздер: дарын, дарындылық, мектеп, жұмыс, интеллектуалдық, педагог-психолог, ғылым, техника.

Қай мемлекеттің де негізгі тірегі-білімді де білікті, іскер де белсенді адамдар. Сондықтан қоғам талабына сай ол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі. Өйткені ғылым мен техниканы, өндірісті қазіргідей әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғары дайындығы бар білікті мамандар қажет. Ал ондай мамандар дарынды балалардың ішінен шығады.

Елімізде дарынды балаларды ерте тауып, арнайы мектептерде, гимназияларда оқытуға қатысты айтарлықтай іс-шаралар атқарылуда. Алайда осы іс-шаралардың түпкі нәтижелерін қарастырсақ, онда ауыз тұщытарлық ешнәрсе таба алмайтынымыз, дарынды деген бала дарынды болмай шығып немесе дарындылығын тез жоғалтып алып, оның өзі де, мұғалім де қиналып жүретіні ащы болса да шындық. Мұның басты себебі: мектеп өмірінде «дарын» және «дарынды бала» ұғымдарының толық зерттелінбеуінде, ерекшеліктерінің толық айқындалынбауында, оқу үрдісінің осы ерекшеліктерге сай жүргізілмеуінде болса керек.

Дарынды балаларға білім беруді әр ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан ерекше дарынды балалардың тек өзінің интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Жас өркеннің бойындағы табиғат берер ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның әрі қарай дамуына бағыт-бағдар бере білу ерекше қиын іс. Алайда әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу-ұстаз парызы. Ұстаз болу жауапты да қиын мамандық. Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту - бүгінгі күннің басты талабы [1, Б.3-9].

Дарындылық мәселесімен шетел психологтарының ішінен шығармашылық дарындылық саласында жұмыстанған американ психологы Дж.Гилфордты, П.Торренсті, Ф.Барронды, К.Тейлорды атауға болады. Дж.Кэррол және Б.Блум идеяларының негізінде олардың ізбасарлары дарынды балаларды оқыту әдістемесін өңдеді. Ерекше дарынды балалар мәселелерімен Ж.Брюно айналысты. Жеке тұлғаны дамыту мәселесінің теориясы

және практикасына байланысты ғылыми еңбектерді ресейдің көрнекті психологтары мен ғалымдары Л.С.Выготский, С.Л.Рубинштейн, А.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьев, В.В.Давыдов, Л.В.Занко, В.А.Крутецкий, Б.М.Теплов арнаса [2, Б.61-68], аталған мәселеге байланысты елімізде республикамыздың көрнекті ғалымдары Т.Тәжібаев, М.М.Мұханов, Ж.М.Әбділдин, Қ.Б.Жарықбаев, Т.С.Сабыров ғылыми еңбектер жазып, құнды тұжырымдар жасады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы және адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіп отырғаны белгілі. Дарынды балаларға білім беру әр ғылымның бүгінгі даму дәрежесіне сәйкес жүргізу бір жағынан қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан ерекше балалардың тек өзінің интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Дарын дегеніміз адам бойында негізінен ана сүтімен, ата тегімен даритын құбылыс екенін өмір тәжірибелері дәлелдеп отыр. Дарындылық-белгілі бір іс-әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғарғы деңгейі.

«Дарындылық» ұғымы «сый» («дар») деген сөзден шыққан, дамудың қолайлы ішкі алғышарттарын білдіреді. Н.Ожеговтың сөздігінде дарындылық «табиғаттан берілетін ерекше қабілет» деп түсіндіріледі. Дарындылық пен қабілеттілік ұғымдары өткен ғасырдың 40-50 жылда-рында психолог Б.Тепловтың еңбектерінде толығырақ зерттелді. Оның дәлелдеуінше, белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыруда қабілеттіліктің бір ғана түрі жеткіліксіз, сондықтан бірнеше түрлерінің жиынтығы қажет болады. Белгілі бір іс-әрекеттің ұтымды орындалуына тікелей әсер етуші қабілеттіліктің ерекше сапалық жиынтығын дарындылық дейді ғалым.

Кейбір ғалымдардың пікірінше, балалық шақта байқалатын, табиғи нышандардың ойдағыдай қиысып келуінен туындайтын қабілеттің жоғарғы түрі «дарындылық» деп аталады. Қабілеттің осы түрінің сыры ғылымда әлі толық ашылмаған. Дегенмен дарындылықтың жоғары жүйке қызметінің тума типіне байланысты болып келетін кейбір ерекшеліктері белгілі болып отыр.

Бүгінгі таңда дарынды балалар мәселесін зерттеуге қатысты философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттер жинақталған. Адамның психологиялық ерекшеліктері туралы ерте кезден бастап зерттеліп келеді. Ертедегі Қытайда дарынды балаларды «Шэнь тон», яғни киелі бала деп атаған. Батыс хан патшалығында жалпы дарындыларды іріктеп тәрбиелейтін әдістемелік «Тонцзыкэ» деп аталатын арнайы ереже болған және ол арнайы бөлімнің қызметін атқарған [3, Б.217-222].

Дарынды балалар мектеп бағдарламасын жылдам меңгереді. Зеректік, байқағыштық қасиеттері жоғары болады. Олардың көпшілігі өз уақыттарын шығармашылық жұмысқа арнайды. Сурет салады, өлең жазады. Мысалы, Ч.Дарвин көп уақытын көбелек қуып, коллекция жинауға бөледі екен. Дарын өкілдерінің қуат-қабілетінің шарықтайтын шегі болады. Мұндайда олардың санасы барынша өткірленіп, мейлінше айқындалады, бақылампаздығы онан сайын арта түседі.

Қорыта келе айтарымыз, «Бұлақ көрсең, көзін аш» дегендей бар мүмкіндікті пайдаланып, баланың қабілет дарынын ашу мұғалімнің міндеті. Өйткені, дарынды балалар ертеңгі Егеменді еліміздің өркендеп дамуына, заңғар болашағына жарқын жол ашатын бірден бір байлығымыз. Бүгінгі таңда дарынды тұлғаға өз елінің, туған жерінің қарқынды дамуына қомақты үлес қосатын үлкен жүк, үміт артылып отыр. Сондықтан да қазіргі уақытта дарынды оқушыларды психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеп, дер кезінде айқындау - білімді де білікті психолог маманның ерекше мол тәжірибесі мен шығармашыл педагогтың еншісіне келіп тірелетіні айғақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кузьмина Н.В. Личность и педагогическая одаренность. –Воронеж, 2017.

2. Лейтес Н.С. Возрастная одаренность и индивидуальные различия. –Москва, 2015
3. Лейтес Н.С. Возрастная одаренность школьника. –Москва, 2014.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ

Әмірхан А.С., студент
Ғылыми жетекші: Калиева Э.И.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг
университеті, Актау қ.

Аңдатпа. Психологиялық денсаулық мәселесі білім беру саласында ерекше өзекті мәселелерінің біріне айналады. Жас балалардың психологиялық денсаулығын қалыпты тұрғыда қалыптастыру өте күрделі үрдіс болып отыр. Сондықтан жас ұрпақтың психологиялық денсаулығының ерекшеліктерін жүйелі түрде қарастыру маңызды мәселе болып табылады.

Түйінді сөздер: психологиялық денсаулық, жасөспірім, психологиялық сүйемелдеу

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандық жол – 2050: Ортақ мақсат, ортақ мүдде, ортақ болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлт денсаулығы – біздің жетістікті болашағымыздың негізі», деп ерекше көрсетілген [1].

Білім беру жүйесіндегі негізгі мәселелердің бірі – ұлттың болашағын анықтайтын балалар мен оқушылардың денсаулығы болып табылады. Денсаулық – комплексті түсінік. Ол аурулар мен физикалық ауытқулардың болмауын ғана білдірмейді, сонымен қатар, тұрғылықты жердегі экономикалық, экологиялық, әлеуметтік, жанұя жағдайларымен, тамақтану, дәрігерлік көмек сапасымен, педагогтар мен психологтардың балалармен жұмысымен байланысты.

Қазақстанда соңғы 10-15 жылдарда психологиялық көмекке сұраныс пайда болып, қазір күн өткен сайын молаюда. Бұл түсінікті де, өйткені ересектер өмірінің стреске толы болуы, уақытының басым бөлігін жұмыспен өткізуі, балаларға зейіннің жеткілікті бөлінбеуі соңғыларда психологиялық, психикалық, физикалық бұзылулардың өсуіне әкеледі. Экологиялық фактордың физикалық денсаулыққа ғана емес, психикалық қалыпқа да қауіпті әсері еліміздің өндірістік, экологиялық апат аудандарында анықталып, өзекті мәселелердің қатарында аталады. Баланың денсаулығына бүгінде кең етек жайған мектепке дейінгі кезеңде ерте оқытуды бастау, оқушыларды интенсивті оқытуды қолға алу да көп жүк салады. Денсаулыққа қауіпті фактор ретінде ересектердің неғұрлым көп білім беріп, интуицияны, қиялды, шығармашылық қабілеттерді дамытуға мән бермеуінен туған бала тұлғасының дамуындағы тепе-теңдіктің бұзылуын да атауға болады.

Диагностикалық эксперимент нәтижелерін жалпылағанда қазақ балаларының 58,7 %-да психологиялық денсаулықтары сыр бергендігін көрсетеді [2]. Бұл қазіргі күнделікті өмірінде жиі туындайтын қиын жағдайлармен тікелей байланысты, яғни тұлға өзінде қалыптасқан энергиясын (стрестің физиологиялық механизмінен туындаған) толыққанды іске асыра алмай, содан бұл энергия жеке тұлғаның өзіне кері әсерін тигізуге жол ашады да, нәтижесінде дистресс механизмінің қалыптасуына итермелейді. Ол өз кезегінде жасөспірімнің өмірлік, білімдік сапасын, одан барып ұжымның жалпы дамуына кері әсерін туғызады.

Психологиялық денсаулық мәселесі өскелең ұрпақтың білім алуының, әлеуметтенуінің және мамандануының табыстылығына қажетті жағдай болады, сондықтан ол білім беру саласында ерекше өзекті мәселелерінің болып табылады. Тұлғаның психологиялық денсаулығы биологиялық, әлеуметтік, психикалық, рухани дамуға негізделеді.

Жасөспірімдердің психологиялық денсаулығын дамыту, сақтау, түзету және алдын алу бағытында ұйымдастырылатын жұмыстар жүйесінде оларды психологиялық сүйемелдеу үрдісін ұйымдастырудың маңызы зор.

Жасөспірімдердің психологиялық сүйемелдеуінің негізгі бағыттары: психологиялық денсаулықты мониторингілеу (психодиагностика), психологиялық әдістермен түзету, психологиялық тренинг, психологиялық алдын алу шаралары.

Жасөспірімдердің психологиялық денсаулық психопрофилактикасының бағыттары:

- мектеп мұғалімдерін жасөспірімдердің психологиялық денсаулығы туралы ақпараттандыру. Мұндай жағдайда білім беру үрдісінің тұлғалық бағдарлануын мұғалімдермен қадағалау арқылы қамтамасыз етіледі;

- психологтардың белсенді қатысуымен жасөспірімдердің бейімделуін, оқудан тыс психологиялық іс-шараларына қатысуын, жасөспірімдерді оқуға бейімделу кезінде сүйемелдеуді және оларға көмек көрсетуді, әсіресе, оқушылар ұжымында, мұғалімдермен тұлғааралық өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруды, сенімділік, ұжымшылдық сезімдерін және т.б. дамытуды қамтамасыз ету;

- психологиялық көмекті қажет ететін жасөспірімдерге жеке ұсыныстар жасау, мұндай оқушылардың өзін-өзі бақылау және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту;

- оқушылар ұжымындағы шиеленіс жағдайларын айқындау, оларды шешуге көмек көрсету, жанжалға қатысушы оқушылармен арнайы алдын алу жұмыстарын жүргізу;

- жасөспірімдерді олардың психологиялық денсаулықтарын нығайту және ұжымдағы психологиялық ахуалды жақсарту мақсатымен психологиялық өзін-өзі реттеудің тәсілдеріне үйрету [3].

Жасөспірімдердің психологиялық денсаулық ауытқуларын алдын алуда психологиялық дайындығы мен сауаттылығын қалыптастырудың маңыздылығы зор.

Жасөспірімдерге психологиялық-педагогикалық әсер ету жүйесі қамтитын ұсыныстар:

1. Жасөспірімдерде сенімсіздік жағдайларын, шектен тыс мазасыздықты жоюға және стресске төзімді болуға бағытталған әңгімелесулер. Мысалы, оларды зерттеу барысында, кейбіреулерінде емтихандағы сәтсіздік жағдайын күні бұрын уайымдай бастайтындығы, әсіресе көбінесе жауапкершілігі мол, сабаққа ынталы оқушыларда байқалады. Осылайша мүмкін болатын сәтсіздік туралы мазасыз ойлар жасөспірімдерді сабақтан алаңдатады, жинақы болуға, шоғырлануға кедергі жасайды және өзіне, өзінің мүмкіндіктеріне деген сенімділіктен айырады.

2. Өзіне сенімсіздігі жоғары жасөспірімдерді әртүрлі мазасыздану жағдайларында қолдау, мадақтау, қорқыныш сезімдерін жою, оларда өз күшіне деген сенімділікті ұялату қажет (мысалы, емтихан жағдайында).

3. Жасөспірімдерде өзіне деген артық сенімділікті жеңуге бағытталған әңгімелесулер (өзін-өзі бағалау деңгейін төмендету). Жасөспірімдердің арасында өз мүмкіндіктерін тым асыра бағалайтындар да бар, мұндай жағдайда оларда өз мүмкіндіктеріне сын көзбен қарауды үйрету қажет.

4. Селқос жасөспірімдермен, олардың мінез-құлықтарының жеке таптаурындарын жеңу мақсатында жұмыс жасау. Мұндай жасөспірімдер (міндетті түрде төмен қабілеттерімен емес, көбінесе оқуларына мән бермегендер, өз-өздеріне сенімсіз) мұғалімдерге немесе сыныптағы құрбыларына көмекке жүгіне алмайды. Белсенділік танытуға оларға өз аңғалдығын көрсетіп қою қорқынышы, ыңғайсыздық сезімі бөгет жасайды. Мұндай жасөспірімдер өз күштері мен енжар мінез-құлыққа деген дағдыларынан құтыла алмайды. Оларға мұғалімнің көмегі қажет.

6. Бірқатар жасөспірімдерге емтихан алдында бөтен әуестенулерден бас тартуға кеңес беру. Олардың достарымен қарым-қатынасқа және оқуға қатысы жоқ істерге өте көп уақыт бөлінетіндігі анықталды.

7. Кейбір жасөспірімдерге өзінің бойында қызығушылықтардың шашыраңқылығы, сабақтағы жүйеліліктің жоқтығы сияқты жағымсыз қасиеттерді жеңуге кеңес беру.

Сонымен, психологиялық денсаулық мәселесі әсіресе жасөспірім шақта үлкен маңызға ие болады. Өйткені, жасөспірім кезеңінде іс-әрекетіне және жалпы өмір стиліне тікелей әсер ететін психикалық денсаулықтың күйі, психологиялық жаңақұрылым, тұрақты өзіндік сана мен «Мен» бейнесі қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан 2050»: новый политический курс состоявшегося государства. 17.01.2014 // egov.kz.
2. Унарбекова Н.Д. Тұлғаның психологиялық денсаулығы: Монография. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. – 156 б.
3. Практическая психодиагностика. Методики и тесты. Учебное пособие. Ред. и сост. Райгородский Д.Я. – Самара, 2001. 549-558б.

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СТРЕССКЕ ТӨЗІМДІЛІГІ МӘСЕЛЕСІ

Жаймағанбетова Қ., студент
Ғылыми жетекші: Калиева Э.И.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада дарынды оқушылардың стресске төзімділігі мәселесі және оны алдын алудың маңыздылығы қарастырылған.

Түйінді сөздер: дарындылық, стресске төзімділік

Ғылыми зерттеулерде жасөспірімдердің, соның ішінде дарынды балалардың стресске төзімділігін дамытуды жүзеге асырудың кешенді психологиялық іс-шаралардың жеткіліксіз жағдайы орын алады. Осыған орай, зерттеу жұмысымда дарынды оқушылардың стресске төзімділігін қалыптастыру мәселесі негіз болды.

Психологиялық зерттеулерде дарынды баланың бірден көзге түсетін ерекшеліктеріне төмендегілерді жатқызады:

- ✓ оның шектен тыс жоғары белсенділігі;
- ✓ физиологиялық қажеттілігінде аз ұйықтауы;
- ✓ танып- білуге деген құштарлығы;
- ✓ қолына түскен заттарды реттеп, жүйелеуі;
- ✓ қайта құрастыру арқылы жаңа нәрсені ойлап табу әрекеттерін ұнатуы;
- ✓ ерте сөйлеуі;
- ✓ естігенін сөзбе-сөз қайталауы және тағы сол сияқты қасиеттер жатады.

Сонымен, дарынды баланы тәрбиелегенде қызыққұмарлықтан білім құмарлығына өсуі өте қажет. Осы орайда, білім құмарлығы тұрақты психикалық білім, яғни білу қажеттілігіне ауысады. Балалардың жартысының көбінің қызыққұмарлығы, қоршаған әлемді зерттеуге ұмтылысы білімге деген құмарлыққа ауыса бермейді. Керісінше, көбінесе дарынды балалар білімге, қоршаған ортаны зерттеуге ұмтылады. Дарынды балалар өзінің зерттеулеріне шектеу қоюды ұнатпайды және бұл оның қасиеті болып табылады. Атақты психолог Н.С. Лейтес зерттеулерінде дарындылық- бұл мидың ізденуінде ерекше қажеттілік [1]. Көп жағдайда, ең жоғарғы деңгейде қабілеттіліктердің дамуын қамтамасыз етеді. Аталмыш ғалым баланың білімге құмарлығын сақтап қалса, онда қабілеттіліктерге тұрақты дамуға стимул береді деп есептеген.

Бүгінгі күні педагогика және психология ғылымдарында дарындылықтың 100-ден астам анықтамасы бар. Осы орайда, психологтар дарындылықтың дамуының сипаты,

сапалы өзгешелігі, деңгейі-бұл әрқашанда тұқымқуалаушылық пен әлеуметтік институттарда күрделі өзара қатынасының нәтижесі екендігін мойындайды.

Дарындылық белгілері – бұл баланың шынайы іс-әрекеттерінде көрініп, арнайы бақылау арқылы бағаланатын ерекшеліктер болып табылады. Сонымен бірге, бала дарындылығын оның мінезінің екі аспектісі ретінде инструменттік және мотивациялық, яғни, «қалаймын» және «шамам жетеді» деген категориялар негізінде және бірлігінде қарастырған дұрыс. Біріншісі, әрекет тәсілдері болса, екіншісі шындықтың қандай да бір жағына қатынасы ретінде сипатталады.

«Дарындылық» - бұл интегралды тұлғалық білім, интеллекттік жоғары сатысымен, шығармалық әлеуетімен сипатталады. Бұл тұлғаның қабілеттілігі мен өз бейнелігінің бірігуін анықтайды. Сонымен бірге белгілі бір қызмет саласында ерекше жетістікке жетуге мүмкіндік туғызады.

Дарынды балалардың даралық психологиялық ерекшеліктеріне тоқталы өтейік. Дарындылар дегенде біз үлгірімі жоғары, тәртіпті, ұқыпты және тиянақты және т.б. жағымды қасиеттер тән бала назарға алынады. Дегенмен, дарынды балаларға барлық жас ерекшеліктерде кездесетін жағымды және жағымсыз психологиялық ерекшеліктер тән. Осы орайда, дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеуде ғалымдар жағымсыз ерекшеліктерді де атап көрсетті. Олардың топтамасын төмендегіше береміз:

Кесте 1 - Дарынды балалардағы жағымсыз психологиялық ерекшеліктер

№	Автор	Жағымсыз қасиеттер
1	К.Тэкэкс	Әсіреленген қорқыныш сезімі
		Өңгімелесушіні соңына дейін тыңдамау, қайта-қайта бөле беру
		Басқаларды түзетуге әдеттену
		Айналасындағыларға талап қою
2	Л. Холлингуорт	Мектепке жағымсыз қатынас
		Философиялық мәселелерге бой ұсыну
3	Дж. Уитмор	Шынайы емес мақсаттар қою
		Шектен тыс сезімталдық
		Ересектердің назарында болуға ұмтылу

Сонымен, дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктерінде де өзгерістер байқалады. Олар ешбір ескертулерді көтермей, тек балалардың алды болуға, өзгелер алдында өзімшілдік қасиеттерімен сипатталуы мүмкін, айналадағылармен санаса білетін, берілген ескертпелерге қалыпты қарай білетін, достарының алдында өзін адекватты бағалайтын тұлға ретінде танылу қасиеттері байқалмайды.

Дарынды балаларда осы жағымсыз қасиеттерінің бой алуы кей жағдайда стресстік жағдайға алып келуі ықтимал. Осы жағымсыз қасиеттерін назарда ұстай отырып, олармен стрессті алдын алу бағытында педагогикалық-психологиялық жұмысты ұйымдастыру мәселесі қарастырылу қажет.

Стресс - адамның мазасыздығынан туындайтын көбіне өзі бейімделмеген жұмыстардың шамадан тыс болуына байланысты бейімделген психикамен организмнің өзгерістерге ұшырауына әкелетін процесс деп қарастырамыз.

Жасөспірімдік кезеңде стресстің пайда болуының тағы бір себептері:

- Физиологиялық;
- Уақытты жетіспеушілігіне байланысты жұмыс;
- Ақпараттың шамадан тыстығы;
- Тұлғаға ұжымдық қысым;
- Өзіне және қоршаған ортаның өміріне қауіп төндіретін жұмыс;

- Міндетті түрде шектелу;
- Жұмыстың шамадан тыс көптігі;
- Болып жатқан жағдаяттарды қалыпқа келтіре алмау [2].

Жасөспірімдердің стресске төзімділігін анықтау мақсатында Г.Холмс және А.Риген әлеуметтік бейімделу және стресске төзімділігін диагностикалауға арналған әдістеме қолданылады. Олардың стресске төзімділігі оның іс-әрекетіне, қоршаған ортасына және өзінің денсаулығына зиянсыз іс-әрекет ету ерекшелігімен байланысты болады. Бұл интеллекті, ерік, эмоциялы жүктемелерге шыдауға мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттер жиынтығы.

Жасөспірімдердің стресске төзімділігі мен бейімділігін қалыптастыру мәселесі қазіргі мектеп тәжірибесінде маңызды орын алып, оны жүйелі, кешенді жүзеге асыру маңызы артуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жакыпов С.М. Жалпы психология негіздері. Оқулық-Алматы: Алла прима, 2012. - 360 б.
2. Гиссен Л.Д. Время стрессов. М., 1990. - 278 с.

РЕБЕНОК – ПОДРОСТОК В РАЗЛИЧНЫХ ВИДАХ СЕМЬИ

Набиева А.С., магистрант

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. Сегодня ведутся споры на счет воспитания подростков, и нет единого мнения по данному вопросу. Так попробуем узнать, что влияет на подростков, какие проблемы появляются у родителей, и какими родителями должны быть они для своих несравненных чадо.

Ключевые слова: семья, ребенок, дети, подросток, типы семьи, виды семьи, проблемы, способы решения.

Духовное и телесное сливалось в нашей любви в такой совершенной мере, какая и не снилась нынешним на все просто смотрящим подросткам с их нехитрыми чувствами и штампованными мозгами. Владимир Набоков. Лолита

В современном мире воспитания подростка имеет большое значение, так как это одно из самых сложных испытаний для родителей. Для взрослых проблема воспитания детей привлекает к себе пристальное внимание учёных и общественности из-за того, что в этом возрасте подростки хотят свободы, самостоятельности, независимости. На попытки со стороны старших ими командовать часто реагируют криком, хлопают дверьми и запираются в своей комнате, часто замыкаются в себе. Наверное, каждый родитель хотя бы один раз в жизни задумывался над тем как прекрасно знаком с подобными ситуациями, но они не представляют себе, как с ними справляться.

И это дилемма всегда вызывало у людей множество вопросов по поводу этого непростого возраста, они возражают против навешанных на них предрасудков и правил, готовы бороться за свою свободу. С другой стороны, это тот момент, когда родителям нужно готовить своих детей к взрослой жизни, где необходима ответственность, самоконтроль, социализация и просто место в обществе.

Задумывались ли вы когда-нибудь над тем, почему в отношениях между родителями и подростком неизбежно случаются критические периоды? Я обратила внимание на это, когда начала работать в школе, ведь основные классы, которым я преподаю - это 8-10 класс. Задумалась над этим вопросом, когда заметила, как родителям не нравится, что их ребёнок

пишет пронзительные песни, посвящённые какому-то айдолу, вместо того чтобы готовиться к поступлению на будущую профессию, как постоянно носятся со своими телефонами в общении с сверстниками, вместо того чтоб взять учебники в руки, как их дети меняют привычки, манеры разговора и стиль одежды.

Мне всегда было интересно, почему дети так остро реагируют, если их родители, что-то ищут в его ящике стола и пытаются как-то проконтролировать своих детей

Когда я узнала о несущественных пустяках, которые служат только поводом для ссоры, меня поразило, что причины разногласий, как правило, залегают еще глубже, а именно в детство самих родители, ведь не зря гласит казахская пословица «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» (Яблоко от яблони не далеко падает)

В настоящее время типов и видов семьи существует множества. Давайте разберемся с основными.

Виды семей

Авторитарная (в терминологии других авторов — «автократический», «диктат», «доминирование») — все решения принимают родители, считающие, что ребенок во всем должен подчиняться их воле, авторитету. [1]

Родители, тщательно контролирует ребенка, устанавливает жесткие ограничения и правила, обсуждение которых не допускается («Я так сказал!»). Он отдает приказания, указывает и ждет, что они будут в точности выполнены. Авторитарные родители закрыты к своим детям, они скупы на эмоции, и никак не выражают чувства и эмоции к ребенку.

Ребенок-подросток сначала отвечает на излишний контроль вспышками грубости, обманами, но когда внешнее сопротивление сломлено (что случается довольно быстро), дети становятся замкнутыми, боязливыми и угрюмыми, непритязательными и раздражительными. Нереализованная самостоятельность, низкая вера в себя накладывают отпечаток на всю дальнейшую жизнь ребенка. Ребенок не получает возможности и не научается принимать самостоятельные решения и нести за них ответственность.

Девочки, как правило, остаются пассивными и зависимыми на протяжении подросткового и юношеского возраста. Мальчики в подростковом возрасте могут чрезвычайно бурно реагировать на запрещающее и карающее окружение, в котором их растили, становясь иногда непослушными и агрессивными, нередко доходя в своих протестах до асоциального поведения.

Как с этим справиться: Безусловно установить близости отношений между родителем и ребенком. Конфликтны сразу не решаются, но в этом отношении так или иначе нужно внести теплоту, близость, доверие, проводить чаще время с детьми в дружеских, близких отношениях.

Демократическая (в терминологии других авторов — «авторитетный», «сотрудничество») — родители поощряют личную ответственность и самостоятельность своих детей в соответствии с их возрастными возможностями. [1]

Подростки включены в обсуждение семейных проблем, участвуют в принятии решений, выслушивают и обсуждают мнение и советы родителей. Родители требуют от детей осмысленного поведения и стараются помочь им, чутко относясь к их запросам. При этом родители проявляют твердость, заботятся о справедливости и последовательном соблюдении дисциплины, что формирует правильное, ответственное социальное поведение. [2]

Единственной проблемой в демократическом воспитании является повышенная моральная ответственность — от ребенка требуют честности, порядочности, чувства долга, не соответствующих его возрасту, возлагают на него ответственность за благополучие близких, и подросток боится их разочаровать. Родителям нужно прекратить смотреть на них как на равных. Пусть ребенок будет ребенком беззаботным и веселым.

Либеральная - (в терминологии других авторов — «либеральный», «снисходительный», «гипоопека») — ребенок должным образом не направляется, практически не знает запретов и ограничений со стороны родителей или не выполняет

указаний родителей, для которых характерно неумение, неспособность или нежелание руководить детьми. [1]

Детям более свободны при незначительном руководстве родителей, родители не устанавливают каких-либо жестких ограничений. Если поступки детей выводят из равновесия, сердят родителей, они, как правило, стараются подавить свои чувства, винят себя за них («Ведь он просто ребенок!»).

Какими вырастают дети? Они часто склонны к непослушанию и агрессивности, на людях ведут себя неадекватно и импульсивно, нетребовательны к себе. Также зачастую реагируют тревожностью, нервозностью, поскольку им не хватает ощущения определенности мира, четких границ и норм. Неприспособленность к жизни, детская привычка «все должны меня любить и обожать» часто оборачиваются серьезными нервными срывами и депрессиями во взрослой жизни. Часто такие дети сталкиваются с реальными проблемами во взаимоотношениях с другими людьми, так как они ожидают от них такого же отношения, как и от родителей. Нередко возникают проблемы в детском саду и в школе, когда ребенок сталкивается с довольно жесткой системой правил и ограничений.

Как решать проблему? Родитель, придерживающийся либерального стиля воспитания должны, ставит перед детьми запреты, четкие правила. Мало того, либеральные родители должны начать отказывают своему чаду в некоторых капризах

Многодетная - семья — это больше традиционная семья. Но современная молодежь больше уверена в том, что сначала нужно «встать на ноги», а потом думать о детях.

Плюсы многодетной семьи

В таких семьях дети привыкают заботиться друг о друге, проявляют уважение к интересам других, учитывают мнение окружающих. Родители в многодетной семье заняты важными делами — воспитанием детей. У них нет возможности на проявление негатива, так как необходимо ежедневно решать экономические, хозяйственные, психологические и другие проблемы. При этом важно принимать общее решение, так как оно затрагивает каждого человека. Общая ответственность за семью объединяет всех. С самого рождения дети в многодетных семьях включаются в большой поток общения. Поэтому они вырастают более коммуникабельными.

Минусы: Материальные сложности. Как бы государство не выдавало пособия, но затрат в этой семье всегда больше, чем в обычной. Родители постоянно на работе, чтоб прокормить семью. Огромная трудовая работа детей. Так как нет денег они сами: шьет, вяжут, готовят, мастерят. И конечно выращивают огород и сад, НО: Все это способствует экономии расходов, ну а дети привыкают к труду и самостоятельности. Родители могут быть уверены в том, что во взрослой жизни их сыновья и дочери не пропадут и точно найдут для себя занятие.

Дефицит внимания. Особенно подростку очень хочется посидеть с мамой или с папой и поговорит о пройденном дне. В многодетной семье это сделать почти невозможно. То есть ваш будут вмешиваться третий лица. Из-за этого родители могут не увидеть проблемы подростка или его беспокойства. Как решить: нужно сходить куда- то с ним в кино, в кафе или просто вечером прогуляться.

Большая психологическая нагрузка. В большой семье дети переходят этапы взросление раньше своих сверстников. Поэтому зачастую некоторых могут не все понимать и чувства комфорта они могут не испытывать в коллективе. Так как родители от подростка ждут серьезных решении и действия по отношению помощи к семье. Друзья его переживания не понимают. И подросток начинает в себе замыкаться. А у некоторых детей может рано развиться склонность к лидерству, стремление брать на себя лишнюю ответственность. При этом могут неправильно расставляться приоритеты. Например, важным становится забота о младшей сестре, а не учеба. И с одной стороны, это хорошо — дети, как уже было сказано выше, вырастают ответственными, а с другой — они теряют детство.

Как решит: родители должны дать возможность не смотреть или воспитывать старшим младших, а дать возможность играть с детьми, дурачиться с ними, баловаться. Это не только разгрузит их психику, но и сделает семью еще более дружной.

Отсутствие личного пространства. Конечно, бывает, что у каждого ребенка в многодетной семье есть своя отдельная комната, но случается это редко. Чаще всего дети объединяются в комнаты по половому признаку. В любом случае, ребенок обделяется личным пространством, которое достаточно важно для полноценного развития. Пожалуй, решить эту проблему сложнее всего. Но зато у такой семьи всегда будет общая цель — иметь свой собственный большой дом.

ЛИТЕРАТУРА

1. Социальная психология развития. Книга для учителя
2. Автор: Юлия Федорова Источник: <https://shkolazhizni.ru/psychology/articles/61557/>
3. <http://www.ya-roditel.ru/parents/base/lecture/sem-ya-preimushchestva-vospitaniya-detey-v-mnogodetnoy-seme/>
4. 2. Абрамова Г. С. Возрастная психология: Учеб. пособие для студ. вузов. - 4-е изд., стереотип. - М.: Издательский центр «Академия», 1999. - 672 с.
5. 3. Грэй Д. Дети — с небес. Искусство позитивного воспитания. Как развить в ребенке дух сотрудничества, отзывчивость и уверенность в себе. - М.: София, 2004.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУДЕГІ ПСИХОДРАМАНЫҢ РОЛІ

Ұлықманова А., студент

Ғылыми жетекші: Садуахасова А.Б.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада психологиялық кеңес беру барысында қолданылатын психологиялық әдістердің бір түрі психодрама туралы айтылған. Психодраманың мақсат, міндеттері мен жүргізілуіне, құрылымдық сипатына, клиент пен психологтың жұмыс барысына талдау жасалынған.

Түйінді сөздер: психодрама, клиент, психолог, катарсис, инсайт, режиссер, протоголист, көрермен, сахна.

Психодрама – рөлдік ойын негізіндегі топтық жұмыс әдісі болып табылады. Мұнда топ мүшелерінің ішкі жан дүниесін зерттеу әдісі ретінде драмалық импровизация қолданылады және клиентке деген маңызды мәселелерімен байланысты сезімдерін шығару үшін жағдайлар жасалады. Психодрама ойын принципіне негізделген. Драманы коррекциялық әдіс ретінде Якоб Леви Морено (1892-1947) соғыстан кейінгі жылдары эксперимент нәтижесінде қолдана бастады. Бұл эксперимент «аяқ астылы театр» деген атқа ие болды. Морено Вена паркінде қыдырып жүрген балалардың ойын кезіндегі фантазияларына көңіл бөлгенде, ойын әдістемелерінің терапевтикалық потенциалы жайлы алғаш ойланды.

Морено өзінің әдістемелерін жасауда адамның ойнауға деген табиғи қабілеттерін негізге алды. Жағдаяттарды ойнау кезінде аяқ-астылық, креативтілік, жағдайға қатысушылардың арасындағы жалған эмоционалдық байланыс, катарсис пайда болады, ал бұл өз кезегінде шығармашылық белсенділік пен инсайтты тудырады. Психодрамада адамға өзінің мәселелеріне шоғырланған кейіпкер ролі беріледі. Осылайша, ол психолог бағыттаған импровизацияда өз сезімдерін еркін білдіре алады, ал басқа актерлер оның шын өміріндегі басты кейіпкерлерін ойнайды. Катарсис – сезімдік әсерлену мен ішкі тазару

деген мағына береді. Инсайт – мәселенің шешілуі мен жаңаша түсінуіне әкелетін таным түрі болып табылады.

Психодраманың мақсаты – адекватты емес жағдайлар мен эмоционалдық реакцияларды диагностикалау және түзету, оларды болдырмаудың алдын-алу, өзін-өзі тануды тереңдету. Қайғы-уайымдарды сөздік бейнелеуге негізделген басқа әдістемелерге қарағанда, психодрама клиентке тереңде жатқан эмоцияларын ашық және әрекетті формада шығаруға көмектеседі. Психодрама кезінде түрлі деңгейдегі психологиялық мәселелерді шешудің тиімді жолдарын іздеу жүзеге асырылады. Клиент жүргізушінің және топтың көмегімен өзінің өміріндегі маңызды жағдайларды драмалық әрекетпен көрсетеді, оның мәселесіне қатысы бар көрсетілімдерде ойнайды. Іс-әрекеттер мәселені анықтау және нақтылау үшін ықпал ететіндей құрылады. Жаңа рөлдер, альтернативті, тиімді және қылық-әрекеттік стильдер талданады, мәселені шешудің құрылымдық моделін іздеу және сынақтан өткізу жүзеге асырылады. Психодраманы құрайтын әрекеттер мен дене қимыл-қозғалыстары вербальды емес қылық-әрекеттер сигналы сияқты, өзін және басқаларды танудың маңызды бастамасын қолдану мүмкіндігін арттырады [1].

Бұл әдіс ауытқушы мінез-құлқы бар балалар мен жеткіншектердің қалыпты емес эмоционалды реакцияларын жою үшін және әлеуметтік перцепция дағдыларын өңдеу үшін қолданылады. Терапевтикалық драматизацияның әртүрлілігі үшін А.Вольтман биодрама және қуыршақ драматизациясын қолданады. Биодраманың ерекшелігі, мұнда балалар арасында аңдар рөлі бөлінеді. Бұл әдістің авторлары балаға, әсіресе мектепке дейінгі балаларға өзінің рөлін алғаннан гөрі, жануарлардың рөлін алған жеңілге түседі деп санайды. Қуыршақ драматизациясы кезінде үлкендер балалардың алдына оның дау-дамай немесе оған деген маңызды жағдаяттарды қуыршақ спектаклі арқылы көрсетеді. Басқа да формасы болуы мүмкін, яғни топ мүшелерінің біреуі театрланған формада өзінің өмірі жайында әңгімелеп береді. Психодраманы топтық жұмыстардың басқа әдістемелерімен (топтық дискуссия, психогимнастика) кешенді түрде қолданған тиімдірек болады. Топтық жұмыстың құрамдас бөлігі ретінде психодрама эмоционалды бұзылулар мен коррекциялық жұмыста, кейбір психосоматикалық ауруларда, балалармен және жеткіншектермен жұмыста, сонымен қатар жанұялық психокоррекция жұмысында кең түрде қолданылады.

Әңгімелеуші таңдалынған жұмыс формасына байланысты қатысушы немесе көрермен бола алады. Психодраманы жүргізудің маңызды шарты – топтағы жағымды атмосфера, әрекет-қылықтың еркіндігі және импровизация. Маңызды жағдаяттарды қайтадан бастан кешіру арқылы, адам мәселені, өзінің әсерлену жолдарын, жағдайға деген қатынасын, құндылықтарды, нақты іс-әрекеттерді жаңаша түсінеді. Ол қарым-қатынас құрудың жаңа мүмкіндіктерін аша бастайды.

Психодрамада катарсистік тиімділікке басты назар аударылады. Ол ішкі дау-дамайлардың әсерінен пайда болады және психодрамалық әрекет кезінде сыртқа шығады. Психодраманың элементтері басқа бағыттарда да кең қолданылады: гештальттерапияда, қылық-әрекеттік терапияда, әлеуметтік-психологиялық тренингте, іскерлік ойындарда т. б. Жалпы алғанда психодраманың негізгі міндеттері ретінде мыналарды айтуға болады:

- клиенттің өз мәселелері мен дау-дамайларын шығармашылық тұрғыдан қайта түсіну;
- клиенттің өзін-өзі түсінудің терең және қалыптылығына қол жеткізу;
- құрылымдық емес қылық-әрекеттік стереотиптерді және эмоционалды әсерлену тәсілдерін жеңу;
- эмоционалды реакция жасаудың жаңа тәсілдері мен жаңа қалыпты әрекет-қылықты қалыптастыру.

Рөлдерді психодрамалық ойнау клиент әрекет-қылығын, оның қатынасын, бағдарын, эмоционалды әсерлену жолдарын өзгертеді. Бағдарлардың өзгеруіне жағымды әсер ететін факторлар: клиентке психодрамаға қатысуды және рөлдерді таңдауға мүмкіндік беру, клиентті орындаушылық әрекетке итермелеу, ойынға өзіндік импровизация кіргізуге мүмкіндіктер тудыру. Психодрама клиенттегі қорғаныс позициясын жеңуге ықпал етеді,

эмоционалды қызығушылықты жоғарылатады, өзінің мәселелерін түсінуге, катарсис пен инсайтқа жетуге көмектеседі.

Психодраманың классикалық процедурасы негізгі 5 элементті қамтиды: протогонист, режиссер (фасилитатор), көмекші «Мен», көрермендер, сахна. Протогонист – алғашқы ойыншы (гр. «protos»-алғашқы, бірінші және «agon»-күрес, ойын), психодрамалық сахнада өзінің мәселелерін көрсететін басты кейіпкер. Протогонист өз өмірінің бейнесін тудырады. Ол басты кейіпкер болып табылады және топтың назары оған аударылған. Режиссердің, аудиторияның және арнаулы қойылым тәсілдерінің көмегімен протогонист өзінің өзекті психологиялық шындығын көрсетеді. Ол өз алдына инсайтқа жетуге және шынайы өмірін жүзеге асыру қабілеттілігін жақсартуға арналған. Режиссер – клиентке өз мәселелерін зерттеуге көмектесетін адам. Ереже бойынша ол психолог болып табылады. Оның қызметі психодрамалық әрекетті, кеңістікті ұйымдастыру, сенімділік атмосферасын тудыру, қатысушыларды аяқ-астылыққа ынталандыру, рөлдік ойынға топты және кеңістікті дайындау, мәселелерді ашу, клиенттің қайғыларын шығару, көмекші кейіпкерлерді кіргізу, болып жатқан жағдайды талқылау, талдау және интерпретациялауды ұйымдастыру болып табылады. Режиссер топта белгілі бір атмосфераны тудырады, рөлдерді бөледі, сонымен қатар топ мүшелеріне өздерінің ойлары мен сезімдерін драмалық әрекет тіліне аударуға мүмкіндік береді. Жақсы режиссерден икемділік, психодрамаға бүкіл топтың қатысуына қызықтыру қабілеті сияқты қасиеттер талап етіледі. Психодрамада режиссер аналитик, терапевттің қызметтерін атқарады. Қойылымшы рөліндегі режиссер топтағы жұмысты ұйымдастырады. Қойылымшы психодрама актерінің психологиялық күй-жағдайының барлық вербальды және вербальды емес көріністеріне өте сезімтал болуы керек. Жақсы қойылымшының басты қасиеттері: жұмысқа деген шығармашылық көзқарастары, икемділігі, психодрамалық әрекетке топ мүшелерінің барлығының көңілін аударуға қабілеті болып табылады. Аналитик рөліндегі режиссер психодрамаға қатысушылардың барлығының әрекетін талқылайды, мінез-құлқын, ойларын және сезімдерін интерпретациялайды. Аналитик рөліндегі топ басшысы көрсетілім кезіндегі әр топ мүшесінің әрекет-қылығын интерпретациялайды және талқылайды. Сонымен қатар ол жеке қысқа үзінділерге қатысушылардың жалпы реакцияларын белгілеп, талдайды. Терапевт рөліндегі психодрамалық әрекеттің басшысы керекті психокоррекциялық бағытқа бағыттайды. Терапевт рөліндегі психодраманың режиссері қатысушыларға қалаусыз әрекет-қылық формасын өзгертуге көмектесуге тырысады. Қатысушыларға қойылымды өздігімен жүргізуге мүмкіндік бере отырып, терапевт өзіне орындықта отыруына рұқсат ете алады немесе топ мүшелерін әрекетке итермелей, жоғарғы деңгейде белсенді бола алады. Көмекші «Мен»- көмекші рөлдерді орындайтын және психолог қызметін күшейтетін клиенттер болып табылады. Көмекші «мендер» протогонистке маңызды адамдарды немесе оның өзіндік «менінің» бөліктерін бейнелей алады. Көмекші «меннің» негізгі қызметтері: протогонисттің ойлаған ойларын жүзеге асыруға қажетті рөлдерді ойнау; басқа кейіпкерлермен қарым- қатынасты протогонисттің қалай қабылдайтынын түсінуге көмектесу; протогонистті мәселелер мен дай-дамайды шешуге бағыттау; протогонистке драмалық әрекеттен шынайы өмірге ауысуға көмектесу. Көмекші «мендер» психодрамада келесі міндеттерді шешеді: протогонистке қатысы бар шынайы немесе ойлап табылған тұлғаларды бейнелеу; психодраманы жүргізуші мен протогонисттің арасында делдал болып табылады және ол протогонист пен оның ойынына да, сонымен қатар психодраманың жүргізушісі мен оның ұсыныстарына да зейінін тұрақтатуы тиіс; әлеуметтік- терапевтикалық қызмет атқарады. Протогонистке өзінің адам аралық қатынастарын бейнелеуге және зерттеуге, сонымен қатар өзінің өмірлік серіктерімен диалог жүргізуге көмектеседі. Көмекші «мен» протогонисттің өмірінде ерекше орын алған адамдарды бейнелейді. Психодрамада бұл кейіпкерлерді топ мүшелері бейнелейді. Бұл билігі бар ана рөлі, катал әке, әділетсіз басшы, қайырымды дос және т.б. рөлдер болуы мүмкін. Көмекші «мен» рөліндегі жақсы орындаушы осы рөлге тез кіре алуы және нақты орындауы керек. Ол рөлді шынайы жағдайдағыдай емес, протогонист көрсеткендей немесе

интуициясына қарай ойнауы керек. Кейбір топтарда арнайы дайындықтан өткен және кез-келген бейнеге оңай кіре алатын кәсіби көмекші «мендер» алынады. Сонымен, көмекші «мендер» жоқ адамдарды клиенттің ішкі дүниесіндегідей етіп бейнелейтін топ мүшесі болып табылады. Әдетте клиент-протогонист көмекші «менді» өзі тандайды. Олар не басқа клиенттер немесе режиссер немесе көрермендер болуы мүмкін. Көрермендер ретінде психодрамалық әрекетке тікелей қатысы жоқ, бірақ соңынан жағдаятты талқылайтын топ мүшелері болып табылады. Жаттығудың қорытынды сатысында олар болған жағдайға эмоционалды қатынасын көрсетеді, психодрамаға айналған, оларды алаңдататын мәселелері мен дау-дамайларын әңгімелейді. Көрермендердің міндеті бір жағынан протогонистке көмектесу болса, екінші жағынан өз-өздеріне көмектесу, яғни сахнада болған нәрсеге уайымдау кезінде өзіне қатысты дау-дамай мен мотивтерде инсайтқа жетеді. Сахна – бұл іс-әрекет жүзеге асатын кеңістіктегі орын. Психодраманы көбінесе арнайы ұйымдастырылған театрларда немесе ойынға ыңғайландырылған бөлмелерде жүргізеді. Өте тар бөлмелер қатысушылардың қозғалыс еріктерін шектейді, өте кең топтық сезімге кері әсер етеді [2].

Психодрама Я.Морено шығарған психотерапия және психологиялық кеңес беру әдісі. Классикалық психодрама – бұл адамның ішкі жан дүниесін зерттеу үшін драматикалық импровизация құралы қолданылатын терапевтік әсері бар топтық үрдіс. Бұл адамның шығармашылық әлеуетін дамытуға, адамдармен өзара әрекеттестігін және қалыпты мінез-құлқының мүмкіндіктерін кеңейту үшін қолданылады. Қазіргі таңдағы психодрама – ол тек қана топтық психотерапияның әдісі емес, ол сонымен қатар клиентпен (монодрама) жеке жұмыс барысында да қолданылады, ал психодраманың элементтері басқа салаларда да адамдармен дербес және топтық жұмыс жасауда кең қолданылады. Психодрамалық жағдайларды ойнаудың нәтижесінде санада жасырылған көптеген жағдайлар уайымдау және түйсіну деңгейіне жетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. М.А.Кусаинова Психологиялық әдістемелер мен жаттығулар, тренингтер. Оқу-әдістемелік құрал. КМТЖИУ, 2013 ж.
2. Б.Д.Жігітбекова Топтық психотерапия. Оқу құралы. Алматы, 2008 ж.

ЛИЧНОСТЬ ПЕДАГОГА В ОБЛАСТИ СОВРЕМЕННЫХ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И РЕСУРСОВ ОБУЧЕНИЯ

Брагина Е., магистрант

Научный руководитель: Бекенжан Ж.Б.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, г. Актау

Сегодня информационно-образовательная среда(ИОС) стала не только ресурсом осуществления и реализации образовательного процесса и образовательного взаимодействия, но и носителем культурного пространства, включающее ценности, нормы и поведенческие модели сознания личности педагога. Как нам известно, информационно-технические средства вошли во все сферы деятельности человека, в том числе и в систему образования. Одним из основных приоритетов современного образования считается ее информатизация, где главной задачей является создание единой информационно-образовательной среды.

Что такое информационно-образовательная среда? Информационно-образовательная среда - это основанная на использовании компьютерной техники, технологических средств и реализующая единым, взаимосвязанным, содержательным

наполнением качественное информационное обеспечение обучающихся, педагогов, родителей. Особенности формирования информационно-образовательной среды отражаются в нормативных документах государственной образовательной политики. В условиях информатизации образования и, в целом, становления информационного общества развивающая образовательная среда определяется как информационно-образовательная. В целом, можно говорить о том, что информационно-образовательная среда – система информационной, технической и учебно-методической составляющих, целенаправленно обеспечивающих учебный процесс.

Прежде всего рассмотрим некоторые исследования и мнения ученых стран СНГ, т.к. наша образовательная среда тесно переплетается с историей развития государств. И.М. Улановская – один из ведущих специалистов, занимающихся этой тематикой, кандидат психологических наук, ведущий научный сотрудник лаборатории психологических основ, новых образовательных технологий Психологического института Российской академии образования и лаборатории психологических проблем подготовки педагогов Московского городского психолого-педагогического университета. И.М. Улановская считает: «информационно-образовательная среда – это системно-организованная совокупность информационного, технического, учебно-методического обеспечения, неразрывно связанная с человеком как субъектом образовательного процесса» [2, с.3]. В.А. Красильникова кандидат педагогических наук, доцент, Почетный работник высшего профессионального образования РФ, основатель и руководитель научного коллектива и крупный специалист в области современных информационных технологий обучения, имеет более 100 научных и научно-методических трудов. В своем учебном пособии «Информационные и коммуникационные технологии в образовании» делится прогнозом, в случае создания единой информационно-образовательной среды. «Создание единой информационно-образовательной среды страны позволит, в первую очередь повысить уровень качества образования, обеспечить обмен программно-методическими материалами, повысить профессиональный уровень педагогов, создать более благоприятные условия совместного сотрудничества педагогов, с одной стороны, и, с другой стороны, привлечь к творческой деятельности обучающихся» [3, с.126].

Я полагаю, что нам стоит прислушаться и создавать все необходимые условия для полномасштабного распространения и дальнейшего развития информационно-образовательного пространства в нашей казахстанской образовательной политике. Одним из ярких примеров является международная научно-практическая конференция «Современная информационно-образовательная среда: традиции и инновации», которую в апреле этого года провел Республиканский научно-практический центр «Учебник» Министерства образования и науки Республики Казахстан г. Астана. Организаторами выставки были Министерство образования и науки Республики Казахстан и Международная ассоциация WORLDDIDAC г. Берн, Швейцария. Конференция проводилась с демонстрацией новейших технологий и оборудования для системы образования, и профессиональной подготовки кадров. Отсюда вытекает главный вопрос об обеспечении конкурентоспособности страны, как ключевой фактор модернизации системы образования Республики Казахстан. Наша образовательная система нуждается в высококвалифицированных педагогических кадрах. Как отметил в Послании народу Казахстана, Президент государства Н. А. Назарбаев, «важно повышать качество педагогического состава. Надо усилить ... требования к повышению квалификации преподавателей школ» [1]. Таким образом, возникла необходимость подготовки педагогических кадров в целях обеспечения их новыми технологиями, отвечающим современным требованиям и стандартам. Речь идет об информационно-образовательной среде в системе деятельности преподавателя.

Как мы знаем, мировое информационное пространство ставит серьезные проблемы, как перед образованием, так и перед педагогом. Быстрыми темпами изменяется структура знаний, в том числе и доля традиционных знаний. Такое развитие информационного

пространства требует обеспечения как психологической, так и профессиональной подготовленности всех педагогических кадров образовательного процесса. В условиях радикального изменения технической инфраструктуры, решающим оказывается изменение отношения педагогических работников к информации, которая становится для них важнейшим стратегическим ресурсом. «Будущего творческого учителя может подготовить лишь еще более творческая личность преподавателя – это один из основных постулатов развития любой системы общего и профессионального образования» [4].

Внедрения инноваций в информационно-образовательную среду образования приведет к повышению качества и эффективности учебного процесса, в том числе качества квалификации преподавателя, его педагогического мастерства. В настоящее время системы мультимедиа находят все больше применение в образовательной сфере педагогической деятельности. Педагог как осознанная личность и мастер своего дела – это специалист высокой культуры, который знает свой предмет и призванный решать трудные задачи в своей профессиональной области. Педагогическое мастерство основывается на высоком профессионализме преподавателя. Чтобы овладеть мастерством, необходимо знать не только законы и принципы воспитания, но и уметь в совершенстве пользоваться эффективными технологиями информационно-образовательной среды. Очевидно, что информационно-образовательная компетентность педагога включает в себя его медиакомпетентность. Она выражает уровень развития личности, ее способность к восприятию, анализу, оценке медиаобъектов, к медиаторству, к усвоению знаний среды и формированию личных знаний через посредство информационно-образовательной среды. Способность к критической оценке, анализу медиаинформации в соответствии с требованиями образования является непосредственным проявлением информационной культуры в сознании личности педагога.

Успешность информационно-образовательного процесса зависит от профессионального уровня и компетенций педагога. Педагог должен уметь адаптироваться к новым условиям информационно-образовательной среды, быть гибким в своей профессиональной деятельности, быть грамотным в использовании инновационных информационных технологий для представления различных видов информации, уметь пользоваться компьютером, базами и банками данных, обобщающими весь мировой опыт. Если говорить о моей педагогической деятельности, то вся моя работа – это прежде всего постоянное самообразование, повышение педагогической квалификации на курсах, семинарах, конференциях.

Таким образом, важны новые подходы, опирающиеся на инновационно-прогрессивные информационные технологии и, в частности, на мультимедиа-технологии. Необходимым условием становится инновационно-образовательная среда, которая способствует самостоятельной инновационно-творческой деятельности, предполагающей альтернативности и вариативности решений в новых информационных условиях. Важно помнить педагогу о правильном применении информационно-образовательного ресурса, чтобы строить образовательный процесс совсем на новом уровне. Культура работы с информацией предполагает наличие способности субъекта образования к конструктивному диалогу с ними. Информационно-образовательная среда должна обеспечивать возможности для информатизации работы любого учителя и обучающегося. Качество этой среды сегодня можно определить и как способность данной среды обеспечить систему возможностей для эффективного личностного саморазвития педагога в ходе образовательного процесса. При создании на первое место встаёт личность самого педагога, его квалификация и компетенция.

Итак, информационно-образовательная среда в широком смысле - важнейший компонент новой системы образования, в узком понимании - информационная среда, целенаправленно создающаяся для осуществления образовательного процесса, педагогическая система нового уровня. В сознании личности педагога через информационно-образовательную среду происходит контролируемый доступ к

образовательным ресурсам, интернету и т.д.. Главная роль информационно-образовательной среды в сознании личности педагога заключается в определении закономерностей и принципов развития информационных ресурсов и технологий как содержание информационного образования. Значит главное место информационно-образовательной среды можно считать саму систему ресурсов учебно-образовательной среды для информационного поиска и работы через познавательные порталы, социально-образовательных сетей, что впоследствии мы получим новый уровень информационной культуры сознания личности педагога.

ЛИТЕРАТУРА

1. Послание Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана. 2012 // <http://www.akorda.kz>
2. Улановская, И. М. Что такое образовательная среда школы? // Начальная школа: плюс и минус. – 2012. – № 1. – С. 3 – 6.
3. Красильникова В.А. Информационные и коммуникационные технологии в образовании: учебное пособие / В.А. Красильникова. – М.: ООО Дом педогогики, 2006. – 231 с.
4. Мухаметжанова А.О., Бакина Ю.А. Роль информационно- образовательной среды в формировании будущего специалиста. КарГУ им. Е.А.Букетова

ӘКІМ ТАРАЗИ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ КЕЙІПкерлер Әлемі

Құлжан Б., студент

Ғылыми жетекші: Қабылов Ә.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақтың көрнекті жазушы-драматургі Ә.Таразидың шығармашылығына шолу жасалып, алғашқы әңгімелерінің көркемдік-идеялық қырлары мен кейіпкерлер әлемі қарастырылады. Жазушының кейіпкер бейнесін сомдау шеберлігі, оларды түрлі жағдаяттарда, оқиғалар үстінде нанымды бейнелеу амалдары нақты мысалдармен пайымдалады.

Түйінді сөздер: суреткерлік шеберлік, проза, әңгіме, кейіпкер әлемі, характер

Қазақ әдебиетіне өткен ғасырдың алпысыншы жылдары келген қаламгерлер легі ұлттық сөз өнерін шырқау көкке көтеріп кетті. Олар әдебиеттің барлық саласында – поэзияға да, проза мен драматургияға да, әдебиеттану мен әдеби сын саласына да белсене араласып, өздерінің жаңашылдығымен, суреткерлік қолтаңбасымен ұлттың рухани қорына мол олжа салды. Солардың бірі – жазушы-драматург Әкім Тарази (Әшімов).

Әкім Ұртайұлы Әшімов 1933 жылы 9 қыркүйекте Алматы қаласында туған. Жазушы, драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (1999). Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (2007). Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры.

Орта мектепте 1950 жылы Жамбыл облысы Луговой (қазіргі Т.Рысқұлов) ауданы, Жаңа тұрмыс ауылында білім алған. 1957 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін бітірген. 1968 жылдан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. 1956 жылы еңбек жолын орта мектепте ұстаздықтан бастаған. Жамбыл облысының Шу ауданында мұғалім (1956-1958), республикалық «Ара» журналында фелетонист (1958-1959), «Қазақстан пионері» газетінде жауапты хатшы (1962-1970), «Қазақфильм» киностудиясында сценарийлік редакциялық алқа мүшесі, бас редактор, 1970-1971 жылдары

«Литературная газетаның» Қазақстан бойынша тілшісі, 1971-1980 жылдары Қазақстан кинематографистер одағы басқармасының бірінші хатшысы болған. 1986-1991 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, 1991-1993 жылдары Қазақстан Республикасы мәдениет министрлігінің кеңесшісі, 1993-1995 жылдары «Қаржы-қаражат» журналының бас редакторының қызметін атқарды. 1995 жылдан Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының доценті. 2009 жылдан Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры.

Жазушының алғашқы кітабы "Құйрықты жұлдыз" повесі 1966 жылы шықты. «Үлкен ауыл» (1968), "Асу-асу" (1970), "Көкжиек" (1980), "Басынан Қаратаудың" (1984) повесть-әңгімелер, "Қыз махаббаты" (1982) пьесалар жинағы, "Бұлтқа салған ұясын" (1978), "Тасжарған" (1980), "Кен" (1986), "Жаза" (1998), "Шер" (2000), "Махаббат жыры" (2001), "Қиянат" (2002) романдары жарияланды. Сондай-ақ ол "Күлмейтін комедия" (1966), "Жақсы кісі" (1968), "Жолы болғыш жігіт" (1972), "Қос боздақ" (1985), т.б. пьесалардың, "Тұлпардың ізі" (1964, реж. М.Бегалин), "Арман-атаман" (1965, реж. Ш.Бейсенбаев), "Қараш-Қараш оқиғасы" (1972, реж. Б.Шөмшиев), т.б. кинофильм сценарийлерінің авторы. «Фолиант» баспасында 8 томдық шығармалар жинағы жарық көрген. Шығармалары орыс, венгр, чех, неміс тілдеріне аударылған. 2002 жылы "Жаза" романы үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында дүниеге келіп, балалық шағы зұлмат кезеңге тап болған қаламгер ел мұңы мен уақыт сырын терең түсініп, суреткерлігімен оқырман көңілінен шығып, халық жүрегіне жол таба алды. Қай жанрға қалам тартса да, ешкімге ұқсамауға тырысты, өмір-тіршілік шындығын өзінше бейнелеп, замандастарының қилы бейнелерін жасап, олардың жан дүниесіне үңіле білді, жан дүниесінің сырларын, алуан іс-әрекеттерін, жақсылығы мен жамандығын өз шығармаларына арқау етіп келеді.

Алғаш рет «Жұлдыз» журналында жарық көрген «Құйрықты жұлдыз» хикаяты (1964) арқылы әдебиетте таптаурын болған тақырыптар мен жазу мәнерінен бойын аулақ салып, характер сомдаудағы талғампаздығын көрсетті. Осы шығармадағы Сәнжан, Кірпішбай мен Еркебұлан образдары бейнелену тұрғысынан, характердің даму эволюциясы мен даралық сипаттарымен оқырманын елең еткізді. Осы шығарманың өзінде-ақ жазушы шығармашылығындағы суреткерлік концепциясының түйіні – тоғышарлықпен аяусыз күрес тұжырымы айқын орын тепкені байқалды. Бұл жайт келе-келе суреткерлік кредоға айналып, қаламгердің бүкіл шығармашылығының алтын арқауы болып қаланды.

Жазушы шығармашылығының ерекшелігі – аз сөзбен көп мағына бере білу, кейіпкерлерінің мінез-құлқын тосын жағдайларда танытып, тіршілік әрекеттерін нақты оқиғалар үстінде ашып отырады. Жазушының әңгіме-повестерінде, романдары мен драмалық шығармаларында қазақ еліндегі өткен ғасырдың алпысыншы-тоқсаныншы жылдарындағы өмір шындығы, замана шындығына сай халық психологиясы, уақыт тынысы көркемдік шешімін тауып отырады. Жазушының осы ерекшелігі туралы замандасы, белгілі қаламгер Баққожа Мұқай: «Кешегі тоқырау заманының басты дерті – рухани азғындау, қоғамның мазмұнына айналған тоғышарлық тірлік, менің байқауымша, әсіресе, Әкім Тарази шығармаларынан айқын да анық көрінеді», – деп жазды [1,358].

Суреткер шығармашылығының басты сипаттарының бірі ретінде ондағы әлеуметтік сарынның басымдылығын, бүгінгі қоғамдағы әлеуметтік психологияның барлық қырынан көрінетінін айтар едік. Жазушы қоғадық мерездерді, тірліктегі тоғышарлық түйткілдерді жан-жақты ашғып, кейіпкер психологиясы арқылы қоғамдық маңызды қорытындыларға суреткерлік жіті көзбен назар салатыны шындық.

Жазушы қаламының ұшталуына себеп болған алғашқы туындыларының өзімен-ақ үлкен үміт күттірген болатын. Оның «Сусамыр», «Келін», «Қыз Жібек», «Кәке», «Бөтен», «Сауал», «Ай астында айдала» әңгіме-хикаяттары жаңа ізденістердің ізашары болды. Оларда жазушының ешкімге ұқсамайтын даралық стилінің нышандары қаланған болатын.

Қаламгердің 1980 жылы шыққан «Көкжиек» кітабына бірнеше әңгімелері мен повестері енген. Мұндағы «Ләйлі», «Қыз Жібек», «Күміс қанат», «Келін», «Ауыл шетіндегі жатаған үй», «Жабы сәйгүлік» және «Сауал» әңгімелерінде қарапайым ауыл тірлігі, ондағы

адамдардың бойындағы түрлі тоғышарлық сипаттар, қазақы қасиеттер суреттеледі. «Ләйлі» әңгімесінде мектеп оқушылары арасындағы жасөспірімдік асқақ сезім, өзара сүйіспеншілік ынтықтық суреттелген. «Сол жылы көктем ерте шықты; сол жылы көктемде ауылдағы бозбала бірі қалмай бәрі ғашық болды; сол жылы көктемде ауылдағы бозбала бірі қалмай бәрі бір қызға ғашық болды, қыз аты – Ләйлі» [2,6], – деп ойнақылықпен басталатын әңгіменің бас кейіпкері Мирастың Ләйліге ғашықтығы таза әрі адалдығымен көрінсе, оның «қарсыласы» Ханмәліктің аярлық пен алдамшылыққа толы іс-әрекеттерімен сабақтастырыла суреттеледі. Ләйліге деген сезімін білдіре алмай, сырттан ынтық болған Мирас оған арнап роман жазады. Махаббат жас баланың шабытын оятып, өзімен-өзін оңашада сыршылдықпен ойға батырса, Ханмәліктің қылығы мүлде басқа: Ләйлінің Мирасты жақсы көретінін естігеннен кейін Мирасты қонаққа шақырып, оған дос болуды ұсынады, кейін Ләйліге ғашық екенін айтып, хат жаздырып, апарып беруін сұрайды. Ләйлінің мұны ұнатпайтыны белгілі боп, әрекетінен түк шықпағасын Ханмәлік жазықсыз бала Молдашқа күш көрсетпек болып, Мирастан таяқ жеп тынады. Төбелестің хабары елге талап, ақыры Ләйлі қаладағы туысқанының үйіне кетіп тынады. Соңғы кездесудегі Мирас пен Ләйлінің арасындағы азғана әңгіме ғана екеуінің балаң сезімінің белгісі болып қалады. Бұл олардың соңғы кездесуі еді.

«Қыз Жібек» әңгімесінде Сауран мен оның өзінен он шақты жас кіші келіншегі – Қыз Жібек аталып кеткен Ләйлінің аудандағы көркемөнерпаздар ұжымымен спектакль қоюға қалаға баратын сапараның жайы суреттеледі. Сауран Бекежанның, ал Ләйлі Қыз Жібектің ролінде ойнауы керек, алайда Ләйлі ойнаудан бас тартып, аудан басшылары оны әрең дегенде көндіреді. Ләйлінің ойнаудан бас тарту себебі – Төлегеннің ролін Мирастың ойнауына қарсы. Әңгіменің соңына қарай Мирас бір кезде өзінің Ләйліге ғашық болып, роман жазғанын, сол шығармада Ләйліге ғашық болатын жігіттің аты да Сауран екенін айтады. Осы сапар барысында әнші әрі музыкант Мирастың көңілді жүретін, даусы әдемі, нағыз джентелмендігі көрінеді. Поездағы жастар арасындағы басқосудағы Мирастың қылығы, Ләйліге арнап сөйлеуі келіншектің көңілінде із қалдырғандай болады, ауылға келгесін де есін жия алмай, көңілі алай-дүлей болады.

Бір ерекшелігі – жазушы әңгімелерінің кейбірі өзара мазмұндық тұрғыдан байланысып, біріндегі кейіпкерлер екіншісінде басқа уақыттағы өзге бір оқиғалар арасында бейнеленіп отырады. Сөйтіп, олардың мінездемелері де кеңейіп, адамгершілік қасиеттері толықтырылып отыратын циклдік сипатқа ие болады.

Мысалы, «Күміс қанат», «Келін», «Ауыл шетіндегі жатаған үй», «Жабы сәйгүлік», «Сауал» әңгімелерінің оқиғаларында да белгілі бір мазмұндық байланыс бар. Оқиға бір ауылда өтетіндіктен, түрлі үзіктерден құралған тұтас шығарма секілді. Ондағы кейіпкерлер оқырманға таныс көрінеді. Шынында да солай, мұндағы Тұрар мен Жаухаз, Сұлтан, Тарағай секілді кейіпкерлер бір шығармадан екіншісіне көшіп жүреді.

Әсіресе, «Күміс қанат» пен «Келін» әңгімелері бірінің бірі жалғасы сияқты. Алғашқысында малдағы Танабай шопанның аулына Қонысбай балдызы бір Танабай деген жігітті ертіп келіп, көмекшің болады деп қалдырып кетеді. Ол өзін жетім өскен жігітпін деп таныстырып, екі күн осында болады. Алғашқы түні-ақ қой күзетінде ұйықтап қалып, үш қойды қасқырға жегізгесін, «бұл шаруа менің қолымнан келмейді екен» деп кетіп қалады. Жолшыбай иесіз бір үйге тоқтағанында көшіп келе жатқан Танабайдың келіні Жаухазға жабыспақ болғанда, ол мұның қолын қағып жіберіп, «Ой, сорлы!», – деген сөз естиді.

Ал «Келін» әңгімесінде кейін ауылған келіп, дүкен ашып, тұрмыстары жайланған кезде бұларға көрші Сұлтанның үйіне келіп жүретін сол Танабай Жаухаздың күйеуі Тұрарды таяққа жығып кетеді. Ол ауруханаға жатып шыққаннан кейін, бір күні жарқабақтың астында отырған Танабайды көрген Жаухаз оған ашуын білдірмек болып, барғанда оның алдауына түседі. Сөйтіп екеуінің арасында байланыс өрбіп, Жаухаз оған ғашық болып қалады. Танабай шалдың қалауымен ауыл ақсақалдары басқармаға айтып, жігіт Танабайды оқуға жібермек болады. Ал Тұрар болса, келіншегін ұрып, ол нәр сызбай

үш күн жатады. Танабайдың ауылдан кететінін естігеннен кейін Жаухаз күйеуіне жалынып, оны сырттай бір көріп қалайын деп сұрайды. Амалы таусылған Танабай келіншегін «Волгасына» отырғызып, вокзал басына апарады. Жаухаз Танабайды сыртынан көріп, машинаға отырып кейін қайтарда күйеуіне айтқан сөзі: «Енді мен сенің күңіңмін. Рахмет түсінгеніңе!» – деп мұрнын тартып қойды» [2,1525]. Міне, осындай түсіндіруге қиын, адам мінезіндегі, көңілдер қатынасындағы күрделі жайлар жазушы шығармасында психологиялық иірімдермен өрнектеледі.

Шығармалардағы Танабай қарт пен Қызтумас кемпір – қарапайым ауыл адамдары. Қазақы кеңқолтық мінез иелері. Ойлайтындары – отбасының бірлігі, күнелтістің қамы. Оларды жазушы былайша сипаттайды: «Танабай қарт – ірі қазақ. Отырғанда шөккен нар тәрізді. Қоңқақ мұрын. Қалың қабақ. Үлкен көздерінің нұры таймаған. Тік қарайды. Басында тер сіңген қара тақия. Үстінде қара шибарқыт бешпет-шалбар. Жағасыз ақ көйлегінің омырауы ашық. Аяғында жүн шұлық. Малдас құрынып нық жайғасқан. Скиф сақалын екі қолымен кезек-кезек салалап отыратын әдеті»; «Қызтумас кемпір кіп-кішкентай. Шып-ширақ. Тілге де, іске де жылдам. Қушық бет, шегір көз. Нақышты кимешек, күміс түймелі, күміс тиынды қара барқыт камзол, кір көтерімді қалың бомазидан салпетек көйлек, жылтыр қара мәсі киіп жүреді. Бір сәт тыныш отырмайды» [2,123].

Ә.Таразидың циклді әңгімелерінде жиі кездесетін кейіпкерлердің бірі –Сұлтан. Сұлтан – өзіндік болмысымен оқырман есінде қалатын, адам бойындағы кейбір аусарлық пен әумесерліктің сипаттарын жинақтайтын типтік характер.

«Ауыл шетіндегі жатаған үй» әңгімесінде Сұлтанды автор былайша таныстырады: «Жұрт оны бұрын қара қайыс Сұлтан деуші еді. Енді лақабы – жаман Сұлтан. Өзі естіген күні қатты күйініп, жыларман болған. Келе-келе ақыл тоқтатып, ойлап қараса – жаман аталғанындай-ақ бар екен. «Жұрттікі жөн. Ел аузына қақпақ болармысың. Мейлі» – деп жорыды»; «Жұрт сүйгендей қылығы болсайшы. Оны өзі біледі. Көктемде «Сұлтан арақтан өліпті» деп жұртты бір дүрліктіріп, ақыры өзі күлкі болды»; «Әкесі Дулат қарт: ынжықсың деп ренжіп, қасына бір жәрдемші бала алып, колхоздың қойын бағып, ол кетті бөлініп. Жалғыз әкесін асырай алмағаны ғой сонда. Бұдан өткен қорлық бар ма. «Көкөзек» үш жүзден аса түтін екен. Соның бәрі түгел, бірі қалмай шатырлы, әдемі үй салып алған. Жатаған ескі үйде отырған жападан-жалғыз Сұлтан ғана. Заман түзу, ақ түйенің қарны жарылып жатқанда жөнді жай салып ала алмағаны – жамандығы емесі мемене?» [2,153].

Сұлтанның қарындасын ұзату хикаясы, әлі түспеген күйеу баласының үйіне барып, үш күн қонақ қылып сайлап, кетерінде үй салуға жетерлік ағаш, жабуға шифер атап, үстіне жүз елу сомның қымбат костюмін кигізіп, шығарып саларында, «Сұлтандығын істеп», ағаш пен шифердан бас тартып, құдалардың Сарбалақ деген бүркітін қолқалап алады. Сөйтіп «Қара қайыс Сұлтан», «Өліп-тірілген Сұлтан», «Жаман Сұлтан» дегеннің үстіне енді «Қарындасын құсқа айырбастаған Сұлтан» деген тағы бір атты жапсырып қайтады.

Ал «Сауал» әңгімесінде Сұлтан жүгері суарып жүрген ұшақтың ұшқышынан сұранып, ұшаққа отырғанмен, оған мінгенмен көтеріле бергенде бақырып, рульге жармасым деп ұшақты аударып жаздайды. Сосын ауыл қарияларының «Асықпа. Құс салу – өнер. Сырына қанығып ал» дегеніне қарамастан, қасына бір топ баланы ерітіп, құдалары әкеліп берген Сарбалақты түлкіге саламын деп, онысы тышқанға түсіп, тағы күлкі болады.

«Қарабай» әңгімесінің басында жоғары оқу орнының профессоры Ардабай Жакеновтің «Қарабай» деп аталып кеткені, жиырма жылдан бері сол лақап атты арқалап келе жатқаны айтылады. Мұның себебін өзі де білмейді. «Профессор Жакенов кей-кейде күйініп ойлайтын: Осы мені жұрт неге Қарабай дейді? Сараң болсам екен-ау, арам болсам екен-ау. Надан болсам екен-ау, ең болмаса түр-түсімде, тұлға бітімімде Қарабайға ұқсастық болса екен-ау. Үш қайнаса сорпамыз қосылмайтын алшақ жандар емеспіз бе?» [2,110]. Осы арада мұның сөзін автордың өзі де қостап, тек «Оның өсіп келе жатқан қызының аты Баян еді» дегенді қосады. Шығарманың соңында оқырман оның Қарабай атануының сырына қаныққандай болады.

Диссертациялық кеңесте өзіне ұнамаған талантты жігіттің жұмысын құлатқаннан кейін, өзінің сүйікті шәкірті Әділғазыны өзіне жақын тартып, іштей бір жоспар құрады. Демалыс күні қызы мен оның жігіті Айболды және Әділғазыны ертіп тауға демалуға барады. Жақсы демалыс үстінде өзінің ойластырған сценарийі бойынша Құттыбай деген орманшы өтірік арақ ішкен боп су ішіп, мылтық кезеніп Баянға «арағыңды іш» деп айғайлайды. Оған араша түспек болған Айболға мылтық кезенгенде, ол бақырып қашып, құлап түседі де, Құттыбайдың аяғын құшып жансауға сұрайды. Осы кезде алпамсадай Әділғазы Баянның алдына кесе-көлдеген тұра қалып, «Атсаң, мені ат!» деп айғайлайды. Оңтайлы сәтті пайдаланып, Құттыбайдың қолындағы мылтығын жұлып алады. Құттыбай күліп: «Ой, зэрелеріңді алдым-ау! Қатырдым-ау өздеріңді! Бұдан артық спектакль көріп пе едіңдер?» – деген сөзіне де ешкім күлмейді, демалыстың шырқы бұзылады. Үйге қайтарда Баян папасының қасына отырады. Сөйтіп Айболдан бойын аулақ салғаны белгілі болады. Жәкенов болса, өзіне риза: «Операцияның бірінші кезеңі бітті. Ойдағыдай бітті. Енді екінші кезеңі бар. Оған асықпау керек?», – деп іштей күліп қояды. Міне, осындай бір күндік оқиға үстінде Жәкеновтің бойындағы тоғышарлықтың көрінісін оқырманның алдына жайып салады автор.

Жазушы шығармашылығы туралы әдеби сында жеткілікті айтылып, суреткерлік шеберлігі жоғары бағаланып келеді. Сондай еңбектердің қатарында профессор А.Мұсаевтің «Поэтика казахской сатиры», «Жанды жүйе», «Тарази тағылымы» монографияларын, «А.Сейдімбековтің «Арманның ақ желкені», Б.Мұқайдың «Жұлдыз-тағдыр», Г.Пралиеваның «Ә.Тарази романдарындағы көркемдік әлем», М.Исакованың «Аким Тарази – бунтарь своей эпохи», В.Бадиковтың «Писатель – оппонент любой власти» мақалаларын айтуға болады.

«Өмірден көріп түйгенді өнер туындысына айналдыру оңай шаруа емес, ол үшін үлкен шеберлікті талап етеді. Ә.Таразидің суреткерлік политрасында жазушының шығармалары әдеби көркем дүние емес, өмір құбылыстарының ретті-ретсіз көріністеріндей әсер беретіні рас. Автор өмір ағысын қақпалап-қайырмайды, ол барша болмысымен көз алдында өтіп жатады. Шығарма оқылып біткеннен кейін көңілге түйгендерің, танып білгендерің сананда жаңғырып, эмоциялық әсері мол, логикасы мықты, айтары айқын көркем шығарма ретінде жүрекке жылы қабылданады», – деп жазады жазушы шығармашылығы туралы ғалым А.Мусаев [3,9].

Шынында да, Ә.Тарази әңгімелерінен байқағанымыздай, жазушы өмірден көрген-түйгендерін көркемдік тұрғыдан бейнелеуге шебер. Ол өмірді жалаң көшіріп қоймайды, идеялық бағдарына сай түрлі поэтикалық құралдардың көмегімен шынайы тұрмыс-тіршіліктің жаңғыруындай құлпыртып, оқырманына түрлі кейіпкерлердің болмысын таныта біледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұқай Б. Ертегідей ертеңім. – Алматы: Ана тілі. – 2003.
2. Тарази Ә. Көкжиек. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: Жалын. – 1980.
3. Мусаев А. Тарази тағылымы. – Ақтөбе. – 2007.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДА ТУҒАН ЖЕР ТАҚЫРЫБЫНЫҢ ЖЫРЛАНУЫ

Гүлхат А., студент

Ғылыми жетекші: Қамарова Н.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Туған жер тақырыбы – әдебиет үшін өшпейтін тақырып. Кез келген ақын немесе жазушы туған жер, туған ел тақырыбын жазбаса, бір дүниесі кем сияқты болар еді. Бұл мақалада қазақтың белгілі ақындары З.Шүкіров, Ф.Оңғарсынова, Е.Раушановтардың өз

өлеңдерінде туған жер тақырыбын жырлау ерекшеліктері туралы айтылады. Аталған ақындардың туған ел, жер, дала тақырыбындағы өлеңдері мысалға алына отырып, қазақ поэзиясындағы ел, жер тақырыбының жырлануы зерделенеді.

Түйінді сөздер: Қазақ поэзиясы, З.Шүкіров, Ф.Оңғарсынова, Е.Раушанов, туған жер тақырыбы.

Қазақ үшін жердің төресі – туған жер концепті кіші отан, өмірге келген туған шаңырақ мәнімен қатар үлкен отан – ел мәнінде қолданылғанына мақал-мәтелдер дәлел. Мысалы, Туған жерге туың тік, туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас. Туған жердің ауасы да шипа. Басқа жердің отынан туған жердің түтіні артық. Туған жер – тұғырың, туған ел – қыдырың. Қазақ поэзиясының ежелгі замандардан қазіргі дәуіріміздегі ұласу жолындағы байырғы, негізгі арнасы – лирикалық өлеңдер. Әлем әдебиеттері дамуының классикалық деңгейлерге көтерілген кезеңдерінде байырғы антикалық жанрларды жаңаша түрлендіре дамыта жырлау өрістей келе, мазмұны мен пішіні жаңғырған жаңа үлгілерінің қолданысты байқалатыны – табиғи ерекшелік. Сақ, ғұн, түркі өркениеті дәуірлерінде негізгі қаланған қазақ поэзиясының кейіннен араб, парсы, үнді, сонымен бірге еуропалық (грек, ағылшын, неміс, француз, орыс, т.б.) классикалық әдеби үрдістері ықпалымен жанр поэтикасын байыта, дамыта түскені мәлім Зейнолла Шүкіров шығармашылығы өрістеген ХХ ғасырдың 50–70-жылдарындағы қазақ лирикасының жанрлар жүйесінде классикалық үлгілер сонеттің, романстың, элегияның, рубаның, жаңғыра қолданылып жырлануы жоғарыда аталған ақындар шығармашылығында байқалды. Ал, академик Қажым Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы», академик З. Қабдоловтың «Сөз өнері: Әдебиет теориясының негіздері» кітаптарында айтылған шығыстық және батыстық лириканың байырғы классикалық атаулары да, кейінгі аталымдары (көңіл-күй, саяси, азаматтық, махаббат, табиғат лирикасы) да ХХ ғ. 50–70-жылдар ақындарының поэзиясында көрініс тапты. Ал, Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышындағы» лириканың мағыналық түрлері (сап толғау, марқайыс толғау, намыс толғау, намыстаныс толғау, сұқтаныс толғау, ойламалдау, сөгіс толғау, күліс толғау) де ақындар поэзиясындағы ұлттық көркемдік ойлау дүниетанымымен сәйкес жырлануымен ерекшеленді. Бұл арада біз ақын Зейнолла Шүкіров поэзиясындағы қазақтың классикалық ақын-жыраулары, шығыстық және батыстық поэзиясы үлгілерінің аралас қолданылған күрделі сипатын назарға аламыз. Зейнолла Шүкіров поэзиясындағы азаматтық-отаншылдық, саяси-әлеуметтік сарындар ХХ ғасырдағы қазақ классикалық поэзиясы алыптар ықпалымен қалыптаса келе әлем әдебиеттері мұраларымен танысу барысында жаңашыл ізденістерімен көркемдігін жетілдіре берді. ХХ ғасырдың 50–70-жылдарындағы қазақ поэзиясында ұлттық поэзиясының тарихындағы азаматтық-отаншылдық сарынды жырларды жалғастыра жырлау жаңаша серпінмен дамыды. Қазақ даласының ата-бабалар сақтаған, қорғап кейінгі ұрпаққа қалдырған байырғы түркілік-қазақтың қоныстар, таулар мен өзендер, ормандар мен көлдер, халықтың туған атамекендерді ардақтаған, еңбек еткен, ұрпақ өсірген тыныс-тіршілігі жер арқауында тұрақты жырланды. Сөз басында айтылған талантты ақындар шоғырындағы Зейнолла Шүкіров шығармашылығындағы азаматтық сарынды лирикалық өлеңдердің поэтикалық-эстетикалық сипатынан ұлттық поэзиядағы көркемдік-эстетикалық дүниетаным кеңістігінің тағылымы танылды. Ақынның «Отаным менің», «Алатаудан аттанғанда», «Аягөз тоғайы», «Арал», «Өлкем менің», «Көкше», «Жұмбақтас», «Ару көл», «Айнакөл», «Далам-ай...», т.б. лирикалық өлеңдері осындай дәстүрлі сарындар сабақтастығымен жырланды. Ақын – дала перзенті. Қазақ даласының тауларын да, көлдерін де, теңіздерін де перзенттік махаббатымен сүюші. Зейнолла ақынның өлеңдеріндегі лирикалық қаһарманның романтикалық ойлау өлшемі – кең даладағы гүлдерді де, көлдерді де тауларын да – бәрін де тұтастай, егіздей өріп, өрнектеп жырлау. «Өлкем менің» өлеңіндегі лирикалық қаһарманның елжіреген көңілінен төгілген жыр тармақтары байтақ Отанының барлық болмысын жанарына, жүрегіне сыйғыза жырлаған ақын дүниетанымын аңғартады:

Аяулым, анам менің – өлкем менің,
Құндақтап қызғалдаққа «еркем» дедің.
Менің де өзіңе ұқсап жаным жайлау,
Өзіңдей мен де жомарт, өр кеудемін.

Қандырған сусынымды егіз көлдің,
Жүрсем де қай қияда соны, іздедім.
Аңсадым бір қарауға Алатауға,
Құмарттым бір жұтуға теңіз демін.

Бұлт шалмай қарт Алатау аппақ басын,
Алдымда мейлі солай асқақтасын!
Кең өлкем, мен де сонда бақыттымын,
Бір түйір баурайыңда шаппақ тасың!.. [1, 158].

Қазақ поэзиясындағы атамекендерді, туған өлкенің ғажайып сырлы күндері мен түндері, адамға да төрт түлікке де, аңдарға да, құстарға да, жәндіктерге де – бәріне жайлы көркем сипатының жырлануы ежелгі замандардан бері фольклор мен әдебиет мұраларынан тұрақты орын алумен келеді. Қазақ – кең даланың ауасымен тыныстаған, үнемі кеңістікті ғана мекендеуді мұрат тұтқан халық. Даланың өсімдіктері де, түні де, алаулаған күні де, көшпелілердің мәңгілік рахатты тұрағы ауылы да – бәрі де ақындар жырларының арқауы. Зейнолла ақын да даланың ғажайып сырлы романтикалық бояулы келбетін, жаңға жайлы әсерін тебіреністі жолдармен бейнелей жырлайды:

Дала!
Дала, аңсап сені ақ қанатты ұшты арман,
Шалғыныңа бауырын төсеп бір аунауға құштар жан.
Айхай, шіркін!
Демалсыншы кеуде бір,
Қысы-жазы қалада алыс шаң, түтінге ысталған.
Не жетсін-ай, кең далада айсыз түні жүргенге,
Тән әлдиі маужыратып қисаясың бір жерге.
Қатып ұйықтап бір-ақ ашсаң көзіңді,
Көк жиекте қызыл шырай күн шапағы күлгенде.
Айнала аңқып жусан иісі жарып кетер мұрныңды,
Ауа таза, жұтып тоймай ашқызады ындынды.
Асығасың алыстағы ауылға,
Асып түсіп
Асып түсіп бір қырдан соң бір қырды [1, 159].

Зейнолла Шүкіров – қазақ поэзиясындағы теңіз сырларын романтикалық жырлармен өрнектеген ақын. Арал теңізінің шалқып жатқан кезеңінде өршіл ойлы жан әлеміне толқындардың қозғалысын, теңіздің шалқар кеңістігін, дауылды сәтіндегі аласұрған, тымық күндегі момақан қалпын, т.б. – өмір құбылыстарымен баламалы суреттерін өз жырларымен сабақтастырды. Ақынның теңіз келбетін жыр арқауына алған өлеңдері «Қайрат-кеме», «Теңізге», «Теңіз жыры», «Арал», «Теңізді тентек жел тербеп», «Шулайды теңіз», «Теңізбен кездесу», «Теңіздің жағасында», т.б. – бәрі де ақынның өмір ағынында адамдардың жан әлемі мен теңіз құбылыстарының тоғыса тұтасқан болмысын танытады. Қазақ поэзиясына сыршыл лирикалық өлеңдерімен өзіндік үлес қосқан ақын Зейнолла Шүкіровтің табиғат лирикасына жататын өлеңдері де классикалық көркемдік үрдістер аясындағы шығармашылық сипатымен ерекшеленеді. «Таң алдында», «Аңсарым алыс жұлдызда», «Теңіз жыры», «Күн батарда», «Тербейді таң самалы, май самалы», «Алматым», «Айнакөл», «Теңіз», «Таң алдында» («Тыныпты тентек жел ескен»), «Дауыл», «Ай», «Қала берсін мүлгіп құрақ», «Ақша қар», «Көктем», «Қыс», «Аякөз тоғайы», «Ерке гүл, сарғайма ерте күзің соқпай», «Сыпырды қыс ақ көрпесін», «Жайылып жаңбырдан соң

алақаны», «Ақша қар», «Күз әпке», «Табиғат қалады-ау бір жырғап таңда», «Теңізбен кездесу», «Ей, таулар, бұлт айналған төбесінен», «Қансонар», «Қарағай», «Ару көл», «Бұлттар, бұлттар», «Көл жағада», «Айнакөл», «Күншуақ», «Көктем күліп кіреді талай баққа», «Бақша», «Балқұрақ», «Нөсер күні», «Тау гүлі», «Қоңыр күз», «Дауыл», «Бұлт», «Қыз бен аяз», «Жауғытұрым», т.б.

Поэзия падишасы атанған Фариза Оңғарсынованың беріліп, шабыттанып, аса құмарта, кең көсіліп жырлаған табысты тақырыбы – махаббат, сүйіспеншілік тақырыбынан басқа да саяси-әлеуметтік тақырыптарды әуелде публицистикалық толғау үлгісі арқылы игерген ақын бірте-бірте философиялық, психологиялық монолог формаларға ауысып суреттегенін көреміз. Туған жер, Отан-Ананы нақты сурет, бейнелі тіл, көркем тәсілмен өрнектейді. «О, туған жер...» өлеңінде былайша айшықталады:

О, туған жер, кеңпейіл, құшағың кең, саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен.
Сағынышымды қанат қып саған қарайбалапандай талпынып ұшамын мен [2, 150].

Немесе: Сені қалай сүюдің керектігін мен ешқандай кітаптан оқымадым [2, 150], - деп, туған жерге деген өзінің сағынышын, ерекше сезімін жырғып шынайы суреттейді. Ал: Дала - менің қазынам, жыр сандығым, жыр нәрімен жер балқып, бусанды құм. Сортаң жердің тұзы бар тамырында, ашқылтымдау сондықтан жусан-жырым [2, 150]. Туған дала! Туған ел! Бұл ұғымдар - ақын жырындағы ең қасиетті, ең қастерлі ерекше жалынды леппен жырланатын, асқақ шабыттарға толы сезімдердің тақырыбы. Оның өлеңдерінің барлығы дерлік туған далаға деген перзенттік махаббаты басқа тақырыптағы өлеңдерінің арасынан да ерекшеленіп, өзге өлеңдерді өзіне көгендеп жатады. «Жүрек сенсің, Отаным, қоғамым да» өлеңінде: Жүрек, сенсің Отаным, қоғамым да, мейлің күлдір, күрсіндір, ора мұңға - мен бәрібір өзіңнен бөлінбеймін, сенсіз менің әнім жоқ, жоқ арым да [2, 143]. Туған жерін сүйген, оған барлық жылы жүрегімен берілген ақын сол жердің тыныштығын, бейбіт өмірін ойдан шығара ала ма? Фариза өлеңдерінде де бұл леп ерекше. «Туған жер, туған ауыл қымбат маған...» өлеңінде: Туған жер, туған ауыл қымбат маған, ешкімге бұл сезімді былғатпағам. Мен оның өзім ғана сезінетін қастерлі қасиетін жырлап бағам [2, 143].

«Менің атамекенім – менің жаным» деп жырлайтын Есенғали Раушанов поэзиясында туған жер тақырыбы табиғатпен үндесіп жатыр. Ақынның атамекені – Маңғыстауға арналған өлеңдері елге, жерге сағынышын, ата қоныстан амалсыз ажыраған әулеттің мұң-наласын, сол арқылы күллі қазақ халқы басынан кешкен алмағайып кезенді лирикалық сөзбен өрнектеген туындылар.

«Бейнеудегі көргендегі ой» атты экспромт-өлеңі – ақынның суреткерлігінің бірегей мысалдарының бірі болса, экспромт – латыншадан аударғанда «дайын» деген ұғымды береді, суырыпсалмалықтың (импровизация) әр түрлі қалыпта көрінуі, шұғыл түрде, ойланбастан ауызша шығарылған немесе жазылған шағын өлең. Мазмұны бойынша көбінесе мадригал, эпиграммаларды жатқызуға болады. Сондай-ақ ойлы лирика үлгілерінде де кездеседі. Ақынның экспромт-өлеңі жеті шумақтан тұратынын айта кетейік. Өлең таза көркем суретті көз алдына әкеледі. Көсігі – жүгерінің собығындай, Адыраспаны қоянның тобығындай. // Қошақанына қарасаң, Қошқар шығар тұқымның болымындай [3, 48]. Күрделі теңеулер тіркесінен тізбектелген жолдарда туған жерге деген ерекше ықылас пен сүйіспеншілік тұрғаны мәлім. Қына езіп, қызыл түске бояғандай, Қыры анау манаурайды ояна алмай. // Жалғыз түп сексеуілі қанат жайса, Астына ақтылы қой саялардай [3, 48]. Табиғатқа құрметпен қарап, кие тұтқан бабалар сенімі ондағы әрбір нысанды тірі рух түрінде бағаласа, Есенғали осы бастауға назар аудара отырып, қызыл түске қына езіп бояғандай қырды манаурап ояна алмай жатқан қалыпта бейнелейді. Сондай-ақ ұлғайта суреттеу үлгісін еске түсіретін жалғыз түп сексеуілдің ақтылы қойға сая болардай қалпы да – тың сурет. Ақын қабылдап, бейнелеген сурет Бейнеу даласының ғана емес, жалпы қазақ сахарасының қалпы. Бұл өлең – туған жер тақырыбын терең жырлаған жыр үлгісі.

Туған жерді жырлаған тағы бір өлең лирикалық монолог түрінде:

Сезімге от, дәтке қуат сенен алам,
Өзім деп, өзегім деп келем әмән.

Омпы тұрған сақадай оқшау төбе,
Оқшырайып қарадың неге маған? [3, 49].

Алдыңғы өлеңмен тақырып, мазмұны өзектес болғанымен, көркемдік тұрғыда мүлде басқа сипаттағы бұл өлеңде лирикалық қаһарманың ішкі әлемі, табиғатпен қарым-қатынасы тереңірек танылады. Астарлы мәтінде туған даласына алыстан оралған перзенттің (дәлірек айтқанда, екінші ұрпақтың) тағдыр-талайы бар. Ата ананың айтуымен санасынан орын тепкен туған жерге деген сағыныш және оны жатырқау сезімі өлең жолдарында қатарынан алынып, шендестіріле жырланған. Тағдыр жазуымен басқа мекенде дүние есігін ашып, ержеткен шағында арман болған ата қонысты көру әрі өкініш, әрі қуаныш. Осы екі сезім ішкі әлемнің екіге жарылуына әкеледі. «Омпы тұрған сақадай оқшау төбенің оқшырайып қарауы» – лирикалық қаһарман түйсігі қабылдаған сурет. Өзегіне балап келген туған даласының бұл қалпы – субъективті таным нәтижесіндегі бейнелеу. Өкпе мен нала, қаншама жыл шет жүріп, суықбауыр тарту сезімі бір сәтке болса да ішкі дүниені шарпып өткен.

Маңғыстау даласының тарихы мен рухани қалпы да бірнеше өлеңге желі болған. Бейнеуді көргеннен бастау алған сезім тереңдей келе осы маң далада салтанат құрған рухани игіліктерге қарай бет бұрады. Маңғыстау даласындағы күйшілік, жыршылық дәстүр, тарихи тұлғаларға, өнер адамдарына деген халық құрметі мен ықыласы, рухани мұраның мәңгілік қазынаға айналары «Сүгірдің жыр-күйі», «Әждүрлі қария мен Өтежан бала», «Абылғазы мен Ақтеңге», «Маңғыстау ескерткіштері», «Біздің шалдардың өлеңі», «Әкемнің өлеңі» сияқты өлең-балладаларға негіз болған.

Әдебиет сыншысы, ғалым Тұрсынжан Шапай «Қазақ поэзиясындағы лирикалық тұлға проблемасы» еңбегінде Е. Раушанов шығармашылығы туралы: «Есенғалидың тілінде құмды өлкенің, жусанды қырдың, көкорай шалғынды даланың – қазақ ұлының жанына жақын аяулы көріністердің суреті, бояу ажары, аңқыған саумал жұпары бар. Өлең өрімімен фольклорлық, арғы-бергідегі ақын жыраулар поэзиясының, Ілиястың ала-бөтен жыр, поэмаларының әсері айқын танылады», - [4, 43] деген болатын. Есенғалидың өлеңдерінен аңқыған «жусанды қырдың самал жұпары» оқырман жүрегін желпіп өтіп, өзінің қазақылығымен, ұлттық болмыс-бітімімен поэзияның тереңіне сүңгітетіні сөзсіз. Есенғали жырлары жөнінде ой толғай отырып, оның өзіне тән дара болмысына, көркемдік әдісіне тоқталғымыз келеді. Ақын өлеңдерінде туған жермен, кең жазира даламен біте қайнасып кеткендей әсер қалдырады. Оның себебі не туралы, кім туралы жазса да ақын сол өзі өскен даланы, саумал самалды, түнгі аспанды шалқалай жүзген айды, ақ нұрымен дүниені аймалаған күнді, сүйінші сұрап алға жүгірген өзенді, бір сөзбен айтқанда, табиғат-ананы лирикалық кейіпкердің іс-әрекетіне, көңіл-күй әуеніне қанаттастыра өреді. Адам қаншама ұлы болғанымен өзі өмір сүрген заманға, уақытқа тәуелді екенін жүректі шымырлата, жанды тебірендіре отырып, нәзік жетізеді. Табиғат – ананың төсін еміп өскен арда перзенті екенін қапысыз танытады. Ақын мынау дүрбелеңге толы қатал да қатыгез жалғанның заңдылықтарынан, қайшылықтарынан қажыған сәтте жүрек сырын табиғатпен бөліседі, Табиғат-ананың ақ дидарын көңіліне медеу, жанына серік етеді, дархан табиғаттың кең құшағында бас сауғалайды, паналайды. Ақын өлеңдеріндегі өмірге құштарлық, жақсылыққа іңкәрлік, мөлдірлікке бас ию сезімі де табиғат құбылыстарымен, табиғат-ананың келбетімен бірге өріледі. Көңіл-күйдің алуан түрлі перделерін табиғат көркімен үндестіре суреттейтін әдебиеттегі көркемдік әдіс-психологиялық егіздеу. Психологиялық егіздеу өз тамырын мифологизмнен, халықтық шамалаудың дінге сенген бағзы, сәби санасынан алады. Психологиялық егіздеу әдісінің Есенғали өлеңдерінде сан түрлі қыры бар. Ең алдымен, ақын өлеңдеріндегі ұлттық мінез жарқ етіп көрінеді. Қазақтың жазира даласында кеңдік, шыңдары бұлтты сүйген тауларындай асқақтық, шалқар дариядай тереңдік жанды баурап алады. Ақын өлеңдерінде алғы күннен үміт күту, әппақ арманға қол созу танылады. Осы сезімнің бәрін нәзік ишарамен, сырлы астармен жеткізеді. Символмен сабақтастырып психологиялық егіздеу әдісін Есенғали өлеңдерінен көп кездестіреміз. Кейіптеу, символ арқылы психологиялық егіздеуге қол созу – шеберлік. Халықтың көне

мифологиялық танымын, табиғат құбылысын жандандыру, кейіптендіру көп орын алды. Кейін халық санасы дами келе бұрынғы мифологиялық таным халық өлеңдерінен көрініс берген. Табиғат дидарына адамның мінез-құлқын, қуаныш-мұңын тану арқылы кейіптеу арқылы психологиялық егіздеуге қол созуды ақынның «Элегия емес», «Әзер дегенде», «Аулымның қонған жері», Ерте кетіп барасың, сары күз», «Жаз не деп еді» т.б. өлеңдерінен кездестіреміз. Бұл өлеңде ақын қайталанбас ғажап суреттермен «Күз» бейнесін жасайды. Күзбен адамша сөйлесіп, сырласады, жанын алдына жаяды:

Келіп тұрмын өзім өскен шағылға,
Қоңыр күз бар жанымда,
Бұл жалғанда мені ұғатын Күз ғана
Анам бар-тын, жатыр әні ол қабырда [5, 96].

Өз жанының күйінішін, өзек жарды өксігін, сап-сары сағынышын күзбен егіздеп, күзге телиді. Күзді өзінің жанын ұғатын жалғандағы жалғыз сырласы етіп, кейіптендіреді. Өлеңде күз кәдімгі жанды, өз мінез-құлқы бар адам кейіпінде көрінеді. Ақынның мұңды көңіл-күйі күзбен ғана үйлесім табады.

Әдебиет бар жерде туған жер тақырыбы жырлана бермек. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз мақаласында ұсынған «Туған жер» жобасы саналы ұрпақты тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады. Бұл жобаның негізгі мақсаты – қазақстандықтардың бойында патриоттық сезімді ояту. «Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады» [6],- дейді өз мақаласында Елбасымыз. Туған жерге деген сүйіспеншілік – «кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі» [6]. Қазақ ақын-жазушыларының туған жер тақырыбындағы туындыларының жастарды өз елін, жерін сүйуге үндейтін тәрбие-тәлімі мол.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шүкіров З. Адам – Жер – Ана. Өлеңдер. Алматы: Жазушы, 1974. – 242 б.
2. Оңғарсынова Ф. Он томдық таңдамалы шығармалар жинағы. Т1. Өлеңдер, дастандар. – Астана, 2004. – 324 б.
3. Раушанов Е. Қара бауыр қасқалдақ. Алматы: Жалын, 1995. – 386 б.
4. Шапай Т. Ой түбінде жатқан сөз. Әдеби сын мақалалар. Алматы: Жазушы, 1989. - 192 б.
5. Раушанов Е. Періштелер мен құстар. Алматы: Көркем, 2005. - 264 б.
6. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: ұлттық жаңғыру». // Егемен Қазақстан. 26 сәуір, 2017 жыл.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ АРМАН-ТІЛЕГІН ЖҰПТАҒАН ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

Конусова А., студент

Ғылыми жетекші: Жеткізгенова Ә.Т.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсысы да ел руханиятының назардан тыс қалмауы жолында қазақ халқының мәдени, әдеби бай мұраларын жете зерделей отырып, насихаттау, таныстыру жұмыстарын жандандыра жүргізгендігі, туған елінің, сол елді атамекен еткен қазақ халқының рухани кеңістігінің тар шеңберде қалып қоймай, дамып, жетіліп, өзге жұрттың да жетістігі бар жетелі дүниелерінен таныстығы болғанын қалап, озық еңбектерін қазақ тіліне тіліне аударып, халқына пайдасы тиер тұстарын қармап, шығармашылық табысы мол жұмыстар атқарғандығы ашып айтылады.

Осы орайда алаш руханияты көсемдерінің қазақ жерінде ұлттық идеяны ұстану жолынан айнамай, ақ жол, адал қадаммен алда жүруі жөнінде Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында баяндалғаны зерделенеді.

Түйінді сөздер: Рухани жаңғыру, Алаш идеясы, тәуелсіздік, ұлттық код, Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру

Рухани жаңғыру идеясы – Алаш көшбасшыларының әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық, ұлттық-мәдени салаларға қатысты көзқарастарын заманымыздың жаңа талаптары мен сұранысына сай жаңғырта қолдану, олардың мемлекет тәуелсіздігі салтанатын құру үшін атқарған маңызды қызметтері жетістіктерін жүйелеп, кеңестерін жүзеге асыру. Алаш зиялыларының білікті маман ретінде әлемдік озық деңгейлердегі тәжірибелерден үлгі ала отырып, оны өз кезеңдеріндегі жағдайға сай бейімдей жүзеге асырудағы талаптарын ұстана отырып, озық жетістікті нәтижелерге ұмтылыс та қазіргі таңда рухани жаңғыру идеясының өміршеңдігін айқындай түспек.

Алаш азаматтарының арман-тілегін жұптаған ұлттық идея XX ғасырдың алғашқы ширегінде ұлт болашағының көлеңкелі тұстарын көріп саяси тұрғыдан ширыға, шындала түсіп, жарыққа шыққан болатын. Осы идеяның жетіліп, тәуелсіз мемлекет болып қалыптасу үшін аса қажеттілігін бүкіл жан-дүниесімен, сана-сезімімен сауатты ұғына алған Алаш қайраткерлері бар мүмкіндігін жұмсап, айрықша еңбек етті.

Еліміздің осы бір алмағайып тұсының айтулы кезеңіндегі Алаш арыстарының жан аямай еткен елеулі еңбектерінің маңызы жөнінде елбасымыз Н.Назарбаев: «Олар өз қызметінің басты мұраты қазақ халқының ұлттық төлтумалылығын сақтау, сонымен бірге оның тарихи өткенін қалпына келтіріп, ұлттық санасын шыңдау деп санаған» [1, 157], – деп көрсеткен болатын.

Н.Назарбаев өзінің саяси-тарихи еңбектерінде еліміздің қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі екендігін, өз кезеңінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған қағидалары күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отырғандықтан, күн тәртібінен түспейтін ең өзекті мәселе ретінде басты орында болатындығын үнемі ескертіп келеді.

Елбасы өзінің «Еуразияның кіндігіндегі ең соңғы көшпелілер құрлығының тағдыры, ұлттық сана мен байырғы қорғандар құпиясы, тоталитаризм мен ұлы әмірші Бейбарыс, қазіргі Қазақстанның диаспоралары мен орта ғасырдағы Үндістан, ұлттық тұтастану мен «Алаш» – міне, осылардың бәрі де басымыздан өтіп жатқан бүгінгі күрделі өмірімізге күш дарытумен бірге ұлы халқымыздың тарихымен де тамырласып кеткен» [1, 6], – деген пікірі арқылы еліміз тарихының тұтас бір сатысын қалап, кезеңін құрайтын мазмұны бар Алаш қайраткерлерінің жанкешті еңбегінің келер ұрпағымызға жалғасар асыл тінін ардақтау, аялау міндетін қойып отыр. Тұтас сөйлем ішінде «Алаш» сөзін ерекшелеп алуының өзі оның ұлт тарихындағы айрықша маңызын айқындайды. Алаш зиялылары азаттық идеяларымен толыққанды дәрежеде ұлт мүддесіне қызмет ету мақсатында алмағайып уақытқа қарамастан, сол кезеңдік руханият мәселелерін күн тәртібінен түсірмей, көпшілікті ақпараттандыру мәселесін мерзімдік баспасөздер арқылы жүзеге асырып, рухани құндылықтарын сақтап қалуға, дәстүрлі желі сабақтастығын үзбеуге үздіксіз қызмет еткені белгілі.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен

Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады.

Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу.

Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-

рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» [2], –деп рухани жаңғыру қағидаттарын генетикалық негізімізді сақтай отырып, ұлттық санамыздың аясында саралау арқылы мемлекетіміздің іргесін бекітіп, рухын асқақтатындығын атап көрсеткен болатын.

Аталмыш мақаланың «Ұлттық бірегейлікті сақтау» атты үшінші бөлімінде «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді.ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» [2], – деген тұжырымы Алаш арыстары арман еткен ұлт тәуелсіздігін сақтау мен алдыңғы қатарлы ел сапына қосылу үлгілеріне қосқан мәдени, рухани құндылықтар туралы ойлы пікірлерімен астасып жатыр.

Екінші «Прагматизм» бөлімінде «Прагматизм – өзіңнің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердеңдікке жол бермеу деген сөз.

Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді» [2], – деген ойлардың мемлекет қайраткерлері арасындағы айрықша тұлға, Алаш зиялысы Әлихан Бөкейхановтың «Әрбір түйір тасы әр қазақтың өңіріне түйме болып қадалу керек» деген барлық игілік халыққа қызмет ету керектігін меңзейтін ұстанымымен рухани үндесе, жымдаса өріле үйлесім тапқан. Аталмыш жолдарда мүдделі мақсаты толықтай экономикалық тәуелсіздікке ұмтылысымен орайласатын тұшымды пікірлер мен тұжырымды ойлар көрінісі бар.

Қазақ халқының мемлекет мәртебесін алып, тәуелсіз түрде салтанатты көш түзеу бақытына ие болғандығы арқасында, халқымыздың ұлттық құндылықтарын шынайы тарихи танымда танып білу мүмкіндігі айқындалды. Алаштануға қатысты келелі ой түзіп, салиқалы пікір айтқызып, түйінді тұжырымдар жасататын мәселелер қозғалып, талқыға түсіп, өзектілігі айқындалып, ғылыми айналымға енгізілді. Алаштық идея, алаштық таным деген тіркестер ұлтын сүйген жанның көкейіне мықтап түйіліп, жүрек төріне тұрақты орнықты. «Алты алаштың баласымыз...» делінетін жолдар тек жаттанды, ұйқастық мағынамен емес, әрбір қазақтың санасында сайрап тұрған ұлттық ұғым болып қалыптасты. Елім, жерім, отаным деп ұлт болашағын байыпты бағамдап, ел келешегін бүтіндікпен, бейбітшілікпен ойлаған әрбір қазақ азаматының жүрегінің терең түкпірінен орын тепкен ойдың Алаш идеясы екендігіне толық мойын бұрдық. Қазақ идеологиясы үшін темірқазық болып келетін «Керегеміз – ағаш, ұранымыз –Алаш» деген ұранға лайық қасиет, киесі жоғары қастерлі сөздің бағасы артты, айрықша құрметпен аталды. Сондықтан ұлтымыздың тұтастығын сақтауға ұлттық сананың негізі болып тұрған Алаштық идея қазіргі таңда ел тарихына, ел ертеңіне, қазақ халқының рухани байлығының өшпей, өркендей түсуіне қызмет етуін тоқтатқан емес. Алаштанушы ғалым Д.Қамзабекұлы үлкен пафоспен «Алаш – өркениет бағытындағы Қазақ елінің, зиялыларының айнымас темірқазығы» [4, 41], – деп Алаш жолының адастырмас арнасына түсе білуді нұсқайды. Ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өміршендігін жоғалтпай, соқпақ жолдан сарабал ойларға негіз бола сара жолға түскен Алаш идеясының жарқын бір көрінісі елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында сабақтастық жалғай, тін таратқанын айтуға болады.

Алаш қайраткерлері туған халқының отаршылық езгіге қарсы тұра алатын қабілет-қарымын ашуда олардың саяси санасын, құқықтық сауатын ашпаса, өзге ел қатарынан қалып қоятындықтарын саналы түрде ұғына отырып, қазақ халқының ұлттық санасын оятуда, білімі мен білігін жетілдіріп, мәдениеті мен руханиятын дамыту қажеттігін өздері

тамаша түсіне алған және айналасындағыларға осы мәселені өзекті етіп түсіндіре алған зиялы қауым еді.

Олардың қай-қайсысы да ел руханиятының назардан тыс қалмауы жолында қазақ халқының мәдени, әдеби бай мұраларын жете зерделей отырып, насихаттау, таныстыру жұмыстарын жандандыра жүргізген еді. Туған елінің, сол елді атамекен еткен қазақ халқының рухани кеңістігінің тар шеңберде қалып қоймай, дамып, жетіліп, өзге жұрттың да жетістігі бар жетелі дүниелерінен таныстығы болғанын қалап, озық еңбектерін қазақ тіліне тіліне аударып, халқына пайдасы тиер тұстарын қармап, шығармашылық табысы мол жұмыстар атқарды.

Осы орайда алаш руханияты көсемдерінің қазақ жерінде ұлттық идеяны ұстану жолынан айнымай, ақ жол, адал қадаммен алда жүруі жөнінде Н.Ә. Назарбаев: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққан, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал», - деп атап көрсеткен болатын [1, 156].

Белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиев Алаш идеясының маңызын оның халықтығында, бай руханиятында екенін: «Алаш идеясы бұл белгілі бір топтың еркімен өмірге келген жасанды, сондықтан да өткінші құбылыс емес. Ол ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, ұлттың өмір сүру концепциясы. Алаш идеясын өмірден біржола ығыстыруға көп күш жұмсаған большевиктер құрған билік өмірден кете салысымен Алаш идеясының қайта жаңғыруы, қайта күш алуы оның өміршендік сипатын айғақтайды.

Алаш идеясының өзегі – ұлттық мемлекеттік. Құрметті Әлихан Бөкейханов айтқандай, мемлекеттігі жоқ халық – жетім халық. Кез-келген болашағынан үміті бар ұлт үшін мемлекеттік негізгі құндылық. Міне осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасы – Алаш идеясының өмірлік шындыққа айналуының көрінісі ретінде бағалануы әбден орынды. Ал оның ішкі әлеуметтік мазмұны, демократиялық принциптерге сүйенген қоғамды халықтың мәдени деңгейіне және саяси белсенділігіне тәуелді екендігін ұмытпағанымыз жөн» [4, 87], – деп салмақты ой тастады.

Парламент мәжілісінің депутаты А.Әбілдаев та Алаш идеясының XX ғасырдағы қазақтың азаматтық тарихында ең ұлы идея болғандығын, еліміздің тарихында Алаш арыстарының орны ерекше екендігін «Алаш идеясының өзектілігі және XXI ғасырдағы қазақ қоғамында жаңғыртылуы» атты мақаласында: «Қазақтың елдігі мен тұтастығын аңсаған Алаш қайраткерлерінің идеясы бүгінде іске асты. XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында тәуелсіз мемлекетіміздің іргетасы қаланды. Олардың еліміздің тәуелсіздігін ту етіп, XX ғасырда Қазақ елін өз алдына дербес те егемен мемлекет ретінде көргісі келген ізгі де жасампаз ниеттері тек XX ғасырдың соңында ғана жүзеге асты. Заманында бар қазақтың қамқорына, сүйенішіне айналған «Алаш» партиясының саяси тұжырымдамасына, алашордашылардың саяси өмір жолы мен қызметіне қарап отырып, сол дәуірдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелердің бүгінгі таңда да өзектілігін жоймағанын байқайсыз. Қазақ халқының азат ел ретіндегі тағдыры, тарихы, мемлекеттік дербестігі, жері мен шекарасы, тілі мен діні туралы мәселелер арада ғасырға жуық уақыт өтсе де, күн тәртібінен түскен жоқ» [5, 126], – деп ұлтжанды азаматтардың жүрегі мен санасында өмір сүрген асыл идеалдың өміршендігін атап көрсетті.

Қазіргі таңда қазақ зиялыларының ұстамдылығы мен парасаттылығы, ізденгіштігі мен зерттеу еңбектері нәтижесінде ұлттық бірлік нығая түсіп, рухани-зерделі ұрпақ жады эстафеталық жалғастық жолына түскендігін Д.Қамзабекұлы «Қазір Алаш тарихы кеудесінде – жаны, бойында қаны бар кез-келген отандасымызды ойландырады, толғандырады. Неге?

Біріншіден, олар бүгінгі болмысымызды, қасиет-қадірімізді сол кезбен салыстырады.

Екіншіден, сапалы жаңаруда ұлттың «алпыс екі тамырына» әсер беретін Алаш жолын қалайды. Біз әлеуметтанушы емеспіз, бірақ қарапайым байыпқа салсақ, байқайтынымыз: ұлт тарихын жақсы білетін 10 адамның 9-ы Алаш десе «ішкен асын жерге қояды». Бұған, әрине, қуанамыз. Үзілмеген үміт үшін, жалғасқан рухани-тағылымдық сабақтастық үшін» [3, 35], – деген пікірлерімен бекітеді.

Міне, ғалымдар нұсқаған өміршең идея тудырып, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығын саралаған, ұлттың өмір сүру концепциясын айқындаған Алаш арыстарының армандарын асқақтата жалғап, қазіргі таңдағы осы өзектілікті нақтырақ айқындауға жол ашып, бағыт-бағдар беріп отырған елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы ой өрімдерімен тығыз байланыса сабақтасатындығына қапысыз көз жеткізеді.

Жалпы, ұлтымыздың зиялы тұлғалары – Алаш арыстарының ел мүддесі үшін атқарған қызметтерін айқындап, олар туралы жазылған ғылыми-танымдық мақалаларды сараптаған Сәбит Байдалының «Қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеуді мақсат еткен «Алаштың» асыл мұраттары біздің еліміздің қазіргі жедел жаңғыру, модернизация бағытымызбен үндес келеді» [6, 5], деген пікірлері де ойымызды жинақтап, қорытындылауға негіз болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев. Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 1999.
2. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. – 2017. 12 сәуір.
3. Қамзабекұлы Д. «Алаш – Темірқазық». // «XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» ұлттық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Экономика, 2013. – 248 б.
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысының ұлт тағдырындағы орны жөнінде. // «Алаш қозғалысы идеясының Еуразия кеңістігіндегі ықпалы: тарих және қазіргі кезең» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Семей, 2008.
5. Әбілдаев А. Алаш идеясының өзектілігі және XXI ғасырдағы қазақ қоғамында жаңғыртылуы. // «XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» ұлттық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Экономика, 2013. – 248 б.
6. Сәбит Байдалы. Алғы сөз. // «XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» ұлттық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Экономика, 2013. – 248 б.

ҚАЗАҚ АҚЫНЫ АБАЙ МЕН ЛЕРМОНТОВ АРАСЫНДАҒЫ ҮНДЕСТІК

Измахан Т., магистрант

Ғылыми жетекші: Отарова А.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақтың бас ақыны Абайдың Лермонтов поэзиясына деген ықыласы, Лермонтовтың өлең жолдарын мүмкін болғанша өз қалпында өз сөзімен, мағына толқынымен толық жеткізіп аударуы қарастырылады. Лермонтов шығармашылығындағы басты сарын - бас бостандығы туралы сөз қозғалып, өлеңіне негізгі арқау болған сарын – жалғыздығын, өмірден күткен үміті ақталмағанын пайымдаймыз.

Түйінді сөздер: поэза, аударма, кейіпкер әлемі, ақын толғанысы

Орыс әдебиетінің қазақ әдебиеті тарихында алар орны ерекше. Өткен ғасырда, оқу-білімге ден қойып, көпті артынан ертпек болған, қазақ даласын оятуға бар күш – жігерін салған ақындардың бірі және бірегейі Абай Құнанбайұлы болды. Абайдың әрі өзі қадірлеп,

әрі жұртшылығына да нұсқаған құбылысы Европа мәдениеті – орыс халқының мәдениеті болды.

Әдебиет майданын алғанда, орыс халқының XIX ғасырдағы классик әдебиетінің мектебінен өткен, содан үлкен үлгі, ұстаздық көрген кісі. Ол көрген әдебиет мектебінің басы Крылов, Пушкин, Лермонтовтардан басталса, бергі жағы Белинский болып табылады.

Орыс әдебиетінің классигі М.Ю.Лермонтов мұрасының қазақ әдебиетінде алар орны ерекше. Абайдың Лермонтов поэзиясына деген ықыласы ерекше болды. Ол орыс ақынын айрықша жақын көрді, сырлас мұңдасын тапқандай болды. Орыс поэзиясына бейімдене ден қойған Абайдың ең көп үндестік тапқан ақыны, ең бір өзіне үндес сезінген адамы Лермонтов еді десек, артық бола қоймас. Абайдың өз айтуынша, Лермонтов – «ерекше ызаның ақыны», «махаббаты ашумен уланған» ақын. Ашуы қоғам құрылысына наразылықтан, қоғам дертіне күйінгендіктен туған. Ақын саналы адам, ойлы адам болуға баулиды. Осындаймен оқушыға ой түсіріп, толғантпақ болады. Бұл ақын – өткір сөздің адамы. Саналы ой, ызаланған сезіммен қоғам дерті үшін қатты күңіреніп, қатты түңілген ақын.

Міне, осындай күйді Абай өз ішінен, өз басынан да көп табады. «Жұрт» мінезі («жұрт» дегенде Абай, көбінесе атқамінер, партия басы топтарын еске алып сөйлейді), дос қылығы, ел уайымы, көңіл шері, бас мұңы, табиғат көркі сияқтының барлығы да Абайдан жаңағы Лермонтов сарынына ұқсаған жырлар туғызады.

Қазақ оқушысы Абай арқылы Лермонтовтың талай ірі, терең сырлы, көркем жырларымен танысты. Оның ішінде – «Қарасам қайғыртар жұрт», «Жалау», «Жартас», «Қанжар», «Теректің сыйы», «Босқа әуре боп», «Жолға шықтым» сияқты талай-талай терең сезім, үлкен көрік, ірі толғаудың жырлары бар [1].

Абайдың осы Лермонтовтан аударған өлеңдері қазақ әдебиетінде, әлі күнге ешбір аударушының жете алмаған биік тұрғысында тұр. Қазақтың әдебиет тілі пісіп толмаған кезінде майданға шығып, орыс әдебиетінің ең шебер нұсқасы Лермонтов жырын өз толғауындай етіп жеткізу Абайдың ерекше шеберлігі үшін үлкен дәлел. Мүмкін болғанша Лермонтовтың жолдарын өз қалпында өз сөзімен, мағына толқынымен толық жеткізуге тырысады.

Сондай тырысу мен шеберлік арқасында қазақ оқушысы Лермонтов жырларының құрыш күшін де, бусанған тынысын да, күй сазын да толық сезінеді.

Осы Лермонтовтан жасалған Абай аудармасы арқылы қазақ өлеңіне бір ерекше жаңа, ерекше құрыш күшті, терең сырлы үлкен ағым кеп араласқандай болады. Орыс әдебиетінің мәдениетті, үлкен сыйлы ірі классигі өзінің барлық үлгілі, өрнекті сипатымен қазақшаланады.

Лермонтов шығармашылығындағы басты сарынға келсек - бас бостандығы болса, Абай аудармаларында мұндай ереуілді әуендер кездеспейді. Тек, «Жартастан қыз құлапты терең суға» дегені болмаса. Абай заманында, тіпті қазақ қоғамында, әйел мәселесі болмаса, жеке бастың бостандығы айырықша орын аларлық күйде болған жоқ. Құлдық, крепостнойлық секілді сұмдықтарды Абай көрмесе керек. Сондықтан мұндай сарын Абайды тебіrentпесе керек. Абайға керегі, жүрегіне жақыны, жалғыздық, халық қамы:

Жарлы емеспін, зарлымын,
Оны да ойла толғанып,
Жұртым деуге арлымын
Өзге жұрттан ұялып... [2.75 б],

деп «Отанымды сүйемін мен өзгеше» немесе «Қош, Россия сорынан арылмаған» деген Лермонтов сарынымен сабақтас күңіренеді.

Мысалы, «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңіндегі Абай дәл бере білген тұстардан үзінді келтірсек:

Выхожу один я на дорогу:
Сквозь туман кремнистый путь блестит
Ночь тиха. Пустыня внемлет богу

И звезда со звездою говорит -
дегенді Абай былай аударған:
Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз,
Тасты жол жарқырайды бұға амалсыз
Елсіз жер тұрғандай боп хаққа мүлгіп,
Сөйлесіп, ымдасқандай көкте жұлдыз [3].

Абай аудармаларын негізінде екі түрлі деуге болады. Біріншісі - дәл аударма, екіншісі - ерікті аударма. Дәл аудармалары шумақ, бунақ, буын ұйқастарына қарай өзара және екіге бөлінеді. Кейбір өлеңдерді аударғанда Абай шумағын да, ұйқас түрлерін де берік сақтайды. Орыс өлеңдерінің ырғақ, буындары қазақ өлең буындарына дәл келе бермейді. Өйткені орыс өлеңі - тоникалық не силлабо-тоникалық өлең құрылысына жатады да, қазақтыкі - силлобикалық өлең құрылысына жатады.

Шығарма орыс ақынында да, қазақ ақынында да 20 жол. Өмірге ой көзімен қарай білудің, терең сезімталдық, сыршылдықтың үлгісі боларлықтай лирикалық туынды. Ақын жарық түнде жалғыз жолға шыққанын айта отырып, аспан мен жердің, жоғарыда жылт-жылт етіп көрінген жұлдыздардың ғажайып әдемілігін тамашалап, ғарыштық кеңістікті бар жанымен сезінгендей болады. Сондықтан оның өз көңіл-күйін қозғайтын әр сөзі ерекше салмақты, мәнді болып шыққан. Өлеңдегі мұнды сарын да, тыныштық, азаттық іздеу де адамды жадырататындай әсер береді. Осы өлеңнің идеялық өзегі, тірегі болған өмірге құштарлық:

"Көкірегімде өмірдің күші тұрып,
Іздеймін дем алысты үзбегенін..." - деген сөздерден әсіресе айқын танылады.

Абайдың өлеңі Лермонтов нұсқасына жолма-жол сәйкес келіп отырады, мағынасы жағынан әбден жақын және көркемдігі де өте жоғары Лермонтовта:

В небесах торжественно и чудно!
Спит земля в сиянье голубом...
Что же мне больно и так трудно?
Жду ль чего? Жалею ли о чем?
Уж не жду от жизни ничего я,
И не жаль прошлого не чуть;
Я ищу свободы и покоя!
Я б хотел забыться и заснуть", - [4, 56 б]
деп келсе, Абай бұл екі шумақты былай тәржімалаған:
"Мен көрдім көктің ғажап жасалғанын,
Жер ұйықтап, көкшіл шықпен бу алғанын.
Менің не мұнша қапа, қысылғаным?
Үміт пе, өкініш пе ойлағаным?
Дүниеден үмітім жоқ менің деймін,
Өмірге өткен титтей өкінбеймін.
Азаттық пен тыныштық көксегенім,
Ұйықтамақ пен ұмытпақ іздеймін..."
Тек соңғы шумақ қана еркін аударылған.
"Чтоб всю ночь, весь день мой слух лелея,
Про любовь мне сладкий голос пел.
Надо мной чтоб, вечно зеленея, [4, 57 б].

Темный дуб склонялся и шумел" - Лермонтов махаббат жыры мен ағаш сыбдырын аңсаса, Абай тамылжыған табиғаттың демімен, жылылықпен, достықпен өніп өскеннің мадақталуын армандайды:

"Су сылдырлап, жел гулеп, күн шуақтап,
Жылылық пен достықты тұрсын мақтап.
Өнген, өскен жақсы емен ағаш,
Теңселіп айтып тұрса ол шайқақтап..."

Туынды 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған. Алғашқы рет 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген "Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұғылының өлеңі" атты жинақта жарияланған. Өлең басылымдарында аздаған текстологиялық өзгерістер кездеседі. 1945 жылғы басылымда 1-ші шумақтың 2-ші жолы "Тасты жол жарқырайды буға амалсыз" делінсе, кейінгі басылымдарда 1909 жылғы жинақ бойынша бұл жол "Тастақ жол жарқырайды буға амалсыз" алынған. 1945, 1954 жылғы жинақтарда 2-ші шумақтың 3-4-ші жолдары "Менің де мұнша қапа, қысылғаным, Үміт пе, өкініш пе ойлағаным", 4-ші шумақтың 2-ші жолы "Ұйқы, тыныштық, ұмыту - бір дегенім" болса, кейінгі басылымдарда бұл жолдар 1909 жылғы жинақ негізінде "Менің не мұнша қапа қысылғаным", "Үміт пе, өкініш пе ойланғаным?" "Ұйқы, тыныштық, ұмыту - бер дегенім" болып қабылданған. Өлеңге композитор І. Жақанов ән шығарған.

Сондықтан Абай аударған өлеңдерінің буынын қазақша дәл беруге мүмкін болмаса да, саны жағынан соған жақын келетін өлеңмен аударарды. Кейде ұқсастарын, кейде тіпті образдарын да дәлме-дәл шығарады:

Қазақшасы:

"Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап,
Даланы жым-жырт дел-сал ғып,
Түн басады салбырап.
Шандай алмас жол-дағы,
Сыбдырламас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы...
Сабыр қылсаң азырақ..."

Орысшасы:

Горные вершины
Спят во тьме ночной,
Тихие долины
Полны свежей мглой.
Не пылит дорога,
Не дрожат листы;
Подожди немного -
Отдохнешь и ты [5].

Осы өлеңнің, әсіресе, соңғы төрт жолын алсақ, орысшасына дәлме-дәл. Әрине, алдыңғы жолдарын да дәл емес деуге болмайды. Лермонтов поэзиясының құдіретті күші де, өр мінезі, ызғарлы ызасы, от лепті күрсіну де аудармада дәл берілген [3].

Абай өзінің аудармасында ақынның ойын, жан-сезімінің сәулесін, құбылысын еркін түсініп жеткізіп бере алған. Абай Лермонтов өлеңін барлық жарастық сәнімен, бар ерекшелігімен қазақ тілінде қайтадан туғызады. Мысалға «Альбомға», «Жолға шықтым қараңғы түнде жалғыз» сияқты өлеңдерді атауға болады.

Лермонтовтың өлеңіне негізгі арқау болған сарын – жалғыздығын, өмірден күткен үміті ақталмағанын сезіну. Сонымен бірге өлеңнен талай алданса да, тағдырға бас имейтін, именбейтін, қайғы келсе, төзе білетін адамның бейнесін көреміз. Абай да өлеңдегі лирикалық қаһарманның осы қасиеттерін әсерлі, нанымды сипаттайды. Ол өмірдің соққан дауыл сияқты тез өтіп кететініне әбден көзі жетсе де, жақсылықтан да әлі мүлде күдерін үзбеген. Абай өлеңдегі лирикалық қаһарманның осы қасиеттерін нанымды, әсерлі сипаттайды. Осы айтылғанды:

Алладан бәрібір тосып тұрмын

Алғалы жақсылықты я өлгелі, - деген түйінді ойды білдіретін сөздерден-ақ аңғаруға болады. Қорыта айтқанда, Лермонтовтың асыл мұрасын терең таныған, ақындығына берік ден қойған, орыстың дана ақынын өзіне ұстаз тұтқан Абай аудармаларының тарихи-әлеуметтік мәні үлкен.

1953 жылы Лермонтов шығармаларының (өлеңдері) бір томы шықты. Оған көрнекті ақындарымыз Ғали Орманов, Қалижан Бекхожин, Қасым Аманжолов, Тайыр Жароковтармен бірге талантты жас ақындар С. Мәуленов, Ғ. Қайырбеков, І. Мәмбетов тағы басқалар белсене қатысты. Мұнымен қатар сол 1953 жылы «Біздің заманның геройы» қайта аударылып, жеке кітап болып басылды. Қазақ әдебиетінің, әсіресе поэзиямыздың өркендеп өсуіне Лермонтов жырларының сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Қазіргі орыс совет поэзиясымен қатар Пушкин, Лермонтов жырлары біздің таусылмас жан азығымыз, ақындық шабытымызды қанаттандырып отыратын сарқылмас қазынамыз болды. Терең мағыналы Лермонтов жырларының күшті лебі, әдемі әуезі, қазақ ақындарының әрқашан да көз алдынан кетпейді, еңбекке, шеберлікке, Отанына дамылсыз қызмет етуге шақырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұхтар Әуезов. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар. Алматы, «Санат», 1995. 320 бет.
2. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі.- Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 бет.
3. Ханғали Сүйіншәлиев. «Қазақ Әдебиетінің тарихы».
4. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы [Текст]: Өлеңдермен поэмалар.- Алматы "Көркем әдебиет", 1957.- 368 б. www.abai-inst.kz
5. Лермонтовская энциклопедия. Гл. ред. В. А. Мануйлов.- М.: 'Советская энциклопедия', 1981.- 784 стр. с илл. В надзаг.: Институт русской литературы АН СССР (Пушкинский дом). Научно-редакционный совет издательства.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ИДЕЯСЫН ЖАНДАНДЫРУДАҒЫ ҰЗАҚБАЙ ҚАЗЖАНҰЛЫ МҰРАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Узбекбаева Ж., студент

Ғылыми жетекші: Жеткізгенова Ә.Т.

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Қазақ елінің мемлекет атануына лайықты, тұғырлы туы биікке тігілетін рухы мықты ұлт екенін тарихымыздың бай шежіресі дәлелдеп отырғанына ешкімнің таласы жоқ. Кезінде заманалық тарихи маңызы зор, дүмпуі мықты рухани қозғалыспен ұлттық мемлекетті қалыптастыруға күш салған арыстардың идеялары мен бағдарламалары халық мүддесін батыл қорғайтын нәтижелі ой-пікірлер тұжырымы болған еді. Ұлттық мемлекеттікті қалыптастыруды мақсат етіп, ұлттық-мәдени, саяси-құқықтық салаларға қатысты салауатты ойларын нәтижелі бағдарламалармен берген аяулы арыстардың арманын аяқ асты етпекші боп, намысын таптаған кеңестік сұрқай саясаттың сарсаңға салған сан алуан айла-шарғысының теперіші қаншалықты тегеуірінді болғанымен, елін сүйген есіл ерлердің, Алаштың асыл тұлғаларының айбынын асқақтатар күндердің туғандығын 70 жыл күткен егемендігіміз көрсетті.

Тәуелсіздікті күтіп, көмулі жатқан рухани қазынамыздың қаншамасы әдебиет тарихынан өзіндік орнын алғанша өткелектен өтіп келді.

Қазақ әдебиеті тарихындағы ақын-жыраулар шығармашылығы, олардың рухани әдеби-мәдени мұралар жасаудағы өзіндік қолтаңбалары жайлы бұған дейін бірталай келелі пікірлер айтылғанымен, осы мәселелерді жекелеген ақын-жыраулар әдеби мұраларымен байланыстыра отырып, бүгінгі өскелең ұлттық таным тұрғысынан мейлінше тереңдей зерттеп, ғылыми айналымға түсіруді талап ететін жайлар әдебиеттану ғылымында баршылық.

Сексен жасқа жуық ғұмырының жарымын туған елі Маңғыстаудан жырақта тағдыр талайымен маңдайына жазылған Түркменстан елінде өткізіп, артына мол әдеби мұра

қалдырып кеткен ақын – Ұзақбай Қазжанұлы Әлиев шығармашылығын да осы принцип тұрғысынан тану орынды.

«Ұзақбай жыраудың бізге жеткен шығармаларынан-ақ оның сөзге жүйрік, ойға бай, өмір тәжірибесі мен шежіре-тарихтың сабақтарынан жырымен үлгі-өнеге ұсынатын ойлы да ғибратшыл ақын екенін аңғаруға болады. Жыраудың ақындық шеберлігін, шығармаларының идеялық, тақырыптық мән-маңызын, көркемдік сипаттарын саралағанда, осыған көзіміз жеткендей болды» [1, 13] деп филология ғылымдарының кандидаты Ә.Қабылов атап көрсеткендей, Ұзақбай Қазжанұлы шындығында да өзі сол тұстағы танымал ақындардың бірі ғана емес, бірегейі болатын.

Ұзақбай Қазжанұлының әдеби мұрасы тақырыптық-жанрлық тұрғыдан аса ауқымды. Оның шағын жанрдан бастап, көлемді толғаулар мен дастандар жазуға дейінгі үлкен шығармашылық өсу жолынан өткендігі автордың толғаулары мен арнауларынан, көлемді жырларынан айқын да анық аңғарылады. Өлең-толғаулары, арнау, өлең-хаттарын, насихат сөздері, жоқтау-жұбату, көңіл айтулары, тарихи жыр-дастандары тек бір ғана Ұзақбай Қазжанұлының ақындық болмысын танытып қоймайды, сонымен бірге XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың жетпісінші жылдарына дейінгі ұлттық дәстүрдегі әдеби ахуалымызды терең тани түсуге қызмет етеді.

Ақын шығармалары тек жанрлық жағынан ғана емес, сонымен қатар тақырып аясының кеңдігімен де ерекшеленеді. Бұл тұрғыда ол шығыстық қиссаларды жырлаушы ақындарға да, ілгері-кейінгі айтыскер сөз зергерлеріне, Ақтан, Нұрым, Қашаған, Өмір, Қисықбас, Сәттіғұл, Сүгір сынды көркемсөз шеберлеріне де тақырыпты меңгеруі жағынан ұқсай отырып, өз қолтаңбасымен айрықша өзгешеленеді.

Менің атым - Ұзақбай,
Атағым тегіс жайылды
Қараның ұлы қазаққа-ай.
Тыңдағанға насихат,
Сөзім бар шырын-шараптай...,
Атақ алдым ақындық,
Кіші жүзді аралап.
Тұяғым тайпақ жорғамын,
Жолға салған тағалап.
Алуан түрлі асыл сөз,
Аузымнан өнген балалап.

деп өнерімен еліне қадірі артқан жыр жүйрігі Ұзақбай Қазжанұлы шығармашылығы қазақ әдебиеті тарихында ғылыми тұрғыда арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылған емес.

Дегенмен, ақын мұрасы хақында қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымында сандаған ақын-жыраулар мұрасын ғылыми айналымға түсіруге ықпал еткен белгілі ғалым Қ.Сыдықовтың ғылыми еңбектерінде ақын шығармашылығына қатысты бірсыпыра елеулі пікірлер айтылған. Сондай-ақ, ақын мұрасына қатысты арнайы жазылмағанмен филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Нұрдәулетованың ақын-жыраулар мұраларын жинақтап, мәтіндік талдамасын жасаған, олардың шығармаларындағы түсінігі қиын сөздерге лингво-стистикалық, этимологиялық сипаттама берген «Көне күннің жыр күмбезі» атты еңбегінде қазақ әдеби тілінің даму, қалыптасу тарихындағы тілдік ерекшеліктер, сөз қолданыстар, сөз қиюластырудағы әдіс-тәсілдері генетикалық тұрғыдан зерделенген бірнеше ақын-жыраулар арасында Есмағанбет Мекеұлы өмірбаянында: «Маңғыстаудың көрнекті ақындары Қашаған, Сәттіғұлдың шығармаларын, сонымен бірге, өзінің жырларын жиын-тойларда, үлкен салтанатты астарда айтып, Сүгір, Ұзақбайлармен бірге айтыс, жыр сайыстарына қатысқан» [2,56] деп Ұзақбай Қазжанұлы шығармашылығына қатысты тұстарын да атап кетеді.

Сонымен қатар, ғалымның еңбегіндегі: «Дала жыраулары тудырған өлең, терме, жыр, толғауларды замана көшінен қалдырмай, келер күнге ұластыруда, алдымен, ел ішіндегі шебер орындаушылар мен айбынды жыршы-жыраулардың рөлі үлкен. Абыл, Нұрым, Ақтан, Қашаған, Аралбай, Сәттіғұлдардың, сондай-ақ, Мұрын Сегірібекұлы, Қырықмылтық Қарасай тәрізді айдынды жыршылардың ізін басқан шәкірттері Сүгір, Ұзақбай... тәрізді жырау-жыршылармен жалғасады» деген жолдар арқылы Ұзақбай жыраудың сөз төркінін түсініп, киесін ұғынатын көркем сөз өнері иесі екендігі танылады.

Осы тұста ғалым Б.И.Нұрдаулетованың «Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуальдық бейнесі» атты 2008 жылы «НҰРА-АСТАНА» баспасынан шыққан монграфиялық еңбегінде тіл біліміндегі концепт теориясына қатысты Ұзақбай жырау шығармашылығынан біршама мысалдар алынып, дәйекті пікірлермен тұжырымдалып, жүйелі талданғандығын баса айтқан жөн.

Профессордың осы еңбегінде Ұзақбай Қазжанұлы жыры мәтіндерінен алынған үзінділерде дүниенің жаралу концептісі, «өлім», «мұң», «қайғы», «шынайы адам» концептілері дараланған. Ақынның поэтикалық танымының концептілік құрылымдарда берілуі лингвофилософиялық, лингвопоэтикалық тұрғыдан саралаған.

Сонымен, ақын мұрасының ғылыми айналымға түсуіне аталмыш еңбектің Ұзақбай Қазжанұлы мұрасының поэтикалық тілін танымдық тұрғысынан қарастырғандығын және шартты түрде батыстық жыраулық мектебінің дәстүрін ұстанған деп санауға болатын жиырмадан астам ақын-жыраулар қатарында атай отырып талдағандығын ескере отырып, құндылығы жоғары дүние екендігін айрықша атауға болады.

Ақындық дәстүр мәселесі әдебиеттану ғылымының қай кезеңінде болсын кеңінен зерттеліп жүрген өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, халқымыздың қастерлі сөз өнерінің бастау көздерінің негізі болып саналатын ақындық дәстүрдің қалыптасу даму жолдарына назар аудармайынша біздің ұлттық поэзиямыздың өсу, өркендеу жолын тану мүмкін емес-ті. Ал, сол ақындық поэзияның көсегесін көгерткен ақындарымыз туралы әдебиетіміздің алыбы, ұлы ғұлама М.Әуезов: «Халық поэзиясының таңдаулы үлгілерінің туып таралып және осы уақытқа дейін сақталып жеткені үшін біз осынау ақындарға борыштармыз» [3,69] деген болатын.

Ұзақбай туындыларының жыраулық поэзия мен жыраулық дәстүр секілді ұғымдарға қатысы барлығын жоққа шығара алмаймыз. Өйткені, ақын шығармаларының басым көпшілігі толғау жанрында. Ақынның өзінің алдындағы ұстаз тұтқан Абыл, Ақтан, Нұрым, Қашаған, Сәттіғұл жырларының үлгі-ұстанымы да осыны көрсетеді. Жалпы, жырау тұлғасы қазақ әдебиеті тарихынан лайықты орын иеленіп, «жырау», «жыраулық дәстүр» мәселелері де ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттеліп, зерделенгені мәлім. Атап айтқанда Е.Ысмайловтың, Ә.Дербісәлиннің, Р.Бердібаевтың, М.Мағауинның, С.Қасқабасовтың, Е.Тұрсыновтың, Қ.Сыдықовтың, Б.Әбілқасымовтың т.б. әдебиетші ғалымдардың еңбектерінде жырауға қатысты тың тұжырымдар мен орынды ой-пікірлер жетерлік.

Ұзақбай ақындық атағына қоса, жыршылық, жыраулық үрдістерді де игерген.

Осындай өшпес дәстүрлі желістің мол бір саласы – саралы да сабақты ойлар желісін тізбектеген абыз жыраулар қалдырған терең ойлы толғаулар, арнаулар, ерлік эпикалық жырлар, жыраулық дәстүрді жаңарта, жаңғырта жалғастырған ақын-жыраулардың поэзиялық шығармалары еді.

Әдебиет тарихын зерттеуші белгілі ғалым Х.Сүйіншәлиев қазақтың авторлы әдебиетінің жырау-шешендер мен төкпе ақындар шығармашылығының өркендеуіне байланысты екендігін айта келіп: «Жыраулар сөз өнерінің ілкі авторлары, ақындыққа жол ашқан асыл сөз шеберлері, халықтың шешендікпен ұштасқан ойлы-сырлы толғау, арнау, термелер мен эпостық жырлардың бастау бұлақтары.

Жыраулар поэзиясының нағыз мұрагерлері – төкпе ақындар. Олар жыраулардың көркем сөз үлгілерін, поэтикалық тіл түрлерін, образ, сурет құралдарын түгел дерлік меңгеріп, өз туындыларына негіз етті» [4,77] деп, жыраулар поэзиясы мен ақындық дәстүр арасындағы жалғастық шеруін ашып көрсетеді.

Ұзақбай шығармашылығындағы ақындық дәстүр мәселесін сөз еткенде, алдымен оның туындыларындағы көркемдік ерекшеліктер көрсетілуі тиіс.

Ұзақбай – ойы кестелі, сөзі өрнекті ақын. «Қайнаған тілмен қазаным, қайнарлы қара бұлақпын» деп ақын айналадағы құбылыстар мен жайттарды жырына қосарда психологиялық дайындықпен кіріспе сөз арқылы тыңдаушысын дайындап алуы да оның ақындық шеберлігінің даралығын айқындап тұрғандай.

Өлеңдеріндегі тіл шешендігі, теңеулер мен нақыл сөздерге байлығын мысалдарынан көптеп кездестіруге болады.

Мұндай өлеңдерінің кейбір жолдары мақал-мәтелге сұранып тұрған, бұл ерекшелік әсіресе, толғау түрінде келетін өлеңдерінде жиі ұшырасады.

Өлең құрылысы жағынан шығармаларының көбі 7-8, 10-11 буынды жыр өлең сарынымен жазылған. Ақын-жыраулардың көбіне ортақ шұбыртпалы немесе кезекті ұйқас түрі Ұзақбай шығармаларында кең орын алған.

Ақын шығармаларында эпитет, теңеу, әсірелеу, айқындау, қайталау, салыстыру, метафора секілді суреттеу құралдары мол кездеседі.

Ғалым С.Негимов ақын-жыраулар поэзиясындағы көркемдік дәстүр мен эстетикалық ойлау табиғатын саралаған еңбегінде: «Поэзияның өзі негізінен қайталаулардан тұрады десек те болады. Бұл амал-тәсіл өлең эвфониясы үшін қызмет етеді, интонациялық екпінін күшейтеді. Қайталаулардың барлық түрлерін, әсіресе, халық ақындары көркемдік мақсат үшін кеңінен пайдаланады» [5,103] деп бұл тәсілдің ақындар шығармаларындағы атқаратын рөлінің ерекшелігіне аса зер салған болатын.

Ел тарихындағы белгілі тұлғалар, би-шешендер, сыйлы ақсақалдар, олардың еліне сіңірген өлшеусіз еңбектері, өнегелі істері турасында ақын-жыраулар шығармаларында аз жырланбаған.

Осы дәстүр Ұ.Қазжанұлы туындыларында жалғастық таба білді.

Ақын өлеңдерінің негізгі идеясы – пайдалы іске ұмтылу, адалдықты ардақ тұту, адамгершілік мәселесі және оның осы елдік, имандылық тақырыпты шығармаларының қай-қайсысы да мұсылман діні шежіресі мысалдарымен тұтаса жырланған.

Ақынның шығармаларында тірі пендеде болатын сан қилы мінез-құлықтар, биік кісілік қасиеттер, мұсылман дінінің имандылық негіздерімен салыстырыла, дәлелдене асқан шеберлікпен жырланған.

Ақын өлеңдерінің негізгі идеясы – пайдалы іске ұмтылу, адалдықты ардақ тұту, адамгершілік мәселесі.

Оның насихат тақырыбындағы шығармалары бастан-аяқ діни мысалдар өте бай жинақталған, туынды мұсылман діні шежіресінің нақты деректеріне сүйене жазылған. Автор толғанысқа толы жырларында адамгершілік, имандылық, әдептілік мәселелерін қозғайды. Өсиет, үгіт-насихат түрінде берілген толғауда ата-анаға бала мейірімі, адамдар арасындағы шынайы сыйластық қарым-қатынас, жанұя жарастығы, татулық, туысқандық сезімдер, тәрбие маңызы сөз болады.

Ақынның насихат жырларында қазақтардың дүние, тіршілік туралы таным-түсінігі, жақсы-жаманның ара жігі жайында түсінік ұғымдар жеріне жеткізіле көрініс тапқан. Жақсы әйел, тәрбиелі ұл, көргенді қыз, келін, бай, батыр, кедей, т.б бойында қандай қасиеттер болуы керектігі осы насихат өлеңдерде көрінеді. Мұнда үлгілі қасиет-мінездер мырзалық, мейірімділік, ұқыптылық, т.б. мадақталып, ал жаман, зиянды, жиіркенішті құлық- әрекеттер ұрлық, өтірікшілік, кекшілдік, тасжүректік, сарандық, қонақты күтпеушілік, т.б. сыналып, сақтандырылады. Насихат жырларында қазақтың имандылық пен ізгілік туралы барша таным-түсінігі алақанға салғандай анық көрініс тапқан.

Міне, осы аталған халықтық жанрдың дәстүрлі тақырыбын өз шығармасына арқау еткен ақындардың бірі Ұзақбай Қазжанұлы болса, ол өлке тарихын, ата-баба тарихын жақсы білетін шежірешілігімен қоса, ислам тарихының да білгірі болған. Ақынның Құран, «Қисса-сул-Әнбия» ізімен жазылған инабаттылық, парасаттылық, имандылық жайындағы

діни ұғым араласқан «Өткен пайғамбар, шайхылар туралы», «Әнестен бергі тарихтан» атты дін тарихынан, пайғамбарлар қауымынан, ата тегі шежіресінен мол білімін аңғартатын шығармалары 7-8 буынды жыр үлгісінде өрнектелген.

Ақынның насихат сөздеріне жататын «Тәубе», «Өмірдің баяны», «Жолдас болмас бұл пәни», «Бұ дүниенің мысалы» туындылары өсиет-нақылдық мазмұнмен жазылған өлеңдер. Аталған шығармаларында ақын бұл дүниедегі қозғалыстардың, қасиеттердің бәріне де мұсылмандық-ағартушылық танымымен баға береді.

Ақынның насихат өлеңдеріндегі дидактикалық-ғибраттық ақыл-кеңестердің арнасында көптеген гуманистік мұраттар жырланады. Ол пәни мен бақи аралығындағы тіршілік кезеңін мағыналы, адами қалыптан ауытқымай өткізуді уағыздайды.

Менің айтқан өсиетім:

Қарсы болмаң заманға,

Әуес болмаң арамға

Жолдас болмаң жаманға

деп, заман сырын пайымдаған ойлы жырлары өзіндік мақам құраған.

Халық ақындарының діни-ағартушылық бағыттағы шығармаларындағы имандылық, шарият мәселелерінің жырлану бағыты турасында ғалым Т.Тебегенов: «Мұсылмандық парыздарды орындауға шақыратын үгіттік-насихат өлеңдерінде фәнилік және бақилық дүние жалғастығына қатысты адамгершілік-имандылық тәрбиесіне байланысты уағыздар жырланады» [6,87] деп ой түйіндеген болатын.

Ұзақбайдың бұл туындыларын – мұсылман діні туралы тарихи әдеби шығарма деуге болады.

Жалпы ақын шығармаларын шағын мақала көлемінде саралап шектеуге келмейтін, ауқымы мол әдеби мол мұра деуге болады.

Ұзақбай Қазжанұлының бүгінгі күнге жеткен осы әдеби мұралары оның өзіне дейінгі ақындық дәстүрлерден, атап айтқанда ауыз әдебиетінің үлгілерінен, ақын-жыраулар шығармашылығынан, кітаби ақындардың мұраларынан тәлім-тәрбие алып, шығармашылық шеберлігін шыңдаған, өзі өмір сүрген кезеңдегі қоғамда болған өзгерістерге, жаңа өмірдің жаңалықтарына дер кезінде үн қосып, шығармаларында шебер бейнелей білген, барлық туындыларында да көркемдік ізденістерге барып, қазақ әдебиеті тарихына өзіндік қолтаңбасын қалдырған өрелі ақын болғандығын дәлелдейді.

Рухани жаңғыру идеясын жандандырудағы Ұзақбай Қазжанұлы мұрасының маңызы – ақын мұраларындағы ұлтжандылық қасиеттің биіктігі мен ұлттық сананың беріктігін көрсететін идеологиялық мәні зор шығармалары тақырыптық жағынан молдығымен көрінеді. Осы бағытта жасалған іс-шаралардың нәтижелі көрінісін – Ұзақбай Қазжанұлының ұлт игілігіне қызмет етуі тиіс баға жетпес озық ойлы туындыларының жинақталуына, зерттелуіне зерттеушілер тарапынан ақын аманатына адалдық танытылып, ұрпақтар жадына жаңғыртыла зерделенуі деп қабылдаған жөн.

Қазіргі таңда рухани жаңғыру идеясының басты көрсеткіші – ұлттық дәстүрлердің салтанатты көш түзуі мен әдеби-мәдени мұраларымыздың кең көлемде насихатталуына негіз болатындығымен ерекшеленбек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚабыловӘ.Ұзақбай жырау мұрасы. //Ноғайлы жырлары және Мұрын жырау феномені// (халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы) Ақтау, 2014. -383 б.
2. Нұрдәулетова Б.Көне күннің жыр күмбезі. –Алматы: Жазушы. 2007. –496 б.
3. Әуезов М.Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т-17. – Алматы: Жазушы, 1985. –400 б.
4. Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. –Алматы: Мектеп, 1989. –290 б.

5. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика. — Алматы: Ғылым, 2013. — 380 б.
6. Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. — Алматы: Білім. 2001. — 332 б.

ИНКЛЮЗИВ В ОБРАЗОВАНИИ. ОБУЧЕНИЕ ДЕТЕЙ С СИНДРОМОМ АУТИЗМА

Макарова В.В., магистрант

Научный руководитель: Аренова А.Х.

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга
им. Ш. Есенова, г. Актау

Аннотация. В статье рассматривается значение творческого наследия Узакбая Казжанулы в идее духовного возрождения, одного из выдающихся поэтов из Мангистауской области.

Инклюзивное образование - это совместное обучение и воспитание детей с ограниченными возможностями здоровья (ОВЗ) и детей, не имеющих таких ограничений.

Инклюзивное (французское слово *inclusif* — включающий в себя, от латинского *include* — заключаю, включаю) или включенное образование — термин, используемый для описания процесса обучения детей с особыми потребностями в общеобразовательных (массовых) школах.

Инклюзивное образование — это совместное обучение и воспитание детей с ограниченными возможностями здоровья (ОВЗ) и детей, не имеющих таких ограничений.

Существует восемь принципов инклюзивного образования:

- ценность человека не зависит от его способностей и достижений;
- каждый человек способен чувствовать и думать;
- каждый человек имеет право на общение и на то, чтобы быть услышанным;
- все люди нуждаются друг в друге;
- подлинное образование может осуществляться только в контексте реальных взаимоотношений;
- все люди нуждаются в поддержке и дружбе ровесников;
- для всех обучающихся достижение прогресса скорее может быть в том, что они могут делать, чем в том, что не могут;
- разнообразие усиливает все стороны жизни человека.

При инклюзивном обучении дети с особыми образовательными потребностями обучаются в классе вместе с обычными детьми.

Люди с аутизмом нуждаются в специальной образовательной поддержке с раннего возраста и на протяжении всей жизни, при этом правильно организованный школьный период образования является решающим условием дальнейшего социального развития ребенка.

